



Посольство
Великобритании
Астана



LPRC ҚҰҚЫҚТЫҚ САЯСАТТЫ
ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ

ЗАҢГЕРЛІК ҚОРЫТЫНДЫ

**Қазақстан Республикасы заңнамасының кәсіпкерлік
қызмет көрінісінде адам құқықтарының әлеуметтік-
экономикалық қағидаларға сәйкес келуі сұрақтары
бойынша**

Алматы, 2013



ЗАҢГЕРЛІК ҚОРЫТЫНДЫ
Қазақстан Республикасы заңнамасының кәсіпкерлік қызмет көрінісінде адам құқықтарының әлеуметтік-экономикалық қағидаларға сәйкес келуі сұрақтары бойынша - Алматы, 2013.



Посольство
Великобритании
Астана

Осы сарапшылық қорытынды Қазақстанда Ұлыбританияның елшілігі қаржылық қолдауымен дайындалған. Жариялаудың материалдары Қазақстанда Ұлыбританияның елшілігі ресми пікірлерді міндетті емес бейнелеп көрсетеді.

© Құқықтық саясатты зерттеу орталы, 2013

ЗАҢГЕРЛІК ҚОРЫТЫНДЫ
Қазақстан Республикасы заңнамасының кәсіпкерлік қызмет көрінісінде адам құқықтарының әлеуметтік-экономикалық қағидаларға сәйкес келуі сұрақтары бойынша¹

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Құрастырушылар туралы

Осы Заңгерлік қорытынды **Маманмен** 2012 жылдың 18 қыркүйегінде Құқықтық саясатты зерттеу орталығымен (**Тапсырыс беруші**) берілген №01 Жұмыстық тапсырма (**№01 Жұмыстық тапсырма**) негізінде дайындалған.

Осы Заңгерлік қорытындыда Қазақстан Республикасы заңнамасының адам құқықтарының әлеуметтік-экономикалық қағидаларына сәйкес келуі бойынша құқықтық талдау көрсетілген.

Осы қорытынды маманның жеке пікірі болып табылады, ол басқа тұлғалардың пікірімен сәйкес келмеуі мүмкін.

2. Бастапқы ақпарат

Маманға ұсынылған ақпаратқа сәйкес, Тапсырыс беруші құқықтық саясат саласында ғылыми-зерттеу, баспа және білім беру қызметтерін жүзеге асыру арқылы құқықтың ұлықтылығының және либералдық құндылықтардың қағидаларын дамытуда ат салысатын талдау жүргізетін ұйым болып табылады.

Қазақстан Республикасы (**ары қарай – «ҚР»**) Экономикалық серіктестік және даму Ұйымының (**ары қарай - «ЭСДҰ»**) төрт комитетінде (Инвестициялар бойынша комитет, Білім беру саласындағы саясат бойынша комитет, Ауыл шаруашылығы бойынша комитет және Өнеркәсіп, жаңартпалар және кәсіпкерлік бойынша комитет) тұрақты бақылаушы мәртебесін алуға ұмтылады, бұл мемлекеттің тиімді экономикалық саясатын дайындау және жүзеге асыру мүмкіндігін ұсынады.

ЭСДҰ басым бағыттарының бірі кәсіпорындардың (әсіресе кен өндіру саласында) жауапты іс жүргізуі болып табылады. Сонымен қатар ЭСДҰ үйлесімділік, айқындылық және кемсітушіліктің жоқ болуы қағидаларын ұстануды ұсынады. Қазақстанға, ЭСДҰ пікірі бойынша, сот жүйесінің тәуелсіздікті деңгейін жоғарылату керек, мемлекеттік сатып алулар жүйесінің ашықтығын арттыру керек, кәсіпкерлік қызмет саласында адам құқықтарын қорғау сұрағына басты назар аудару керек.

Кез келген экономикалық саясат, соның ішінде дағдарысқа қарсы саясат мемлекет ішінде қаржыны үйлестірумен байанысты үлкен зардаптарға әкеледі және, сәйкесінше, азаматтардың әлеуметтік-экономикалық құқықтарының бұзылуына себепші болуы мүмкін. Белгілі болғандай, бұрынғы экономикалық дағдарыстар қоғамның ең аз қорғалған топтарында айрықша ауыр әсер етті және олардың табиғи құқықтарының бұзылуына әкелді.

Жалғасып жатқан қаржы дағдарысы және экономикалық құлдырау экономиканың басқарылуын жетілдіруге, номативтік құқықтық актілердің кемшіліктерін жоюға және орын алған жағдайдан шығу үшін іс-шараларды анықтауға әрекет жасап жатқан мемлекеттік органдар мен кәсіпкерлердің алаңдаушылығын тудыратын басты мәселелер болып

¹ Осы сарапшылық қорытынды Қазақстанда Ұлыбританияның елшілігі қаржылық қолдауымен дайындалған. Жариялаудың материалдары Қазақстанда Ұлыбританияның елшілігі ресми пікірлерді міндетті емес бейнелеп көрсетеді.

табылады.

Пайдалы ғаламдық экономиканы қалпына келтіру мемлекетке қаржы нарықтарын реттеуші рөлін қайтаруды талап етеді. Осыған толықтыру ретінде ғаламдық экономикалық дағдарыспен байланысты сыртқы әсерлердің жағымсыз әсері үкіметке оған тиесілі ұлттық және ғаламдық деңгейдегі ұжымдық әрекеттердің ұйымдастырушы рөлін қайтару арқылы жойылуы мүмкін.²

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың "Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты" атты Қазақстан халқына жолдауында (27 қаңтар 2012 ж.) жақындағы онжылдыққа арналған мемлекеттің даму бағыты көрсетілген. Қазіргі уақытта дүние жүзінде экономиканың дамуы мен қоғамдық игіліктерді қамтамасыз ету арасындағы теңгерім әлеуметтік-экономикалық жаңғыртудың негізгі сұрағы болып табылады, бұл адам құқықтарының қорғалуын қамтамасыз етудегі құқықтық саясатымен тікелей байланысты.

Бүгінде плюрализм фактісіне, сонымен қатар адалдық пен тәртіптің адами бастамалардың қажеттілігі қағидаларына жауап беретін негізгі норма рөліне жалғыз үміткер адамның жағымды құқықтары болып табылады. Адамның құқықтары саяси және экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтардың әмбебап жиынтығын құрады. Оларды бұзу олардың талаптарының бірегейлігін маңыздылыққа қарсылық білдіретін дәлелге зор маңыз бермейді.³

Әлеуметтік әділетсіздік негізінен үкімет әлеуметтік және экономикалық құқықтардың шектерін анықтап, осы құқықтардың түрі мен жанама түрде қорғалатын негізгі құқықтар арасында орын алатын байланысты назарға алмаған кезде туындайды; бұл жағдайда осындай шектерді анықтау үрдісінде сәйкес негізгі құқықтарды қорғау талаптарынан басқа факторлар - ең алдымен мәдениетсіздік, сонымен қатар жеке, топтық, санатты және т.б. мүдделер араласады. Немесе әлеуметтік және экономикалық қатынастардың орнатылуын және әрекет етуін белгілейтін заңдар, мысалы, салық заңдары, азаматтық кодекс және тар шеңбердегі басқа актілер мен заңдар құқықтардың түрі мен жанама түрде қорғалатын негізгі құқықтар арасында орын алатын байланысты назарға алмай анықталған жағдайда, яғни берілген елдегі жағдайлар кезінде осы құқықтар үшін алдын ала болжанатын зардаптарды ескермей анықталған жағдайда туындауы мүмкін.⁴

Кәсіпкерлік қызмет өндірістік факторларды тауарларға немесе қызметтерге түрлендіру арқасында көптеген мүмкіндіктерді ұсынады, бұл экономикалық дамуға септігін тигізеді. Алайда кәсіпкерлікті ынталандыратын құрылымдар жиі адам құқықтарын жүзеге асыруға зиян келтіретін шешімдерге алып келеді.

Осыған байланысты өзінің 17/4 шешімінде **Адам құқықтары жөніндегі Кеңес Адам құқықтары көрінісіндегі кәсіпкерлік қызметтің жетекші қағидаларын мақұлдады.** Бүгінде Жетекші қағидалар кәсіпкерлік қызметтің адам құқықтарына бағытталған теріс ықпалдардың алдын алуы және оларға жол бермеуге бағытталған көпшілік мойындаған нормаға айналды.

2005 ж. Адам құқықтары жөніндегі Комитеттің өтініші бойынша Бас хатшы проф. **Джон Руггиді** (John Ruggie) адам құқықтарына қатысты кәсіпорынның жауапкершілігі мен есептілігінің стандарттарын анықтау және түсіндіру және осы байланыста мемлекет рөлі туралы сұрақты талқылау мандатын бере отырып, өзінің **Адам құқықтары туралы және ұлт**

² Өтінеміз, Стиглиц баяндамасын қараңыз. Халықаралық валюталық-қаржылық жүйелер реформасы туралы: ғаламдық дағдарыс сабақтары. БҰҰ қаржылық мамандар Комиссиясының баяндамасы (Мәскеу, 2010), 60 б.

³ Өтінеміз, толығырақ Х.Й. Зандкюлер баяндамасын қараңыз, *Демократия, құқықтың жалпыға ортақтығы және шынайы плюрализм*, Философия сұрақтары (1999, 2), 49 б.

⁴ Өтінеміз, И. Кучуради еңбегін қараңыз, *Әділеттілік – әлеуметтік және ғаламдық*, Философия сұрақтары (2003, 2), 23 б.

аралық компаниялар мен басқа кәсіпорындар туралы сұрақтар бойынша Арнайы өкілі ретінде тағайындады.

Жоғарыда айтылған жағдайларды ескеріп, Тапсырыс беруші Маман алдында қазақстандық заңнама нормаларының адамның әлеуметтік-экономикалық құқықтарының негіздеріне, атап айтсақ, Джон Ругги баяндамасында (21 наурыз 2011 ж.) айтылған ережелерге (ары қарай - «**Ругги қағидалары**») сәйкес келуі бойынша құқықтық талдау жүргізу тапсырмасын қойды.

3. Ұсынылған құжаттар

Заңгерлік қорытындыны дайындау үшін Маманға келесі құжаттар (көшірмелер) ұсынылды:

Адам құқықтары туралы және ұлт аралық компаниялар мен басқа кәсіпорындар туралы сұрақтар жөніндегі Бас Хатшының Арнайы өкілі Джон Руггидің баяндамасы (21 наурыз 2011 ж.).

4. Қазақстан Республикасының қолданылған нормативтік құқықтық актілері

Заңгерлік қорытындыны дайындау үшін Маман Қазақстан Республикасының келесі нормативтік актілерін пайдаланды:

- 1) 1995 жылдың 30 тамызындағы Қазақстан Республикасының Конституциясы, өзгерістер мен толықтырулармен бірге (**ҚР Конституциясы**);
- 2) 2000 жылдың 25 желтоқсанындағы "Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы" №132 Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы (**Сот жүйесі туралы Конституциялық заң**);
- 3) 1994 жылдың 27 желтоқсандағы және 1999 жылдың 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (Жалпы және ерекше бөлімдер), өзгерістер мен толықтырулармен бірге (**Азаматтық кодекс, ҚР АК**);
- 4) 2007 жылдың 15 мамырындағы №251-III Қазақстан Республикасының еңбек кодексі, өзгерістер мен толықтырулармен бірге (**ҚР ЕК**);
- 5) 2008 жылдың 10 желтоқсанындағы №99-V Қазақстан Республикасының салық кодексі, өзгерістер мен толықтырулармен бірге (**ҚР СК**);
- 6) 1999 жылдың 13 шілдесіндегі №411-I Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу кодексі, өзгерістер мен толықтырулармен бірге (**ҚР АІК**);
- 7) 1997 жылдың 13 желтоқсанындағы №207 Қазақстан Республикасының қылмыстық- іс жүргізу кодексі, өзгерістер мен толықтырулармен бірге (**ҚР ҚІК**);
- 8) 2009 жылдың 18 қыркүйегіндегі №193-IV Халық денсаулығы және денсаулық сақтау туралы Қазақстан Республикасының кодексі, өзгерістер мен толықтырулармен бірге (**Халық денсаулығы туралы кодекс**);
- 9) 2007 жылдың 9 қаңтарындағы №212-III ҚРЗ Қазақстан Республикасының экологиялық кодексі (**ҚР ЭК, Экологиялық кодекс**);
- 10) 2001 жылдың 30 қаңтарындағы №155-II "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының кодексі (**ӘҚК**);

- 11) 1997 жылдың 16 шілдесіндегі Қазақстан Республикасының қылмыстық Кодексі (**ҚР ҚК**);
- 12) 1998 жылдың 24 наурызындағы №213-І "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының заңы, өзгерістер мен толықтырулармен бірге (**НҚА туралы заң**);
- 13) 1999 жылдың 23 шілдесіндегі №453-І "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының заңы (**Мемлекеттік қызмет туралы заң**);
- 14) 2007 жылдың 12 қаңтарындағы №221-ІІІ ҚРЗ "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының заңы, өзгерістер мен толықтырулармен бірге (**Өтініштерді қарау тәртібі туралы заң**);
- 15) 2011 жылдың 28 қаңтарындағы №101-ІV "Медиация туралы" Қазақстан Республикасының заңы (**Медиация туралы заң**);
- 16) 1999 жылдың 15 наурызындағы №349-І "Мемлекеттік құпиялар туралы" Қазақстан Республикасының заңы (**Мемлекеттік құпиялар туралы заң**);
- 17) 2007 жылдың 11 қаңтарындағы № 217-ІІІ ҚРЗ "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының заңы (**Ақпараттандыру туралы заң**);
- 18) 2002 жылдың 3 сәуіріндегі №314-ІІ "Қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы" Қазақстан Республикасының заңы (**Өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы заң**);
- 19) 1998 жылдың 23 сәуіріндегі № 219-І "Халықтың радиациялық қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының заңы (**Радиациялық қауіпсіздік туралы заң**);
- 20) 1997 жылдың 14 сәуіріндегі №93-І "Атом энергиясын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының заңы (**Атом энергиясын пайдалану туралы заң**);
- 21) 2010 жылдың 15 қарашасындағы №352-ІV "Биоотын өндірісін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының заңы (**Биоотын туралы заң**);
- 22) 2007 жылдың 12 қаңтарындағы №221-ІІІ ҚРЗ "Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы" Қазақстан Республикасының заңы (**Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заң**);
- 23) 2007 жылдың 21 шілдесіндегі №306-ІІІ Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы Қазақстан Республикасының заңы, өзгерістер мен толықтырулармен бірге (**Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы заң**);
- 24) 2007 жылдың 11 қаңтарындағы №214-ІІІ ҚРЗ «Лицензиялау туралы» Қазақстан Республикасының заңы (**Лицензиялау туралы заң**);
- 25) 2012 жылдың 10 шілдесіндегі жағдай бойынша 2004 жылдың 09 қарашасындағы №603-ІІ ҚРЗ «Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасының заңы (**Техникалық реттеу туралы заң**);
- 26) 2012 жылдың 10 шілдесіндегі жағдай бойынша 2008 жылдың 25 желтоқсанындағы № 112-ІV ҚРЗ «Бәсекелестік туралы» Қазақстан Республикасының заңы (**Бәсекелестік туралы заң**);

- 27) 2012 жылдың 10 шілдесіндегі жағдай бойынша 1998 жылдың 09 шілдесіндегі №272-I «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Қазақстан Республикасының заңы (**Реттелетін нарықтар туралы заң**);
- 28) 2012 жылдың 05 шілдесіндегі жағдай бойынша 2003 жылдың 02 шілдесіндегі №461-II «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының заңы (**Бағалы қағаздар нарығы туралы заң**);
- 29) 2006 жылдың 31 қаңтарындағы №124-III «Жеке кәсіпкерлік туралы» Қазақстан Республикасының заңы, өзгерістер мен толықтырулармен бірге (**Жеке кәсіпкерлік туралы заң**);
- 30) 2001 жылдың 23 ақпанындағы №149-II «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының заңы, өзгерістер мен толықтырулармен бірге (**Халықты жұмыспен қамту туралы заң**);
- 31) 2003 жылдың 8 ақпанындағы №387-II «Төтенше жағдай туралы» Қазақстан Республикасының заңы, өзгерістер мен толықтырулармен бірге (**Төтенше жағдай туралы заң**);
- 32) 2012 жылдың 10 шілдесіндегі жағдай бойынша 2011 жылдың 22 шілдесіндегі № 477-IV ҚРЗ «халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының заңы (**Халықтың көші-қоны туралы заң**);
- 33) 1993 жылдың 09 сәуіріндегі №2107-XII «Кәсіптік одақтар туралы» Қазақстан Республикасының заңы (2009 ж. 29 сәуіріндегі жағдай бойынша өзгертулер енгізілген) (**Кәсіптік одақтар туралы заң**);
- 34) 1998 жылдың 22 сәуіріндегі №220-I «Жауапкершілік шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының заңы (2012 ж. 12 қаңтарындағы жағдай бойынша өзгертулер енгізілген) (**ЖШС туралы заң**);
- 35) 2003 жылдың 13 мамырындағы №415-II «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңы (05.07.2012 ж. жағдай бойынша өзгертулер енгізілген) (**АО туралы заң**);
- 36) 2004 жылдың 07 шілдесіндегі №576-II «Инвестициялық қорлар туралы» Қазақстан Республикасының заңы (**Инвестициялық қорлар туралы заң**);
- 37) 2005 жылдың 07 ақпанындағы №30-III ҚРЗ «Қызметкер еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде қызметкерді төтенше жағдайлардан міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының заңы, өзгерістер мен толықтырулармен бірге (**Қызметкерді төтенше жағдайлардан міндетті сақтандыру туралы заң**);
- 38) 2003 жылдың 25 сәуіріндегі №405-II «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының заңы, өзгерістер мен толықтырулармен бірге (**Әлеуметтік сақтандыру туралы заң**);
- 39) 2001 жылдың 19 қаңтарындағы №143-II «Астық туралы» Қазақстан Республикасының заңы (**Астық туралы заң**);
- 40) 2010 жылдың 24 шілдесіндегі № 291-IV ҚРЗ «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының заңы, өзгерістер мен толықтырулармен бірге (**Жер қойнауын пайдалану туралы заң**);
- 41) «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған

құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы №858 Жарлығы (**2020 ж. дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасы**);

- 42) «2016 жылға дейінгі ақпараттық қауіпсіздік тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 14 қарашадағы №174 Жарлығы (**2020 ж. дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасы**);
- 43) «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 19 наурыздағы №1042 Жарлығы (**Адам құқықтары жөніндегі комиссия туралы жарлық**);
- 44) «Адам құқықтары жөніндегі Уәкіл лауазымын белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 19 қыркүйектегі №947 Жарлығы (**Адам құқықтары бойынша Уәкіл туралы ережелер**);
- 45) «Адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 29 қарашадағы №1474 Жарлығы (**Адам құқықтарын қорғау жүйелерін одан әрі жетілдіру туралы жарлық**);
- 46) «Қазақстан Республикасы Конституциясының 14 бабының 1 және 2 тармақтарын, 24 бабының 2 тармағын, 77 бабының 3 тармағының 5) тармақшасын ресми түсіндіру туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 1999 жылғы 10 наурыздағы № 2/2 қаулысы (**ҚР Конституциялық Кеңесінің 1999 жылғы 10 наурыздағы № 2/2 қаулысы**);
- 47) «Қазақстан Республикасы Конституциясының 61 бабының 7 тармағын және 28 бабының 1 тармағын ресми түсіндіру туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 1999 жылғы 12 наурыздағы № 3/2 қаулысы (**ҚР Конституциялық Кеңесінің 1999 жылғы 12 наурыздағы № 3/2 қаулысы**);
- 48) «Қазақстан Республикасы Конституциясының 10 және 12 баптарын ресми түсіндіру туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2003 жылғы 01 желтоқсандағы № 12 қаулысы (**ҚР Конституциялық Кеңесінің 2003 жылғы 01 желтоқсандағы № 12 қаулысы**);
- 49) «Қазақстан Республикасы Конституциясының 5 бабының 4 тармағын ресми түсіндіру туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2000 жылғы 07 маусымдағы № 4/2 қаулысы (**ҚР Конституциялық Кеңесінің 2000 жылғы 07 маусымдағы № 4/2 қаулысы**);
- 50) «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне прокурорлық қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкес келуі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2002 жылғы 5 тамыздағы №5 қаулысы (27.04.2011 ж. енгізілген өзгерістермен) (**ҚР Конституциялық Кеңесінің 2002 жылғы 5 тамыздағы №5 қаулысы**);
- 51) «Соттардың моральдық зиянды өтеу туралы заңнаманы қолдану туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2001 д. 21 маусымдағы №3 нормативтік қаулысы (**ҚР Жоғарғы Сотының 2001 д. 21 маусымдағы №3 нормативтік қаулысы**);
- 52) «Қазақстан Республикасы бәсекелестікті қорғау бойынша агенттік (Монополияға

қарсы агенттік) сұрақтары» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 ақпандағы №141 қаулысы **(2008 жылғы 15 ақпандағы №141 қаулы)**;

- 53) «Халықаралық гуманитарлық құқық пен адам құқықтары бойынша халықаралық шарттар жөніндегі Ведомствоаралық комиссия құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 9 желтоқсандағы №1251 қаулысы **(2003 жылғы 9 желтоқсандағы №1251 қаулы)**;
- 54) «Өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша міндетті мерзімдік аттестаттау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 5 желтоқсандағы №1457 қаулысы (01.06.2012 ж. енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен) **(2011 жылғы 5 желтоқсандағы №1457 қаулы)**;
- 55) «Қызметкерлердің еңбегінің қауіпсіздігі және оны қорғау сұрақтары бойынша оқытуды, нұсқаулық беруді және білім тексерістерін жүргізу Ережелерін және мерзімдерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 28 қазандағы № 1225 қаулысы (01.06.2012 ж. енгізілген өзгерістермен) **(2011 жылғы 28 қазандағы № 1225 қаулысы)**;
- 56) «Сәйкес өкілетті органдармен еңбекті қорғау және оның қауіпсіздігі саласында нормативтік құқықтық актілерді қабылдау ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 21 тамыздағы 721 қаулысы **(2007 жылғы 21 тамыздағы 721 қаулы)**;
- 57) «Еңбекті қорғау және оның қауіпсіздігі саласында ақпаратты ұсыну және мемлекеттік статистиканы жүргізу ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 21 тамыздағы 720 қаулысы **(2007 жылғы 21 тамыздағы 720 қаулы)**;
- 58) «Темекі және темекі бұйымдарын өндірушілердің және импорттаушылардың есептерлі ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 22 қарашадағы №1368 қаулысы **(2011 жылғы 22 қарашадағы №1368 қаулы)**.

II. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢНАМАЛЫҚ НОРМАЛАРЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУҒА МІНДЕТТЕЙТІН ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАҒИДАЛАРҒА СӘЙКЕС КЕЛУІ

Осы Қорытындының II бөлімінде ҚР заңнамасының ережелерінің мемлекетті адам құқықтарын қорғауға міндеттейтін әлеуметтік-экономикалық қағидаларға сәйкес келуіне жүргізілген құқықтық талдау көрсетілген.

1. Жалпы ережелер

Қазақстан, Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіні (Нью-Йорк, 16 желтоқсан 1966 ж.) бекітіп, өзіне Пактіде қабылданған құқықтарды барлық тиісті әдістермен, соның ішінде заңнамалық іс-шараларды қабылдау арқылы (2005 жылғы 21 қарашадағы № 87-III ҚР заңы, ҚР үшін 2006 ж. 24 сәуірде күшіне енді) жүзеге асыру бойынша міндеттерді қабылдайды.

Ғаламдық экономикалық дағдарысқа байланысты мемлекет өзіне ел экономикасында орын алған жағдайдан шығу бойынша жауапкершілікті жүктейді. ҚР-да қаржы саласын реттеудің, мемлекеттің қаржылық тұрақсыздық қауіптеріне жүйелік және жылдам әсер етудің қосымша тетіктері, бюджеттік үнемдеу іс-шаралары енгізілді, кәсіпорын қызметін бақылау бойынша талаптар жоғарылатылды, әкімшілдендіру деңгейін жоғарылату бойынша іс-шаралар жүргізілді және т.б.

Тоқырау кезеңінде кез келген мемлекет әдетте өзінің араласу аймағын кеңейтетіндігін айтып өткен жөн. Және осы кезең аяқталғаннан кейін ол өзінің өкілеттіктерінің шеңберін қайтадан кішірейтеді, бірақ дағдарысқа дейінгі деңгейге оралмайды. Экономикалық дағдарыстар мемлекеттік араласу көлемінің уақытша және тұрақты артуына себепші болады. Осылайша, мемлекет кәсіпкерлермен бәсекеге қабілеттікті сақтауға ұмтылу кезінде жиі ескерілмейтін және қысым жасалынатын адамның әлеуметтік-экономикалық құқықтарын сақтау және қорғау әрекеттерін қадағалау бойынша қосымша мүмкіндіктерді иеленеді. Алайда бұл жағдайда мемлекетпен жеке бизнес субъектілерінің құқықтарын бұзу тәуекелі пайда болады.

Осыған байланысты, адам құқықтарын сақтау және қорғау мәселесі, қолданыстағы заңнама нормаларының адам құқықтарының қорғалуын қамтамасыз ететін әлеуметтік-экономикалық қағидаларға сәйкес келуі мемлекеттің кәсіпкерлік қызмет субъектілерімен өзара әрекеттесу үрдісінде ерекше маңызды болып табылады.

Мемлекетке адам құқықтарын үшінші тұлғалармен, соның ішінде коммерциялық ұйымдармен бұзудан қорғау бойынша міндет жүктеледі. Ұйымдар, өз кезегінде, адам құқықтарын құрметтеу үшін жауапты болады. Адам құқықтарын соттық және соттық емес қорғау үрдісінің тиімді құралдарына қол жетімділікті кеңейту шешуші сұрақ болып табылады.

Адам құқықтары және ұлт аралық корпорациялар мен басқа кәсіпорындар туралы сұрақтар бойынша Бас хатшының Арнайы өкілінің Джон Руггидің баяндамасында (ары қарай - "**Баяндама**") мемлекетті адам құқықтарын қорғауға міндеттейтін екі **негізгі қағида** ажыратылады:

(i) Бірінші ережеге сәйкес, мемлекет өзінің аумағының және/немесе хүкіметінің шектерінде адам құқықтарын үшінші тұлғалармен, соның ішінде кәсіпорындармен бұзудан қорғалуын қамтамасыз етуі керек. Бұл тиімді саясат, заңнама, нормативтік реттеу және соттық іс жүргізу арқылы осындай бұзушылықтарды ескертуге және тергеуге, олар үшін жазалауға және зиянды өтеуге бағытталған қажетті іс-шараларды қабылдауды талап етеді (ары қарай – **«мемлекетпен адам құқықтарының үшінші тұлғалармен, соның ішінде кәсіпорындармен бұзудан қорғалуын қамтамасыз ету қағидасы»**).

(ii) Екінші негізгі қағида мемлекеттің олардың аумағында орналасқан және/немесе оның хүкіметінің аясында орналасқан кәсіпорындарға өз қызметінің шеңберінде адам құқықтарын сақтау бойынша талаптар қоюға міндеттерін бекітеді (ары қарай – **«адам құқықтарының қорғалуын қамтамасыз етудегі құқықтық саясаттың анықтылық қағидасы»**).

Негізгі қағидалармен қатар Баяндамада **қызмет қағидалары да** келтірілген. Қызмет қағидалары негізгі қағидаларға негізделеді және оларды нақтылайды.

Қызмет қағидалары төрт кластер бойынша топтастырылған:

1) Нормативтік реттеу және саясат саласындағы мемлекеттің негізгі міндеттері.

Нормативтік реттеу және саясат саласындағы мемлекеттің негізгі міндеттеріне мемлекетпен адам құқықтарының үшінші тұлғалармен, соның ішінде кәсіпорындармен бұзудан қорғауын қамтамасыз ету қағидасына тікелей негізделген ережелер кіреді.

Осы бөлімге сәйкес мемлекетке *коммерциялық ұйымдарды адам құқықтарын сақтауға міндеттейтін заңдардың жүзеге асырылуын қамтамсыз ету, осы заңдардың барбарлығын бағалау және заңнамадағы кемшіліктерді уақытылы жою* ұсынылады.

Сонымен қатар мемлекет *коммерциялық ұйымдармен адам құқықтарын сақтауға мүмкіндік жасайтын корпоративтік құқық* нормаларын сақтау керек. Бұдан басқа, мемлекет коммерциялық ұйымдарды адам құқықтарын сақтау әдістері бойынша нұсқау беруге (жетекші

нұсқауларды ұсынуға), ұйымдардағы адам құқықтарының жағдайлары туралы ақпаратты ұсынуды мадақтауға және талап етуге міндетті.

2) Мемлекеттің коммерциялық ұйымдармен байланысы.

Қызмет қағидаларының екінші бөлігі нормативтік реттеу және саясат саласындағы мемлекеттің жалпы міндеттерінде белгіленген талаптарды жалғастырады. Атап айтсақ, көрсетілген *талаптар* сонымен қатар *мемлекет меншігінде орналасқан, онымен бақыланатын, оның елеулі қолдауын пайдаланатын коммерциялық ұйымдарға да таралады*. Осы коммерциялық ұйымдармен келісім-шарттар жасаған кезде немесе олардың мүдделерінде заңнамалық актілерді қабылдаған кезде мемлекет өзінің халықаралық міндеттерін ескеруі керек.

3) Дауласуға ұшыраған аудандарда адам құқықтарының коммерциялық ұйымдармен сақталуын қамтамасыз ету.

Мемлекеттерге дауласуға ұшыраған аудандарда адам құқықтарының коммерциялық ұйымдармен сақталуын қамтамасыз ету ұсынылады.

Мемлекет аталған коммерциялық ұйымдармен келісім-шарттар жасау үрдісінде, мемлекет олармен адам құқықтарын сақтау қажеттілігін айқындау керек, сонымен қатар кейінгі уақытта осы бағытта барлық әдістермен, соның ішінде құқықтық нормалардың тиімділігін жоғарылату арқылы ат салысуы керек. Осындай ұйымдар адам құқықтарын қатаң бұзған жағдайда мемлекеттермен ұйымдарға мемлекеттік қолдау көрсетуге келіспеу ұсынылады.

Осылайша, бұл қызмет қағидасы адам құқықтарының қорғалуын қамтамасыз етудегі құқықтық саясаттың анықтылық қағидасын нақтылайды. Мемлекеттерге олардың аумағында орналасқан және/немесе оның хүкіметінің аясында орналасқан және дауласуға ұшыраған аудандарда әрекет ететін коммерциялық ұйымдарға адам құқықтарын сақтау бойынша талаптар қою ұсынылады.

4) Саясаттың келісушілігін қамтамасыз ету.

Адам құқықтарының қорғалуын жүзеге асырып, мемлекет коммерциялық ұйымдардың қызметтерімен тікелей байланысатын өзінің барлық органдарының жұмысын сәйкестендіруі керек, сонымен қатар халықаралық инвестициялық келісімдер аясында басқа мемлекеттермен және коммерциялық ұйымдармен адам құқығын қорғау бойынша әрекеттер үшін қажетті еркіндікті сақтау керек.

Мемлекет кәсіпкерлікпен байланысты халықаралық институттарға кірген жағдайда, және олар адам құқықтарының сақталуына жағымсыз әсер тигізген жағдайда осындай институттардың әсеріне шеткеулер қою ұсынылады.

Осылайша, саясаттың келісушілігін қамтамасыз ету талаптары адам құқықтарының қорғалуын қамтамасыз етудегі құқықтық саясаттың анықтылық қағидасының ажырамайтын бөлігі болып табылады.

Жоғары айтылғандарға байланысты. Маман қолданыстағы құқықтық нормалардың сипатын, олардың өзара байланысын, логикалық реттілігін анықтаған, сонымен қатар Баяндамада ұсынылған қағидалар негізінде адамның әлеуметтік-экономикалық құқықтарын қорғау көрінісінде ҚР құқықтық жүйесінде кемшіліктерді анықтаған дұрыс деп тапты.

2. ҚР заңнамасының нормаларының мемлекетті адам құқықтарын сақтауға және қорғауға міндеттейтін Ругги қағидаларына сәйкес келуі

Осы Қорытындының аталған бөлімі құқықтық реттеудің жеке салалары бойынша (конституциялық, азаматтық, еңбек, табиғат қорғау және т.б.) топтастырылған.

2.1. Адам құқықтарын үшінші тұлғалармен, соның ішінде коммерциялық ұйымдармен бұзудан қорғау бойынша мемлекеттің міндеттемелерін бекітетін ҚР Конституциясының ережелері

Конституцияның 1 бабына сәйкес Қазақстан Республикасы өзін әлеуметтік мемлекет ретінде бекітеді, оның ең жоғарғы құндылықтары адам, оның өмірі және еркіндігі болып табылады.

Оларды ең жоғары құндылықтар ретінде мойындау **мемлекеттің ең маңызды міндеті адам, оның материалдық әл-ауқаты бойынша қамқорлық болып табылатындығын** білдіреді. Мемлекет адамның беделді өмір сүруі үшін оған байланысты барлық жағдайларды жасауға міндетті (ҚР Конституциялық Кеңесінің 2005 жылғы 1 шілдедегі №4 қаулысы). Сонымен қатар **әлеуметтік мемлекет рөлін орындау үшін** жасалынатын талпыныстар **мемлекеттің нақты мүмкіндіктерімен шектеледі**. Қазақстан Конституцияға сәйкес адамның және азаматтың құқықтары мен еркіндігін мойындайды және оған кепілдік береді (ҚР Конституциялық Кеңесінің 2001 жылғы 21 желтоқсандағы № 18/2 қаулысы).

Азаматтық және саяси құқықтармен салыстырғанда, әлеуметтік-экономикалық құқықтарын жүзеге асыру сәйкес материалдық ресурстарды талап ететіндіктен, оларды жүзеге асыру кезең-кезеңмен, жалпы мемлекеттің экономикалық әл-ауқаты дамыған сайын жүзеге асырылады.

ҚР Конституциясында және басқа нормативтік актілерде адам құқықтары мен азамат құқықтарын ажырататын нақты белгілер қарастырылмағандығын айтып өткен жөн. Осындай жағдай қазақстандық құқықтық жүйемен қатар, басқа мемлекеттердің заңнамаларында да кездеседі.

Мұндай жағдайдың орын алуы қарым-қатынастарды құқықтық реттеу кезінде, мысалы, қашқындар немесе азаматтығы жоқ тұлғалар қатысқан жағдайда, соның ішінде олардың әлеуметтік-экономикалық құқықтарын қорғау кезінде елеулі қиындықтарды туғызады.⁵

Қазақстандық заңнаманың ережелерінен адам құқықтары түсінігі азамат құқықтарымен бірдей екендігі туралы қорытынды жасауға болады, және мемлекетті осы құқықтарды сақтауға және жүзеге асыруда ат салысуға, азамат құқықтарын үшінші тұлғалардың, соның ішінде ұйымдардың араласуынан қорғауға міндеттейді.

ҚР Конституциясының 40б. 2т. сәйкес Конституцияның, адамның және азаматтың құқықтары мен еркіндігінің тұрақтылығының кепілі ҚР Президенті болып табылады.

Осы ҚР Президентінің 2003 жылғы 19 наурыздағы № 1042 жарлығына байланысты **ҚР Президентінің жанындағы адам құқықтары жөніндегі комиссия** құрылды, ол *Елбасымен*

⁵ Адам құқықтарын және азамат құқықтарын ажырату мәселесі бойынша көптеген атақты зерттеушілердің пікірлері айтылған. Осылайша, Дж. Агамбенге сәйкес, «ұлттық мемлекет жүйесінде қадірлі және ажыратылмайтын **адам құқықтары оларды қандай да бір мемлекет азаматының құқығы ретінде белгілеу мүмкін болмаған сәттен бастап барлық қорғаныстан айырылады және шынайы болуын тоқтатады**». – Өтінеміз, Дж. Агамбен еңбегін қараңыз, *Ното sacer. Заманауи билік және жалаңаш өмір* (Мәскеу, 2011), 161-162 б. Осыған ұқсас ескертулер Х. Арэндт, Ж. Рансьер, С. Жижек еңбектерінде айтылды.

ҚР Конституциясына сәйкес мойындалатын және кепілдік берілетін адамның және азаматтың құқықтары мен еркіндіктерінің кепілдік беру бойынша оның конституциялық өкілеттіктерін жүзеге асыруда ат салысатын сабағаттық-кеңесу органы болып табылады.⁶

Сонымен қатар халықаралық гуманитарлық құқықтар саласындағы халықаралық келісімдер және ҚР қатысатын адам құқықтары жөніндегі халықаралық келісімдер аясында қабылданған халықаралық құқықтық міндеттерді жүзеге асыру мақсатында адам құқықтарын қорғау бойынша басқа да арнайы институттар құрылды.

ҚР Президентінің 2002 жылғы 19 қыркүйектегі №947 жарлығымен **Адам құқықтары жөніндегі Уәкіл** лауазымы құрылды, ол адамның және азаматтардың құқықтары мен еркіндіктерінің сақталуын бақылауға және адамның және азаматтың бұзылған құқықтары мен еркіндіктерін қалпына келтіру бойынша іс-шараларды қабылдауға міндетті (Адам құқықтары жөніндегі Уәкіл туралы Ережелердің 1т.).

ҚР үкіметінің 2003 жылғы 9 желтоқсандағы №1251 қаулысымен **Халықаралық гуманитарлық құқық пен адам құқықтары бойынша халықаралық шарттар жөніндегі Ведомствоаралық комиссия** құрылды. Комиссияның негізгі міндеті келесі сұрақтар бойынша ұсыныстарды дайындау болып табылады: халықаралық гуманитарлық құқық пен адам құқықтары бойынша халықаралық шарттар саласында ҚР халықаралық-құқықтық міндеттерінің орындалуын қамтамасыз ету; ҚР қабылданған *халықаралық гуманитарлық құқық пен адам құқықтары бойынша халықаралық шарттар нормаларын және қағидаларын* жүзеге асыру; ҚР қатысатын халықаралық гуманитарлық құқық пен адам құқықтары бойынша халықаралық шарттар нормаларына сәйкес ұлттық заңнаманы жетілдіру.

Адамның және азаматтың құқықтарының қорғалуын қамтамасыз етуге арналған институттар адамның және азаматтың құқықтары бұзылған жағдайда үшінші тұлғаларға (мемлекеттік органдар, кәсіпкерлік қызмет субъектілері) әсер етудің тиімді тетіктерімен толыққанды қамсыздандырылмаған.

Мысалы, Адам құқықтары жөніндегі Уәкілдің әрекет ету актілері ұсыныстармен шектелген (Адам құқықтары жөніндегі Уәкіл туралы ережелердің 24 т.).

Адам құқықтары жөніндегі Уәкіл туралы Ережелерден алынған Адам құқықтарын қорғаудың жетілдірілген жүйесі туралы жарлықпен адамның және азаматтың бұзылған құқықтары мен еркіндігін қорғау мақсатымен соттың іс қарауында қатысу мүмкіндігі; күшіне енген сот шешімін, үкімін, сот анықтамасын немесе қаулысын тексеру туралы өтінішпен сотқа немесе прокуратураға жүгіну мүмкіндігі; адамның және азаматтың құқықтары мен еркіндігін бұзған тұлғаға қатысты тәртіптік немесе әкімшілік іс жүргізуді немесе қылмыстық істі қозғау туралы

⁶ ҚР Президенті жанындағы адам құқықтары жөніндегі Комиссия туралы Ережелердің 4т. 2) сәйкес оның құзыреттілігіне Елбасы атына жазылған ҚР-да адам және азамат құқықтарын сақтау туралы жыл сайынғы және арнайы баяндамаларды құру кіреді. Осы баяндамалар баспада жариялануы мүмкін. 2011 ж. ҚР адам құқықтарының жағдайы туралы ҚР Президенті жанындағы адам құқықтары жөніндегі Комиссиясының 2012 ж. 19 қыркүйектегі баяндамасында ұлттық заңнама нормаларының адамның әлеуметтік-экономикалық қағидаларына сәйкес келуі бойынша сұрақтар талқыланды. Осылайша, мысалы, Баяндамаға сәйкес "Қазақстанда еңбекақыны белгілеу және төлеу сұрақтарын реттейтін заңнамалық негіздің болуы және оның талаптарын сақтау Бірдей құны бар еңбек үшін ер адамдар мен әйел адамдарға әр түрлі ақы төлеу туралы Конвенцияны бекітуге мүмкіндік берді». **2011 ж. жұмыс берушілермен еңбекақыны уақытылы төлеу мерзімдерін бұзған 4131 жағдай, жұмысшымен еңбек келісім-шартын заңсыз бұзған 309 жағдай орын алды.** ҚР еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігімен (ары қарай "ЕХӘҚМ") және мемлекеттік органдармен қабылданған ортақ іс-шараларды қабылдау нәтижесінде республика бойынша жалпы қарыз сомасы 2 есе азайтылды. Осылайша, егер 2001 жылдың 1 қаңтарында республика бойынша жалпы қарыз сомасы 3,2 млрд. теңгені құраса, 2011 жылдың 30 желтоқсанында бұл көрсеткіш 1,4 млрд. теңгеге дейін азайды.

өтініш берілген жағдайда материалдық және моральдық зиянды өтеу бойынша іс-шараларды қабылдау мүмкіндігі сияқты Уәкілдің әрекетті құқықтық өкілеттіктері шектелді.

ҚР Конституциясының 6 б. 2т. сәйкес меншік келесіге міндеттейді, онымен пайдалану сонымен қатар қоғамдық игілікке де қызмет етуі керек. Меншіктің субъектілері мен объектілері, меншік иеленушілермен өз құқықтарын жүзеге асыру көлемі мен шектері, оларды қорғау кепілдіктері заңмен анықталады.

ҚР Конституциясының 12 бабында келесі бекітілген, ҚР-да адамның құқықтары мен еркіндіктері Конституцияға сәйкес мойындалады және кепілдік беріледі. Сонымен қатар адамның құқықтары мен еркіндіктері әркімге туылған кезден бастап тиесілі болады, абсолюттік және ажыратылмайтын болып мойындалады, заңдардың және нормативтік құқықтық актілердің (ары қарай - "НҚА") мазмұнын және қолданылуын анықтайды. Адамның және азаматтың құқықтары мен еркіндіктерін жүзеге асыру басқа тұлғалардың құқықтары мен еркіндіктерін бұзбауы керек, конституциялық құрылымға және қоғамдық адамгершілікке озбырлық жасамауы керек.

ҚР Конституциялық Кеңесінің 1996 жылғы 28 қазандағы №6/2 қаулысына сәйкес адамның құқықтары мен еркіндігінің заңдар мен басқа НҚА мазмұнын анықтайтындығын көрсететін ережені келесі мағынада түсіну керек, Конституциямен белгіленген адамның құқықтары мен еркіндігі осы құқықтар мен еркіндігін жүзеге асыру шарттарын және тәртібін бекітетін заңдарды және басқа НҚА дайындау және қабылдау кезінде негізге алынады.

ҚР Конституциясының 14 бабы барлығының заң мен сот алдында тең дәрежелі екендігін бекітеді. Ешкім шыққан тегі, әлеуметтік, лауазымдық және меншіктік жағдайы, жынысы, нәсілі, ұлты, тілі, дінге қатысы, сенімдері, тұрғылықты жері немесе кез келген басқа жағдайлар бойынша қандай да бір кемсітушілікке ұшырамауы керек.

ҚР Конституциясының ережелері "басқа жағдайлар" ұғымының толық түсініктемесін бермейді.

ҚР НҚА талдау нәтижесінде келесі қорытынды жасауға болады: "басқа жағдайлар" терминін азаматтық (ҚР Конституциялық Кеңесінің 2003 жылғы 1 желтоқсандағы №12 қаулысы), жасы (ҚР ЕК 7 б.) немесе денсаулық жағдайы (ҚР ЕК 55 б.) сияқты басқа белгілер бойынша кемсітуге тыйым салу ретінде түсіндіруге болады. Азаматтар кемсітілуі мүмкін кейбір негіздер заңнамамен қарастырылмаған.⁷

Мысалы, жыныстық бейімделу себебі бойынша кемсіту сұрағы реттелмеген.

ҚР Конституциясының 24 бабында әрбір адамға еңбек еркіндігі, қызмет түрін және мамандықты еркін таңдау құқығы, қауіпсіздік және гигиена талаптарына сәйкес келетін еңбек жағдайлары, қандай да бір кемсітусіз еңбек үшін ақы алу, сонымен қатар жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау құқығы беріледі. Сонымен қатар әрбіреу демалуға құқылы. Еңбек шарты бойынша жұмыс істейтіндер үшін жұмыс уақытының заңмен белгіленген мерзімдеріне, демалыс және мереке күндеріне, ақылы жыл сайынғы демалысқа кепілдік беріледі.

⁷ Азшылық сұрақтары бойынша БҰҰ тәуелсіз сарапшысы Гай Макдугалл Қазақстанда 130 астам әр түрлі этникалық топтар бар екендігін және ел билігі осы азшылық топтарының құқықтарын қамтамасыз етуде белсенді іс-шараларды, соның ішінде тілдерді, мәдениетті және дәстүрлерді сақтауға бағытталған іс-шараларды қабылдайтындығын атап өтті. Сонымен қатар, сарапшы пікірі бойынша, ҚР Конституциясы және басқа НҚА мазмұнына азаматтарды кемсітпеу бойынша нормалар кірсе де, кемсітушілік анықтамасын беретін, кемсіту фактісі анықталған жағдайда әсер ету іс-шараларын бекітетін, сонымен қатар осындай бұзушылықтар үшін жазалау шарттарын және мерзімдерін нақты анықтайтын арнайы заңды қабылдау керек.

Азаматқа ҚР Конституциясына сәйкес еңбекақының және зейнетақының минималды көлеміне, жасы бойынша, ауырған жағдайда, мүгедектік, асыраушыдан айырылған жағдайда және басқа заңды негіздер бойынша әлеуметтік қамсыздандыруға кепілдік береді.

ҚР Конституциясының 28б. 1 тармағын ауырған жағдайдағы әлеуметтік қамсыздандыру бөлігінде ҚР Конституциялық Кеңесінің 1999 ж. 12 наурыздағы №3/2 қаулысына сәйкес келесідей түсіну керек: аталған конституциялық құқықты жүзеге асыруға мемлекетпен әр түрлі жүйелерді құру және басқа қажетті және қол жетімді іс-шараларды жүзеге асыру арқылы, соның ішінде осы міндетті жұмыс берушілерге меншік нысанын тәуелсіз жүктеу арқылы кепілдік беріледі.

39 б. 1 т. сәйкес адамның және азаматтың құқықтары мен еркіндігі заңдармен ғана және конституциялық құрылымды, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен еркіндігін қорғау, халықтың адал еңбегі мақсаттарында қажетті болатын шамада ғана шектелуі мүмкін.

Осылайша, ҚР Конституциясы **адамды, оның өмірін, құқықтарын және еркіндігін** мемлекеттің ең жоғары құндылықтары ретінде **мойындайды, адам құқықтарының көпшілік мойындаған әлеуметтік-экономикалық қағидаларына** және олардың қорғауға арналған халықаралық стандарттарға **сәйкес келеді**. Оларда мемлекетпен **адам құқықтарының үшінші тұлғалармен бұзудан қорғауын қамтамасыз ету қағидасы** және адам құқықтарының қорғалуын қамтамасыз етудегі құқықтық саясаттың анықтылық қағидасы сақталған.

Ең жоғары заңды күші бар ҚР Конституциясының ережелері төмендегі ҚР НҚА-де нақтылануы керек (НҚА туралы Заңның 4 б.).

Алайда, заң тәжірибесі көрсететіндей, Негізгі заңның көптеген ережелері республиканың төмендегі НҚА-де өзінің бірізді жалғасын таппайды.

Осыған байланысты, ҚР Президентінің 2009 жылғы 24 тамызда №585 Жарлығымен бекітілген, 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған ҚР құқықтық саясатының Концепциясында мемлекеттің заңнамалық, ұйымдастырушылық және басқа іс-шараларда ҚР Конституциясының **құқықтық ойлары мен қағидаларын кейінгі уақытта жүзеге асыру қажеттілігі** айқындалады. Маңызды міндет ҚР Конституциясының қағидалары мен нормаларын жүзеге асыру, бірінші кезекте мемлекеттік билік органдарының және оның лауазымды тұлғаларының қызметінде жүзеге асыру, осы жағдайда ағымдағы заңнама мен құқықты қолдану арқылы ҚР Конституциясының тікелей әрекетін және оның әлеуетінің жүзеге асырылуын қамтамасыз ету болып табылады.

2.2. Адам құқықтарын үшінші тұлғалармен, соның ішінде коммерциялық ұйымдармен бұзудан қорғау бойынша мемлекеттің міндеттемелерін бекітетін ҚР азаматтық заңнамасының ережелері

ҚР АҚ 2 б. 1 т. сәйкес азаматтық заңнама онымен реттелетін қарым-қатынас қатысушыларының теңдігін, меншікке қол сұқпаушылықты, келісім еркіндігін, жеке істерге басқа біреудің еркін араласуына жол бермеушілікті, азаматтық құқықтардың кедергісіз жүзеге асыру қажеттілігін мойындауда, құқықтардың бұзылуын, олардың соттық қорғалуын қалпына келтіруді қамтамасыз етуде негізделеді.

Мемлекет меншікке қол сұқпаушылықты, құқық бұзушылықтардың, соның ішінде коммерциялық ұйымдардың құқыққа қайшы әрекеттерінің нәтижесінде туындаған бұзушылықтардың қалпына келтірілуін, сот қорғауын қамтамасыз етуге міндеттенеді, сонымен қатар өз органдарының жеке істерге араласпайтындығына кепілдік береді.

Мемлекет немесе сәйкес әкімшілік-аумақтық бірлік мемлекеттік билік органының, басқа мемлекеттік органның заңнамаға сәйкес келмейтін актіні баспаға шығару нәтижесінде, сонымен қатар осы органдардың лауазымды тұлғаларының әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) келтірілген шығындарды өтеуге міндеттенеді.

Адамның әлеуметтік-экономикалық құқықтарының бір түрі ретінде азаматтық құқықтардың қорғалуы мемлекетпен соттық және соттық емес билік органдары арқылы қамтамасыз етіледі. Бұзылған құқықты қорғау үшін билік немесе басқару органына жүгіну құқықты қорғау туралы арызбен сотқа жүгінуге кедергі болмайды (ҚР АҚ 9б.).

Бұзылған құқықты қорғау үшін билік немесе басқару органына жүгінген жағдайда мемлекеттік органдар Өтініштерді қарау тәртібі туралы Заңның 4 б. сәйкес заңдылық; өтініштерге қойылатын талаптардың тұтастығы; жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, еркіндіктерін және заңды мүдделерін сақтау кепілдігі; өтініштерді қарау кезінде кеңесшілдіктің және төрешілдіктің орын алуына жол бермеу; жеке және заңды тұлғалардың теңдігі; өтініштерді қарау кезінде субъектілердің және лауазымды тұлғалардың қызметтерінің ашықтығы қағидаларын ұстануға міндетті.

ҚР өзіне кәсіпкерлік қызметтің қорғалуын қамтамасыз етуді жүктейді (ҚР АҚ 10 б. 2 т.). Осы мағынада кәсіпкерлердің, яғни тауарлық сұранымды қанағаттандыру арқылы таза табыс алуға бағытталған қызметпен айналысатын азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтарын қорғаумен қатар, *адамның әлеуметтік-экономикалық құқықтарының ажыратылмайтын бөлігі болып табылатын тұтынушылардың құқықтарының да* қорғалуын қарастырған жөн.

Бүгінгі күні дүние жүзінде **тұтынушылардың көпшілік мойындаған сегіз құқық** ажыратылған, олар Тұтынушылар құқықтарын қорғау туралы заңның негізін қалады.

Халықаралық тәжірибеде 1985 ж. БҰҰ Бас Ассамблеясының арнайы шешімімен бекітілген тұтынушылардың негізгі құқықтарының кешені дайындалған (сапалы және қауіпсіз тауарлар (жұмыстар, қызметтер) алуға, ағартушылыққа, ақпаратқа, келтірілген зиянды толықтай өтелуіне, сот қорғауына, қоғамдық бірлестіктерге бірігуге және т.б. құқықтар). Осы қағидаларды қабылдау нәтижесінде тұтынушы құқықтары халықаралық деңгейге көтерілді. Оларда тұтынушылар мүдделерін қорғау саласында заңнама дайындау кезінде үкімет басшылыққа алуы талап етілетін ережелер қарастырылған.

Тұтынушы тауарларды сатып алуға, жұмыстар мен қызметтерді пайдалануға келісім-шарттарды еркін жасауға; тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) тиісті сапасына және қауіпсіздігіне; тауарлар (жұмыстар, қызметтер) туралы толық және сенімді ақпарат алуға; тұтынушылардың қоғамдық ұйымдарына бірігуге құқылы (ҚР АҚ 10 б. 6 т.). Тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау сәйкес мемлекеттік органдармен және сотпен, төрелікпен немесе аралық сотпен құзыреттілік шектерінде жүзеге асырылады (Тұтынушылар құқықтарын қорғау туралы заң 22 б.).

Тұтынушылардың құқықтары және оларды қорғау тәртібі Тұтынушылар құқықтарын қорғау туралы заңның 3 бөлімімен толықтай регламенттеледі.

ҚР-да тұтынушылар құқықтарымен байланысты қоғамдық қатынастар тараптардың (кәсіпкерлер мен тұтынушылар) экономикалық әр түрлі жағдайымен сипатталады, сонымен қатар кәсіпкерлік субъектілерінің монополиялық (басымдықты) жағдайымен және тұтынушының тәуелді жағдайымен тоқайластырылған. Кәсіпкерлер мен тұтынушылар мүдделерінің үйлесімін сақтау мақсатында ҚР Бәсекелестікті қорғау жөніндегі Агенттігімен "Тұтынушылар құқықтарын қорғау сұрақтары бойынша ҚР кейбір заңнамалық актілеріне

өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" ҚР заң жобасы дайындалды (Заң жобасы 2013 ж, арналған ҚР Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының жоспарына енгізілген).⁸

Заң жобасы келесі тармақтарды қарастырады: тұтынушылар құқықтарын қорғау бойынша қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік қолдау көрсету; қоғамдық бірлестіктер құқықтарын және қоғамдық бірлестіктер жұмыскерлерінің аттестациясын кеңейту; тұтынушылар құқықтарын қорғау саласындағы өкілетті орган беделін күшейту; сауда нарығының аумағындағы тұтынушылардың тегін қол жетімділігі; электр қуатының артуы себебіне мүлік зақымдалған жағдайда тұтынушылар құқықтарын жүзеге асыру тәртібін регламенттеу; табиғи монополия субъектілерінің тарифына банктік қызмет көрсету шығындарын қосуға тыйым салу; ҚР АҚ-не көпшілікке ашық келісім-шарт құны бөлігінде өзгерістер енгізу; жылулық және электрлік қуат үшін жеке-жеке төлем жасау.⁹ Заң жобасында тұтынушылар құқықтарын бұзғаны үшін төленетін айыппұлдарды арттыру қарастырылған.

Мемлекет Бәсекелестікті қорғау бойынша ҚР агенттігінің тұлғасында тұтынушылар құқықтарын қорғау саласында мемлекеттік саясаттың жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді, Тұтынушылар құқықтарын қорғау туралы ҚР заңнамасын жетілдіру бойынша іс-шараларды қабылдайды, тұтынушылар құқықтарын қорғау саласында тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктерімен, ассоциациялармен (одақтармен) өзара әрекеттеседі (2008 жылғы 15 ақпандағы №141 қаулысы).¹⁰

ҚР АҚ 10 б. 4 т. сәйкес қоршаған ортаны, меншікті, азаматтардың өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында кәсіпкерлік қызметтің жеке түрлері бойынша лицензиялық тәртіп бекітіледі (сонымен қатар Лицензиялау туралы заңның 12-37-1 б. қараңыз).

Егер өнімге қойылатын ҚР заңдарымен қарастырылған талаптар, өнімдердің, үрдістердің жеке түрлерінің сәйкестігін міндетті растау бойынша талаптар (Техникалық реттеу туралы

⁸ Өтініміз, толығырақ келесі сайтта қараңыз: <http://www.azk.gov.kz>.

⁹ ҚР-да тұтынушылар құқықтарын қорғау бойынша 172 қоғамдық бірлестік тіркелген, бірақ іс жүзінде шамамен 70 қоғамдық бірлестік әрекет етеді. Мұндай жағдай негізінен олардың қызметтеріне қаржы бөлінбеуінен орын алуда. Жарналардың еркін сипатына байланысты аталған бірлестіктерді қаржыландыру көздері жиі сотта тұтынушы мүдделерін ұсынуға жұмсалатын шығындарды (шағым жіберу, телефондық сөйлесулер, анықтамалар алу, заңгер еңбекақысын төлеу және т.б.) өтемейді. Тұтынушылар құқықтарын қорғау бойынша қоғамдық бірлестіктер қызметін ынталандыру мақсатында Заң жобасы **тұтынушылар құқықтарын қорғау деңгейін жоғарылатуға бағытталған қызметтердің мемлекеттік әлеуметтік тапсырысын жүзеге асыруды**, тұтынушылық білімдер мен қорғаныс құралдары саласындағы ағартушылықты ұсынады. Тәуелсіз тұтынушылық қоғамдастықты дамыту үшін тұтынушылар құқықтарын қорғау бойынша қоғамдық бірлестіктердің құқықтарын кеңейту (тауарларға (жұмыстарға, қызметтерге) қойылатын талаптарды белгілейтін нормативтік құқықтық актілерді дайындауда қатысу); тауарларға (жұмыстарға, қызметтерге) қатысты стандарттарға және техникалық шарттарға тегін қол жетімділікті ұсыну; тұтынушылар құқықтарын қорғау бойынша халықаралық одақтарға кіру арқылы сыртқы серіктестікті дамыту; тәуелсіз тұтынушылық сараптаманы жүргізу) ұсынылады.

ҚР Конституциясының 5 б. 2 т. бұзуына жол бермеу үшін Заң жобасында медиация бойынша орталықарда аттестация жүргізу, **өз мүдделерін міндеттеуге жол бермеу үшін кәсіпкерлер тарапынан қоғамдық бірлестіктерді қаржыландыруға тыйым салуды** енгізу ұсынылады. Осылайша, мемлекет, бір жағынан, мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыру арқылы тұтынушылар құқықтарын қорғау бойынша қоғамдық бірлестіктің қызметін қаржыландыруды көздейді, ал екінші жағынан - осындай ұйымдарды кәсіпкерлер тарапынан қаржыландыруға тыйым салады.

¹⁰ ҚР бәсекелестікті қорғау жөніндегі Агенттігімен дайындалған "Тұтынушылар құқықтарын қорғау сұрақтары бойынша ҚР кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" ҚР заң жобасының Концепциясына сәйкес қазіргі уақытта осы органның әлсіз беделі оған жүктелген өкілеттіктердің жеткіліксіз көлеміне байланысты. Осылайша Заң жобасында өкілетті органға келесі құқықтарды беретін нормалар қарастырылған: өз қызмет үшін қажетті мәліметтерді сұрату және қабылдау; тұтынушылар құқықтарын қорғау сұрақтары бойынша салааралық үйлестіруді жүзеге асыру; тұтынушылар құқықтарын қорғау саласында шетелдік мемлекеттердің мемлекеттің билік органдарымен және халықаралық ұйымдармен өзара әрекеттесу және т.б.

заңның 27 б.) мемлекеттік мақсаттарға, соның ішінде тұтынушылар құқықтарын қорғау жөніндегі мақсаттарға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болса, лицензиялау бекітіледі.

Лицензиялаудан басқа, қоршаған ортаны, меншікті, азаматтардың өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында басқа қорғау іс-шараларын қарастырады.

Осылайша, Жеке кәсіпкерлік туралы заңның 29 б. сәйкес мемлекеттік реттеу жеке кәсіпкерліктің субъектілеріне, өнімдеріне және үрдістеріне талаптар белгілеу; сәйкестікті растау жөніндегі органдарды, тексеретін, калибрлейтін және сынайтын зертханаларды (орталықтарды) аккредиттеу; өнімдердің, үрдістердің жеке түрлерінің заңнама талаптарына сәйкес келуін міндетті растау; жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік бақылау және қадағалау; лицензиялау, сертификаттау, аккредиттеу және басқа рұқсат түрлерін беру; жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру; жеке кәсіпкерлердің, мемлекеттік органдардың және олардың лауазымды тұлғаларының субъектілерінің жауапкершілігін бекіту ретінде жүзеге асырылады.¹¹

ҚР АҚ 11 б. кәсіпкерлік еркіндігін теріс пайдалануға тыйым салады. Атап айтсақ, *тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін* кемсітуге бағытталған монополистік және кез келген басқа қызметке жол берілмейді.

Тұтынушылар құқықтарын қорғаудың маңызды мәселесі адам құқықтарын табиғи монополия субъектілерімен бұзу болып табылады.

Реттелетін нарықтар туралы заңның 3 б. 17) тармақшасына сәйкес табиғи монополия субъектілеріне табиғи монополия жағдайларында тауар өндірумен, жұмыстарды орындаумен және (немесе) тұтынушыларға қызмет көрсетумен айналысатын жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға жатқызылады.

Заң шығарушымен ұсынылған анықтаманы сәтсіз таңдалды деп тануға болады, себебі табиғи монополия субъектісі ұғымы табиғи монополия жағдайлары түсінігі арқылы түсіндіріледі.

Табиғи монополия ретінде өндірістің және белгілі бір қызмет (тауар, жұмыс) түрін ұсынудың технологиялық ерекшеліктеріне байланысты осы қызмет (тауар, жұмыс) түріне қатысты сұранымды қанағаттандыру үшін бәсекелестік жағдайларын жасау мүмкін болмайтын немесе экономикалық тиімсіз болатын жағдайды түсіну керек (Реттелетін нарықтар туралы заңның 3 б. 15 тармақша).

Азаматтардың әлеуметтік-экономикалық құқықтарын қорғайтын негізгі тетіктердің бірі Реттелетін нарықтар туралы заңның 5 б. қарастырылған табиғи монополия субъектілерінің қызметін шектеу болып табылады.

Қаржылық-экономикалық дағдарыс кезінде маңызды мемлекеттік шектеу болып реттелетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) үшін өкілетті органмен белгіленген асатын ақы алуға тыйым салу болды.

Осылайша, 2012 ж. басынан бастап Табиғи монополияларды реттеу жөніндегі ҚР агенттігіне (ары қарай - "ТМРА") 310 тариф деңгейін бекітуге 121 арыз қарастырылды. Реттелетін

¹¹ Тәжірибеде Жеке кәсіпкерлік туралы заңды бұзу жағдайлары жиі кездеседі. Осылайша, 2005 ж. наурыз айының ортасында «PetroKazakhstan» компаниясы ҚР энергетика және минералды ресурстар Министрлігін аталған заңды бұзды деп айыптады және егін егу іс-шараларын жүргізу үшін жанармайды жеңілдікті бағамен сату туралы ҚР Үкіметімен жасалған келісімге қол қоюдан бас тартты. Өзінің ұстанымын компания келесідей түсіндірді: ЖЖМ үйлестіру жүйесі толық жетілмеген және теріс пайдалану үшін мүмкіндіктер өте көп.

нарықтар туралы заңнаманы бұзғанына байланысты 51 арыз бірден кері қайтарылды. 11 тариф бұрынғы деңгейде қалдырылды, 10 - төмендетіліп бекітілді, 238 - жоғарылатылды.¹²

Тарифтерді бекітудегі жағымды көрініс тыңдалымдарды жүргізудің ашықтығы болып табылады. Табиғи монополия субъектісі өзінің тарифтік сметаларын тікелей халық алдында қорғайды.¹³

ҚР Үкіметінің 2012 ж. 30 қазандағы №1368 қаулысымен тарифтерді (бағалары, алым мөлшерлемелерін) бекітуді немесе олардың табиғи монополия субъектілерінің реттелетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) қатысты шекті деңгейлерін қарастыру кезінде Бұқаралық тыңдалымдар өткізу ережелеріне өзгерістер енгізілді (ҚР Үкіметінің 2003 ж. 21 сәуірдегі №736 қаулысымен бекітілген) (ары қарай - **"Бұқаралық тыңдалымдарды өткізу ережелері"**).

Бұқаралық тыңдалымдар өткізу ережелеріне енгізілген өзгерістерге сәйкес, өкілетті орган бұқаралық тыңдалым өткізілетін күн мен орын турады ақпаратты өзінің интернет-ресурсында орналастырады және мерзімдік баспа басылымында жариялайды: (1) табиғи монополия субъектілерінің реттелетін қызметтерінің тарифтерін немесе олардың шектік деңгейлерін бекіту кезінде кем дегенде он бес күнтізбелік күн бұрын; (2) Реттелетін нарықтар туралы заңның 18 б. 5 т. сәйкес табиғи монополия субъектілерінің реттелетін қызметтерінің тарифтерін бекіту кезінде кем дегенде жеті күнтізбелік күн бұрын (Реттелетін нарықтар туралы заңның 17 б. 8 т.).

Мемлекет Реттелетін нарықтар туралы заңның 7-1 б. анықталған экономика салаларында бағаларды реттейді.¹⁴

¹² ТМРА бастығы М. Оспанов ТМРА қызметінің басымдықты бағыттары ТКШ инфрақұрылымын жетілдіру, электр қуатының шығындарын төмендету, қуат үнемдеуді экономикалық ынталандыру тетіктерін құру, электр қуатын және суды үнемдеу болғандығын атап өтті.

ТМРА төрағасы сонымен қатар монополисттердің заңсыз әрекеттерінен шағын және орташа кәсіпкерлік субъектілеріне зиян келтірілетіндігін, және мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы заң осы субъектілер үшін қабылданғандығын атап өтті. Жиі монополисттермен келіспеушілік кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін маңызды кедергіге айналады. Сондықтан қазіргі уақытта агенттікпен заңнамаға өзгерістер енгізу ұсынылған. (Толығырақ 2012 ж. 27 маусымдағы, "Казахстанская правда" газетіндегі ТМРА төрағасы М. Оспановтың сұхбатын қараңыз).

Өзінің сұхбатында (Казахстанская правда, 2012 ж., 08 қыркүйек) ТМРА төрағасының орынбасары А.В. Шкарупа энергияны аз мөлшерде тұтынатын әлеуметтік әлсіз халық топтары үшін тарифтердің өсуін баялатуға қол жеткізілгендігін айтты. Жылулық қуатқа дифференциалдық тарифтерді енгізу кезінде сонымен қатар жылу қуатын тіркейтін жалпы үйге орантылатын құралдарды орнату техникалық мүмкін болмайтын жағдайларды ескереді. Тозған, апаттық жайлар, барақ тектес үйлер, әкімдік тізімдемелері бойынша, саралаудан шығарылады, олардың иелері тұтынылған жылу үшін орташа шығарылатын тариф бойынша төлейді. Сонымен қатар, ТМРА төрағасының орынбасары айтып өткендей, әлеуметтік қолдау көрсеті тетіктері жұмыс істейді. коммуналдық қызметтерді төлеу, тіркеу құралдарын сатып алу және орнату үшін қаражаты болмаған кезде тұтынушы тұрмыстық көмек алуға құқылы.

¹³ Бұқаралық тыңдалымдарды өткізу рәсіміне өзгерістер енгізілгеніне қарамастан, тәжірибеде әр түрлі бұзушылықтар жиі орын алады. Осылайша, бұқаралық комиссия жұмысында қатысқан «Есеп аудит» Аудиторлық компаниясы» ЖШС директоры Н. Галенчик бұқаралық тыңдалымдардың тиімділігі жоғары емес екендігін айтты. Кәсіпорынның қаржылық жағдайын зерттеу өте күрделі іс болып табылады. Егер тіпті көпшіліктен арнайы білімі және бұрын қызмет еткен жұмыс өтілі бар адамдар тартылса да, оны қазіргі уақытта қолдану қиын. Дегенмен, Н. Галенчик айтуынша, бұқаралық тыңдалымдар - бұқаралық сарапшыларға толық ақпарат алуға мүмкіндік беретін жалғыз әдіс. Бүгінгі заңнама аудиторлық тексерістерге бұқаралық ұйымдардың өкілдерін тартуға мүмкіндік бермейді. - Толығырақ Е. Шибаршин еңбегін қараңыз. Неге тарифтар бойынша бұқаралық тыңдалымдар тиімсіз? // <http://www.ng.kz/modules/news/article.php?storyid=7849>.

¹⁴ Толығырақ Реттелетін нарықтарда баға белгілеу ережелерін қараңыз (ҚР Үкіметінің 2009 ж. 3 наурыздағы №238 қаулысымен бекітілген).

Жалпы айтқанда Реттелетін нарықтар туралы заң тұтынушылардың, табиғи монополия субъектілерінің және реттелетін нарықтардың субъектілерінің мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз етуге бағытталған. Табиғи монополия субъектілерінің қызметін реттеу мақсаты тұтынушылардың және табиғи монополия, реттелетін нарық субъектілерінің мүдделерінің теңгеріміне қол жеткізу болып табылады. (Реттелетін нарықтар туралы заңның 1 б. (2 тармақша)).¹⁵

Мемлекет қоғам мен мемлекет қажеттіліктерімен анықталатын әлеуметтік-экономикалық тапсырмаларды шешу мақсатында ұлттық қауіпсіздікті, мемлекеттің қорғаныс қабілетін немесе қоғам мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз етудің басқа жолдары болмаған жағдайда; бәсекелестік жоқ немесе бәсекелестік жетік дамымаған қоғамдық өндіріс салаларында тауар өндіруде қоғамдық қажеттілік болған жағдайда бәсекелестікті реттейді (Бәсекелестік туралы заңның 31 б. 1 т.).

Бәсекелестік туралы заңмен *нарық субъектілерінің және тұтынушылардың құқықтарын* монополистік қызметтен қорғаудың құқықтық негіздерін анықтайды.

Мемлекетпен адам құқықтарының үшінші тұлғалармен, соның ішінде коммерциялық ұйымдармен бұзудан қорғалуын қамтамасыз ету жеке беймүліктік құқықтарды да қорғауды қамтиды. Жеке құқықтар тұлғаның теңдігі, еркіндігі, дербес құқықтылығы сияқты ұғымдармен тікелей байланысты және қоғамдағы адамның орнын, жалпы қоғамның даму деңгейін анықтайды.

Жеке беймүліктік құқықтар мен иіліктер ретінде *азамат туғаннан бастап иеленетін иіліктерді немесе заң күшімен оның тұлғасымен тікелей байланысты құқықтарды* түсіну керек, оларды бұзу, айырау немесе кемсіту зиян кешкен адамға моральды зақым келтіруі мүмкін. Адам туғаннан бастап иеленетін *иіліктерге* тұлғаның өмірі, денсаулығы, абыройы, еркіндігі, дербес құқықтылығы жатқызылады, ал *азамат құқықтарына* тұрғын-жай мен меншікке қол сұқпаушылық құқығы; жеке және отбасылық құпияны, телефондық, телеграфтық хабарлар мен жазысқан хаттардың құпиялылығын сақтау құқығы; атын қолдану құқығы; бейнелеуге құқығы; авторлық және авторлық және сабақтас құқықтар туралы заңнамамен қарастырылған басқа жеке беймүліктік құқықтар; қозғалу еркіндігі және тұрғылықты жерді таңдау құқығы; сенімді ақпарат алу құқығы сияқты құқықтарды, сонымен қатар республиканың заңнамалық актілерімен қарастырылған басқа құқықтар жатқызылады (ҚР Жоғарғы Сотының 2001 ж. 12 маусымдағы №3 нормативтік қаулысы).

Жеке беймүліктік құқықтарды құқықтық реттеу негізін Конституция ережелері құрайды, олар жалпы азаматтардың жеке құқықтарының жүйесін бекітеді, сонымен қатар олардың нақты жүзеге асырылуына құқықтық кепілдіктер орнатады. Жеке құқықтарды қорғау ҚР АҚ нормаларымен регламенттелген және сотпен ҚР АІК қарастырылған тәртіпте жүзеге асырылады.

Мемлекетпен адам құқықтарының үшінші тұлғалармен, соның ішінде ұйымдармен бұзудан қорғалуын қамтамасыз ету қағидасы сонымен қатар ҚР АҚ 47 бөлімінің §2 қарастырылған *келісімдік міндеттемелерді, еңбек (қызмет) міндеттерін орындау кезінде азаматтардың өміріне және денсаулығына келтірілген зиянды өтеу бойынша мәжбүрлі іс-шаралар* арқылы жүзеге асырылады. Бұл жағдайда құқықтың қорғау қызметі байқалады, аталған ұғым

¹⁵ АҚШ-ғы Шерманның Трестке қарсы заңы да (1890) "алымдарды тұтынушылар мойнына жүктеуге" бағытталған коммерциялық келісімдерді заңсыз деп тану үшін қабылданғандығын ескеру керек, алайда Д. Арментаоның айтуынша, монополияға қарсы заңнамалық актілер қалыптасқан іскерлік мүдделер тарапынан қолдау тапты және бизнес өкілдерімен бәсекелестік үрдісін шектеу мақсатында қолданылды. Ірі компаниялармен тиімді бәсекелесуге қабілетсіз болып, кейбір бизнес одақтар нарықтағы өздерінің беделін қорғау және нығайту үшін саяси және заңды тосқауылдар қоюға тырысты. – Өтінеміз, толығырақ Д. Арментано еңбегін қараңыз, *Антитраст бәсекелестікке қарсы*. (Мәскеу, 2005), 25-26 б.

ретінде мемлекетпен негізгі қоғамдық қатынастарды қорғауға, атап айтсақ адам құқықтарын қорғауға, оның өміріне, денсаулығына келтірілген зиянды өтеуге бағытталған құқықтық әсер ету бағыты түсіндіріледі.

Адамның әлеуметтік-экономикалық құқықтарын қорғау бойынша қолданылатын іс-шаралар, атап айтсақ ауыр, зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары бар кәсіпорындарда жұмыс істеген және осыған байланысты кәсіби аурулар немесе өндірістік жарақаттар алған бұрынғы жұмыскерлерге қатысты қолданылатын іс-шаралар ҚР АҚ-не (ерекше бөлім) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 2011 ж. 30 наурыздағы №424-ІV ҚР заңымен енгізілген.

Аталған НҚА негізінде жұмыскерлер келтірілген зиян үшін жауапты болып танылған жұмыс берушіден төлем, зиянның өтемақысын алу құқығын иеленеді, ол заппап шегушінің кәсіби еңбекке қабілеттілікті жоғалту деңгейіне, ал ол болмаған кезде - жалпы еңбекке қабілеттіке сәйкес келетін арттырылған орташа айлық табысқа (пайдаға) қатысты пайыздарда анықталатын сондай мамандықтың және біліктіліктің жұмыскерінің орташа еңбекақысы мөлшерінде анықталады.

Жоғарыда айтылғандарды ескеріп, жұмыс берушілерге ҚР АҚ 938 б. 6 т. сәйкес өндірістік жарақатқа немесе кәсіби ауруға байланысты жоғалтылған табыстың (пайданың) өтемақысын ай сайын төлеу бойынша есептеулер келтіру міндеті жүктелген.

ҚР АҚ 945 б. 3 т. жүзеге асыру мақсатында, төлемдерді капиталдандыруға таратылатын заңды тұлғада мүліктің жеткілісіз болуына байланысты жүзеге асырылуы мүмкін болмаған жағдайда, тиесілі сомалар зардап шегушіге мемлекетпен төленеді.

ҚР Үкіметінің 2011 ж. 25 мамырдағы №571 қаулысымен "Қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу жөніндегі төлемдерді капиталдандыру кезеңі аяқталғаннан кейін банкроттық салдарынан таратылған заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының азаматтарына ай сайынғы төлемдерді жүзеге асыру қағидалары" бекітілді, олар еңбекке қабілетілігін жоғалтқан және ешқандай жәрдемақы алмайтын жоғарыда аталған тұлғаларға зиянды өтеу бойынша төлемдер алуға құқық береді.

Азаматтық заңнама ережелеріне негізделіп, мемлекетпен адамның әлеуметтік-экономикалық құқықтарын азаматтық-құқықтық қорғау мәні келесіде негізделетіндігі айқындалады:

(а) нормативтік құқықтық актілерде тікелей қарастырылған жағдайлардан басқасында, *азамат еркіндігін қамтамасыз етуде* оның өміріне үшінші тұлғалардың араласуына жол бермейтін *жеке өмір тіршілігіндегі мінезқұлықты өз қалауы бойынша анықтау*;

(b) әр түрлі ескертпелі тетіктерді (мысалы, стандарттарды енгізу, лицензияларды талап ету және т.б.), олардың іс жүргізудегі анықталғын белгілеу арқылы *азаматтық айналымның басқа қатысушыларының құқықтарының қорғалуын* қамтамасыз ету;

(c) азаматтық қатынастар субъектілерімен, соның ішінде ұйымдармен адам және азамат құқықтарын бұзған жағдайда, *бұзылған құқықтарды қалпына келтіру, азаматтық-құқықтық жауапкершілік іс-шараларымен* қамсыздандыру.

Осылайша, құқық қолдану тәжірибесінің мәселелерін қозғамай, келесідей қорытынды жасауға болады: **жалпы алғанда ҚР азаматтық-құқықтық нормаларында мемлекетпен адам құқықтарының үшінші тұлғалармен бұзудан қорғалуын қамтамасыз ету қағидасы және адам құқықтарының қорғалуын қамтамасыз етудегі құқықтық саясаттың анықтылық қағидасы, сонымен қатар олардан бастау алатын қызмет қағидалары сақталған.**

Жер қойнауын пайдалану саласы ерекшеленеді, оның құқықтық реттелеуі ҚР НІК қатар, жер қойнауын пайдалану келісім-шарттарымен регламенттеледі.

ҚР-да 1992 жылдан 2009 жылға дейінгі кезеңде жер қойнауын пайдаланушылар (мердігерлер) мен ҚР энергетика Министрлігі (қазіргі уақытта - ҚР мұнай және газ Министрлігі) арасында жасалған Өнімді бөлу туралы келісім-шарт (ары қарай - "**ӨБК**") түрінде жер қойнауын пайдалану бойынша 15 келісім-шарт жасалған және әрекет етеді.

Қолданыстағы ҚР СК-де 2009 ж. 1 қаңтарға дейін ҚР Үкіметі мен құзыретті орган және жер қойнауын пайдаланушы арасында жасалған және міндетті салық сараптамасына өткен ӨБК-да, сонымен қатар ҚР Президентімен бекітілген жер қойнауын пайдалану бойынша келісім-шартында белгіленген салық тәртібі осындай келісімнің (келісім-шарттың) ережелеріне сәйкес салық тәртібінің тұрақтылығы тікелей қарастырылған салықтар мен бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдер үшін де сақталады, тек осындай келісім (келісім-шарт) тараптарына қатысты, сонымен қатар оның әрекет ететін барлық белгіленген мерзім ішінде операторларға қатысты әрекет етеді, осындай (келісім-шарт) тараптары немесе операторлар болып табылмайтын тұлғаларға таралмайды, және тараптардың өзара келісімі бойынша өзгертілуі мүмкін (ҚР СК 308-1 б. 1 т.).

Осылайша, ҚР СК барлық әрекет ету мерзіміне **ӨБК-да салық тәртібінде белгіленген тұрақтылық кепілдіктерін** (яғни сәйкес жер қойнауын пайдалану келісім-шарты жасалған күні ҚР салық заңнамасында әрекетті болған салықтар мен мемлекет бюджетіне төленетін басқа міндетті төлемдер бойынша салық міндеттемелерін анықтау және орындау тәртібінің өзгерілмейтіндігін) қарастырады.

Осындай ӨБК қатысты салық тәртібінің тұрақтылық кепілдіктері жер қойнауын пайдалану бойынша салық тәртібінің тұрақтылығының өзгертілген кепілдіктері болып табылады, оларды мемлекет өзінің заңдарды қабылдауға тәуелсіз құқығының күшімен, бір жақты тәртіпте, 1997 ж. 1 қаңтарынан бастап ҚР салық заңнамасына енгізді.

Сонымен қатар ҚР салық заңнамасында, жер қойнауын пайдалану келісім-шарттары бойынша тұрақтылық туралы кепілдікті енгізген сәттен бастап, салық тәртібінің тұрақтылығы туралы нормалармен қатар, келесі жағдайларға қатысты құқықтар әрекет етеді: келісім-шартқа қол қойғаннан кейін келісім-шарттың бастапқы шарттарын ары қарай сақталуының мүмкін болмауына әкелетін немесе оның жалпы экономикалық шарттарының өзгеруіне әкелетін өзгерістер енгізген жағдайда жер қойнауын пайдаланушы және өкілетті және салық органдарының өкілдері келісім-шартқа тараптардың экономикалық мүдделерін келісім-шартқа қол қойған сәттегі жағдай бойынша қалпына келтіру үшін қажетті өзгерістер немесе түзетулер енгізуі мүмкін.

Сонымен қатар көптеген ӨБК-да келесі жағдайлар тікелей қарастырылады: егер ӨБК жасағаннан кейін ҚР салық заңнамасында Тараптардың жағдайын айтарлықтай нашарлататын өзгерістер орын алса, онда Тараптар өздері ӨБК жасаған кезде құқылы болатын экономикалық мүдделердің бастапқы теңгерімін сақтау мақсатында ӨБК шарттарын өзгерту туралы келісуі керек.

Әлемдік экономиканың ғаламдық өзгерістеріне, мұнай бағасының айтарлықтай өсуіне, қазақстандық қоғамның өзгеруіне және басқа факторларға байланысты ӨБК ережелері бүгінгі күні Қазақстанның дамуына жағымсыз әсер тигізеді.

*ӨБК тұрақтылық кепілдіктері мемлекеттің мердігер компанияларға әсер ету, соның ішінде мердігер компаниялар тарапынан адамның әлеуметтік-экономикалық құқықтарын құрметтеуді және олардың тиімді құқықтық қорғалуын қамтамасыз ету мүмкіндігін шектейді.*¹⁶

¹⁶ 2011 ж. Қазақстанның батысындағы Маңғыстау облысындағы мұнай компанияларының жұмыскерлері еңбекақыны көтеруді талап етті. «Қаражанбасмұнай» және «Өзенмұнайгаз» компаниялары заңсыз ереуілде қатқаны үшін бірнеше мың жұмыскерді жұмыстан шығарды. 2011 ж.

2.3. Жұмыскерлер құқықтарын қорғау бойынша мемлекеттің міндеттемелерін бекітетін ҚР еңбек заңнамасының ережелері

ҚР ЕК 3 б. 1 т. айтылғандай, ҚР еңбек заңнамасының мақсаты еңбек қатынастарының **тараптарының құқықтары мен мүдделерін қорғауға** бағытталған еңбек қатынастарын және еңбек қатынастарымен тікелей байланысты басқа қатынастарды құқықтық реттеу, еңбек саласында **құқықтар мен еркіндіктердің минималды кепілдіктерін** орнату болып табылады.

ҚР ЕК 4-8 б. еңбек заңнамасының **қағидалары** белгіленген, олар **мемлекетті жұмыскерлердің құқықтары мен еркіндіктерінің сақталуын қатмасыз етуге, адам құқықтарының үшінші тұлғалардың заңсыз әрекеттерінен қорғалуын қамтамасыз етуге міндеттейді.**

Атап айтсақ, мемлекетке еңбек саласында **адамның және азаматтың құқықтарының шектелуіне жол бермеу** бойынша міндеттер; **кемсітуге**, мәжбүрлі еңбекке және бала еңбегінің ең нашар түрлеріне **тыйым салу бойынша іс-шаралар** қолдану; мемлекеттік кәсіпорындарда қауіпсіздік пен гигиена талаптарына сәйкес келетін еңбек жағдайларын ұсыну; еңбек үшін минималды еңбекақы мөлшерінен кем болмайтын әділ сыйақы алу құқығын қамтамасыз ету; жұмыскерлер мен жұмыс берушілердің **өз құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін бірігу** құқығын қамтамасыз ету; **еңбекті қорғау және қауіпсіздік** сұрақтарын реттеу жүктеледі.

Еңбек заңнамасының қағидаларын жүзеге асыру, сонымен қатар адам құқықтарының қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында ҚР ЕК 11 б. **жұмыс беруші актілеріне қойылатын талаптар** бекітілген.

Жұмыс беруші өз құзыреттілігінің шектерінде ҚР НҚА, еңбек келісім-шартына, келісімдерге, ұжымдық келісім-шарттарға сәйкес актілер шығаруға міндетті. Қарастырылған жағдайларда жұмыс беруші келісу бойынша немесе жұмыскерлер өкілдерінің пікірін ескерумен актілер шығарады.

ҚР еңбек заңнамасымен, ұжымдық келісім-шартпен, келісімдермен салыстырғанда **жұмыскерлер жағдайын нашарлататын** немесе сәйкес рәсімдерді сақтамай жарияланған **жұмыс берушінің актілері жарамсыз болып табылады және қолданылмайды.**

Сонымен қатар мемлекет азаматтардың өнімді және еркін таңдалған жұмысбастылыққа қол жеткізуге мүмкіндік беретін саясаттың жүргізілуін қамтамасыз етеді (Халықты жұмыспен қамту туралы заңның 4 б. 1 т.).

Халықты жұмыспен қамту туралы заңның 4 б. 2 т. сәйкес жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік саясат **ҚР азаматтарына, шетелдіктерге және азаматтығы жоқ тұлғаларға, ҚР-да тұрақты өмір сүретіндерге** тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге, қызмет түрін және мамандықты, әділетті және қолайлы еңбек жағдайларын, жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғауды таңдауға; өнімді жұмысбастылықты қамтамасыз етуге, жұмыссыздықты азайтуға, жұмыс орындарын құруға; қолданыстағы жұмыс орындарын сақтайтын және жаңа жұмыс орындарын құратын, соның ішінде мақсатты топтарға және т.б. жұмыс орындарын құратын жұмыс берушілерді ынталандыруға бағытталған.

қыркүйек айының соңында мұнай өндіру компанияларының мемлекеттік жинағын иеленетін "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қорының баспасөз қызметі мұнайшылар ереуілі "тоқтатылды", "жанжал еңбек заңнамасының аясында шешілді" деп хабарлады. Сондай-ақ еңбек келісім-шарттарының бұзылғанына байланысты **екі мың жұмыстан шығарылғандарды** жұмысқа орнату сұрағы шешілмеді.

Еңбек қатынастары саласында адамды құқықтарымен қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік органдарға ҚР ЕК 2, 38 белгіленген бөлімдерімен құқықтар және міндеттер жүктелген.

Еңбек саласындағы мемлекеттік органдардың өкілеттіктерін келесі түрлерге ажыратуға болады:

(а) **заң шығару өкілеттіктері** (ҚР ЕК 15 б. сәйкес ҚР Үкіметі негізгі бағыттарын дайындайды және еңбек, еңбек қауіпсіздігі және қорғау саласында мемлекеттік саясаттың жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді; уақытша еңбекке қабілетсіздік бойынша әлеуметтік жәрдемақы мөлшерін, оны тағайындау және төлеу тәртібін анықтайды; ҚР ЕК 16 б. 25) тармақшасында ХЕӨҚМ-не міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақшаларының нысанын, тәуекел деңгейін бағалау белгілерін және т.б. дайындау және бекіту жүктелген.);

(b) **басқару өкілеттіктері** (еңбек қауіпсіздігі және қорғау салаларында басқа мемлекеттік органдармен, сонымен қатар жұмыскерлер және жұмыс берушілер өкілдерімен өзара әрекеттесуді және үйлестіруді жүзеге асырады; ХЕӨҚМ жергілікті атқарушы органдары халық топтарын жұмысқа орналастыру үшін үлестеме бекітеді (ҚР ЕК 18 б. 7) тармақшасы);

(с) **бақылау өкілеттіктері** (ҚР ЕК 16 б. 12) тармақшасы ХЕӨҚМ-не өндірістегі оқыс жағдайларды тергеу жұмыстарын уақытылы және объективті өткізу бойынша өкілеттіктерді бекітеді; ХЕӨҚМ еңбек қауіпсіздігі және қорғау саласында тәуекелдердің бақылануын және бағалануын ұйымдастырады (ҚР ЕК 16 б. 22) тармақшасы); ҚР ЕК 17 б. 4) тармақшасына сәйкес ХЕӨҚМ аймақтық бөлімшелері өндірістегі оқыс жағдайларды тергейді; ұйымдарда ҚР еңбек заңнамасының сақталуының мемлекеттік бақылауын мемлекеттік еңбек инспекторлары жүзеге асырады (ҚР ЕК 328 б. 1 т.);

(d) **іс қарау өкілеттіктері** (ХЕӨҚМ аймақтық бөлімшелері еңбек қауіпсіздігі және қорғау сұрақтары бойынша жұмысшылардың, жұмыс берушілердің және олардың өкілдерінің өтініштерін қарастырады (ҚР ЕК 17 б. 4) тармақшасы).

Демек, мемлекет оған тәжірибеде адам құқықтарының үшінші тұлғалармен бұзудан қорғалуын жүзеге асыруға нақты мүмкіндік беретін өкілеттіктер ауқымына ие.

Адамның әлеуметтік-экономикалық құқықтарын қамтамасыз етудегі жалпы бағыт ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың "Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты" атты Қазақстан халқына жолдауында (27 қаңтар 2012 ж.) көрсетілген.

Елбасы тапсырмасы бойынша ҚР Үкіметі **Жұмыспен қамту бағдарламасын** бекітті, онда үш маңызды міндет ұсынылған: тиімді оқыту жүйесін құру және жұмыспен қамтуда ат салысу, ауылда кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу; еңбек ресурстарының белсенділігін жоғарылату, Қазақстанның экономикалық белсенді орталықтарындағы басымдықты жұмыспен қамту.

Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасының аясында мемлекет қызметінің үш бағыты анықталған.

Бағдарламаның **бірінші бағыты** тұрғылықты жері бойынша жұмысқа орналастыру арқылы азаматтардың тұрақты және өнімді жұмысбастылығын қамтамасыз етуге бағытталған, және өздігінен жұмыс істейтін, жұмыссыз және табысы аз азаматтарды қамтиды.

Екінші бағыттың мақсаты жеке істі ұйымдастыру арқылы азаматтардың экономикалық белсенділігін жоғарылату болып табылады.

Үшінші бағыт алдындағы екі бағыттан өткеннен кейін бағдарлама қатысушыларында жалдамалы еңбекпен немесе жеке іспен айналысу мүмкіндіктері болмаған жағдай үшін қарастырылған.

2020 ж. дейінгі Құқықтық саясат тұжырымдамасында еңбек заңнамасын оны қолдану тәжірибесіне жүйелік талдау жүргізу және осы саладағы халықаралық тәжірибені ескеру арқылы жетілдіру қажеттілігі атап өтіледі. Еңбек қызметінің сипатына және жұмыскерлердің еңбек жағдайларына байланысты еңбек және әлеуметтік заңнаманы ары қарай саралау сұрақтары, сонымен қатар әлеуметтік серіктестіктің қолдану саласын және құралдарын кеңейту сұрақтары талқылауды талап етеді.

Әлеуметтік заңнаманы дамытудың басымдықты бағыттарының бірі келесі: зейнетақы активтерін орналастыру кезінде қолданылатын қолда бар қаржылық құралдарды қолдану және жаңа қауіпсіз қаржылық құралдарды құру; жеке азаматтар тобының, соның ішінде әлеуметтік төлемдерді өмір сүруге арналған қаражаттарының жалғыз көзі ретінде пайдаланатын тұлғалардың әлеуметтік қорғалуын жетілдіру.

*Демек, көрсетілген бағдарламалық құжаттарға тіркелген және адамның әлеуметтік-экономикалық құқықтарына қатысты мемлекет қызметінің бағыттары **мемлекетпен кәсіпкерлер алдында қойылатын талаптар туралы түсінік береді.***

Еңбек қатынастарын реттеудегі жағымды жағдайлармен қатар өзгерістер мен толықтыруларды талап ететін ережелер бар.

Еңбек заңнамасында зейнет алды және зейнеткерлік жастағы адамдарды қорғауға арналған әрекетті тетіктер жоқ.

Заңнамада ешкім еңбек құқықтарын жүзеге асыру кезінде жасына қатысты қандай да бір кемсітуге ұшырамауы керек делінсе де (ҚР ЕК 7 б.), сонымен қатар ҚР ЕК-да еңбек келісім-шартын бұзу үшін жұмыскердің зейнетақы жасына толуы негіз болып көрсетілмесе де, Мемлекеттік қызмет туралы заңның 27 б. 1 т. 1) тармақшасында *зейнеткерлік жас жұмыстан шығару үшін негіз болып табылады делінген*, және әкімшілік мемлекеттік қызметкерлер тарапының өзара келісімі бойынша бір жылға мерзімдік еңбек келісім-шартын жасау құқығы сақталады. Сонымен қатар мемлекеттік қызмет ҚР ЕК 7 б. 3 т. қарастырылған ерекшеліктерді, өзгешеліктерді, басымдықтарды және шектеулерді талап ететін еңбек қызметінің ерекше түрі болып табылмайтындығын атап өткен жөн.

Ұқсас жағдай сонымен қатар еңбек мигранттарына, яғни еңбек қызметін жүзеге асыру үшін басқа мемлекеттерден ҚР-на және ҚР-нан, сонымен қатар мемлекет ішінде уақытша орнын ауыстырған жеке тұлғаларға қатысты орын алған (Халықтың көші-қоны туралы заңның 1 б. 4) тармақшасы).¹⁷

ҚР-на шетелдік жұмыс күшін тарту кәсіби және біліктілік санаттар бойынша жыл сайын бекітілетін *үлестеме* негізінде жүзеге асырылады (Халықтың көші-қоны туралы заңның 37 б. 1 т.). ҚР-на шетелдік жұмыс күшін тартуға үлестеме орнату тәртібі, шетелдік жұмыскерге жұмысқа орналасу үшін және жұмыс берушіге шетелдік жұмыс күшін тарту үшін рұқсат беру шарттары мен тәртібі ҚР Үкіметімен анықталады (Халықтың көші-қоны туралы заңның 37 б. 4 т.).¹⁸

¹⁷ 01 қазан 2012 ж. Құлдыңтың заманауи нысандары бойынша БҰҰ арнайы баяндамашы Гульнара Шахинян Қазақстанға жұмыс берушілермен еңбек мигранттарын жалдау үрдісін жеңілдету және олардың мәртебесін ресми тіркеуге ұсыныс жасады. Бүгінгі күні еңбек мигрантына және жұмыс берушіге тіркелу үшін көптеген құжаттарды толтыру керек. Еңбек мигранттары заңмен қорғалмаған, жұмыс берушілердің билігінде заңсыз жағдайларда орналасады. - <http://www.zakon.kz/kazakhstan/4516215-oon-predlagaet-kazakhstanu-uprostit.html>.

¹⁸ Өтінеміз, Шетелдік жұмыскерге жұмысқа орналасу үшін және жұмыс берушіге шетелдік жұмыс күшін тарту үшін рұқсат беру ережелері мен шарттарын қараңыз (ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 13 қаңтардағы № 45 қаулысымен бекітілген).

Шетелдік жұмыс күшінің көшіп-қонуын реттеу сұрақтары бойынша Халықтың көші-қоны туралы заңға жағымды дискриминация іс-шараларын қарастыратын ережелер енгізілген, олар этникалық қазақтар және бұрынғы отандастар қатарындағы шетелдік жұмыскерлердің еңбек қызметі үшін басымдықты құқықтарды ұсынуда анықталады.

Жергілікті атқарушы орган этникалық қазақтар және бұрынғы отандастар қатарындағы шетелдік жұмыскерге жұмысқа орналасу үшін және жұмыс берушіге этникалық қазақтар және бұрынғы отандастар қатарындағы шетелдік жұмыс күшін тарту үшін рұқсат қағаздарды ҚР Үкіметімен анықталатын *жеңілдетілген тәртіпте* береді (Халықтың көші-қоны туралы заңның 38 б.).

Осылайша, құқық қолдану тәжірибесінің мәселелерін қозғамай, жалпы **ҚР еңбек заңнамасында мемлекетпен жұмыскер құқықтарының жұмыс берушімен бұзудан қорғалуын қамтамасыз етуді жариялайтын қағидалар бекітілгендігі туралы** қорытынды жасауға болады. Мемлекет жұмыскерлерге қатысты коммерциялық ұйымдардан күтілетін мінезқұлық стандарттарын мәлімдеді.

2.4. Адамның әлеуметтік-экономикалық құқықтарын үшінші тұлғалармен, соның ішінде коммерциялық ұйымдармен бұзудан қорғау бойынша мемлекеттің міндеттемелерін бекітетін ҚР табиғат қорғау заңнамасының ережелері

07 желтоқсанда 2007ж. Н.Ә. Назарбаев мемлекеттің тұрақты дамуына және қоршаған ортаны қорғау сұрақтарына арналған Шетелдік инвесторлар кеңесінің 18 пленарлық отырысында жаңғырмалы қорын қолданатын балама энергия көздерін дамыту бойынша, сонымен қатар кәсіпкерлерді бизнесті "экологияландыруға" ынталандыратын жағдайлар жасау бойынша үкімет пен инвесторлардың бірлесіп жұмыс істеуі қажет екендігін мәлімдеді.

Елбасы үкіметтен **барлық салалық және аймақтық бағдарламаларда міндетті тәртіпте** тұрақты даму, **табиғат қорларын дұрыс және тиімді пайдалану**, үйлестірілген демографиялық саясат **қағидаларын ескеруді** талап етті. Мемлекеттік органдармен дайындалатын барлық заң жобалары сәйкесінше мемлекеттік экологиялық сараптамадан өтуі керек. Сонымен қатар, республиканың ірі қалаларында атмосфераның автокөліктердің пайдаланылған газдармен ластану мәселесінің шиеленісуіне байланысты Елбасы үкіметке **көлікке арналған экологиялық стандарттарды күшейту**, экологиялық таза отынды кеңінен пайдалану **бойынша іс-шараларды қабылдауды** тапсырды.

2009 ж. 26 наурыздағы №144-IV заңмен Климаттың өзгеруі туралы БҰҰ шекті хаттамасына қатысты Киото хаттамасы бекітілді. Киото хаттамасында көрсетілген міндеттемелерді орындау буланатын газдардың ластануларын реттейтін ұлттық жүйені құруға, атмосфераның антропогендік ластану деңгейін төмендетуді қарастыратын ұлттық саясатты жүргізуге бағытталған.

2009 ж. 05 шілдеде Елбасы жаңғырмалы энергия көздерін қолдау туралы заңға қол қойды. Заң Қазақстанда жаңғырмалы энергия көздерін енгізу барысында тұрған көптеген ұйымдастырушылық және қаржылық тосқауылдарын жойды.

2020 ж. дейінгі Құқықтық саясат конвенциясында **Қазақстанның бірқатар аймақтарында күрделі экологиялық жағдай орын алғандығы** көрсетілген.¹⁹ Осыған байланысты, табиғат

¹⁹ ҚР Ұлттық ғылыми порталы хабарлағандай, антропогендік әсер ету нәтижесінде **Қазақстанның барлық аумағында табиғат ортасының елдің болашақтағы экономикалық және әлеуметтік дамуын қамтамасыз ету қабілеті бұзылған.**

Ауаның, судың және топырақтың белсенді ластануы, жануарлар және өсімдіктер әлемінің тозуы экологиялық жүйелердің бұзылуына, шөлге айналуға және биологиялық және ландшафттық алуан түрліліктің айтарлықтай шығындарына, халықтың аурушаңдығының және өлімге ұшырануының өсуіне әкелді. Мұндай өзгерістердің нәтижесінде халық өмірінің сапасы төмендейді және республиканың

қорғау заңнамасын дамыту және кейінгі жетілдіру, соның ішінде оны халықаралық міндеттер мен стандарттармен үйлестіру өзекті мәселе болып табылады. Табиғат қорғау қызметінің тиімділігін жоғарылату мақсатында табиғат қорларын пайдалану және оны қорғау үрдістерін құқықтық реттеу тетіктерін нақты ажырату керек. Табиғат қорғау заңнамасы оңтайлы табиғат қолдануға және экологиялық нормативтерді сақтауға, экологиялық таза өндірісті және азаматтардың экологиялық қауіпсіз әрекет етуін дамытуға қолдау көрсетуі керек.

Халықаралық сот тәжірибесі көрсететіндей,²⁰ қанағаттанарлық қоршаған орта құқығын нақты экологиялық құқықтарға бөлуге болады және оларды **адамгершілікке жатпайтын және қорлайтын қолданудан қорғау және жеке өмірдің қорғалуына құқығы** сияқты құқықтар көрісінде қарастыруға болады.

ҚР экологиялық кодексі қоршаған ортаны қорғау, қалпына келтіру және сақтау, ҚР аумағында табиғат қорларын пайдаланумен және қоршаған ортамен әсер етуге байланысты шаруашылық және басқа қызметті жүзеге асыру кезінде табиғат қорларын пайдалану және жаңғырту саласындағы қатынастарды реттейді (ҚР ЭК 3 б.).

Адам құқықтарын қорғау қағидаларымен байланысты Қазақстанның тұрақты дамуының экологиялық негіздері адамның өмірі мен денсаулығы үшін қолайлы қоршаған ортаны қамтамсыз ету бойынша мемлекеттік мақсатқа қол жеткізу; экологиялық ақпаратқа қол жетімділік бойынша әр адамның құқығын сақтау мен көпшіліктің қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму сұрақтарын шешуде жан-жақты қатысуы; қоршаған ортаны қорғау саласында қабылданатын іс-шаралардың жариялылығын қамтамсыз ету болып табылады.

Тұрақты дамудың көрсетілген негіздері және экологиялық заңнаманың қағидаларын жүзеге асыру қоршаған ортаның қорғалуын мемлекеттік реттеу және табиғат қорларының пайдаланылуын басқару тетіктері арқылы қамтамсыз етіледі.

ҚР ЭК 6 б. бекітілген, қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік реттеудің және табиғат қорларын пайдалану саласындағы мемлекеттік басқарудың негізгі ережелері сонымен қатар адамның әлеуметтік-экономикалық құқықтарын қорғауға бағытталған.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік реттеу құрамына келесі кіреді: қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметті лицензиялау; экологиялық нормалау; қоршаған ортаны қорғау саласындағы техникалық реттеу; мемлекеттік экологиялық сараптама; экологиялық рұқсаттар беру; мемлекеттік экологиялық бақылау; қоршаған ортаны қорғау үрдістерін экономикалық реттеу жүйесі; ең озық экологиялық таза технологияларды енгізуді ынталандыру; табиғат қорғау іс-шараларын қаржыландыру жүйесі; буланатын газдардың ластау мөлшерін үлестемелеу; буланатын газдары түгендеу; буланатын газдардың ластауын және сіңірілуін қысқартатын нарық тетіктерін орнату; буланатын газдардың нақты ластау және сіңірілу көлемдерін бақылау жүйесі; мемлекеттік экологиялық бақылау, табиғат пайдаланушыларын, қоршаған ортаның ластану көздерін және аймақтарын мемлекеттік тіркеу; экологиялық білім беру және ағартушылық.

Қоршаған ортаны пайдалану саласындағы мемлекеттік басқару құрамына келесі кіреді: табиғат қорларын пайдалану саласындағы мемлекеттік жоспарлау, табиғат қорларының

тұрақсыз дамуы орын алады. (Өтінеміз. толығырақ келесі сайтты қараңыз, http://www.nauka.kz/biol_med/razd4/probl_ekologii_v_KZ.php).

²⁰ *Case of Lopez Ostra v. Spain* адам құқықтары бойынша Еуропалық Сотпен қарастырылған іс барысында, 1994 жылғы 9 желтоқсандағы шешім бойынша (Publications of the European Court of Human Rights, Series A, No. 303DC), зауытпен қоршаған ортаны ластау нәтижесінде туындайтын мазасыздық пен қолайсыздық АҚЕК 8 бабын (жеке және отбасылық өмірді, тұрғын-жайды және хат-хабарды құрметтеу жөніндегі құқық) бұзушылық болып табылатындығы туралы қаулы шығарылды. Комиссия осы өтінішті сонымен қатар 3 б. негізінде (зорлауға және адамгершілікке жатпайтын немесе абыройды кемсітетін пайдалануға мен жазалауға тыйым салу) лайықты деп таныды.

қорғалуын, пайдаланылуын және жаңғыртылуын мемлекеттік бақылау; лицензияларды, рұқсат қағаздарды беру және табиғат қорларын пайдалану құқығы бойынша келісімдер (келісім-шарттар) жасау; табиғат қорларының қалпына келтіру және жаңғырту үрдістерін қалпына келтіру, қор үнемдейтін технологияларды енгізу; табиғат қорларының бақылауын және тізімдемелерін жүргізу; табиғат қорларын пайдалану шектерін орнату және үлестемелерін үйлестіру, табиғат қорларының пайдалану, қалпына келтіру және жаңғырту үрдістерін жүзеге асыратын мемлекеттік заңды тұлғаларды басқару; табиғат қорларының қорғалуын ұйымдастыру.

ҚР ЭК реттелетін қатынастардың қатысушылары жеке тұлғалар, мемлекет және жоғарыда айтылған салаларда реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдар болып табылатындығына қарамастан, экологиялық нормалар негізінен заңды тұлғаларға арналғандығы айтып өту керек. Негізінен осы субъектілердің қызметі, тәжірибе көрсеткендей, қоршаған ортаға, және, сәйкесінше, адам құқықтарының бұзылуына үлкен қауіп тудырады.²¹

Табиғатпен өзара әрекеттесу үрдісінде жеке адамның әр түрлі қажеттіліктерін қамтамасыз ететін экологиялық құқықтар ҚР ЭК 13 б. белгіленген.

Осы нормаға сәйкес **жеке адам құқылы**: 1) оның өмірі мен денсаулығы үшін қолайлы қоршаған ортаға; 2) қоршаған ортаны қорғау және сауықтыру бойынша іс-шараларды жүзеге асыруға; 3) қоршаған ортаны қорғайтын қоғамдық бірлестіктер мен қорларды құруға; 4) мемлекеттік органдармен қоршаған ортаға қатысты сұрақтар бойынша шешім қабылдау үрдісінде қатысуға; 5) қоршаған ортаны қорғау саласындағы жиналыстарда, митингтерде, ереуілдерде, шерулер мен шараларда қатысуға; 6) қоршаған ортаны қорғау сұрақтары бойынша хаттармен, шағымдармен арыздармен және өтініштермен мемлекеттік органдарға жүгінуге және олардың қаралуын талап етуге; 7) мемлекеттік органдар мен ұйымдардан уақытылы, толық және сенімді экологиялық ақпарат алуға; 8) дайындау кезеңінде қоршаған ортаны қорғау сұрақтары бойынша нормативтік құқықтық актілерді талқылауда қатысуға және дайындаушыларға өзінің ескертулерін ұсынуға; 9) қоршаған ортамен байланысты жоспарлар мен бағдарламалар дайындау үрдісінде қатысуға; 10) бұқаралық экологиялық сараптама жүргізу туралы ұсыныстар енгізуге және онда қатысуға; 11) әкімшілік және сот тәртібінде кәсіпорындарды, құрылыстарды және басқа экологиялық қауіпті объектілерді орналастыру, салу, қайта құрастыру және қолданысқа енгізу туралы, сонымен қатар қоршаған ортаға және адам денсаулығына теріс әсер ететін жеке және заңды тұлғалардың шаруашылық және басқа қызметін шектеу және тоқтату турады шешімдердің күшін жоюды

²¹ Қоршаған ортаға зиян келтірген және адамның экологиялық құқықтарын бұзған ең елеулі фактілер жер қойнауын пайдаланушылар қызметінде тіркелген. Осылайша, 2009 жылдың қыркүйегінде «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ тексеру барысында "Кеңқияқ" кен орнында пайдаланылатын 19 ұңғыма кіріс жолдармен қамсыздандырылаған, ал объектіні қабат суларын тұндыру үшін пайдалану кезінде "Кеңқияқ мұнай кен орнының тұзды кендерін өңдеу" бекітілген жобасынан ауытқығандығы анықталған. Сонымен қатар осы жобалық шешімдерді жүзеге асыру мерзімдері 2005 жылы ақталған. Жобалық шешімдерді орындамағаны үшін «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ-на айыппұлдық ықпалшаралар тағайындалды.

Экологиялық инспекциямен «Тенгизшевройл» ЖШС қызметін тексеру барысында экологиялық заңнаманы сақтау бөлігінде қоршаған ортаға орнаоластыру құқығы болмаған кезде 2009 ж. 21 желтоқсанынан 2010 ж. 01 қаңтарына дейінгі кезеңде 155 мың тонна көлемінде күкірт орналастыру фактісі анықталды. Осыған байланысты, экологиялық инспекциямен ҚР ЭҚК 243 б. бойынша 1 млрд. теңге сомасына айыппұл салынды және 1 млрд. теңге сомасында қоршаған ортаға келтірілген зиян өндіріп алынды.

2010 ж. «Арселор Миттал Теміртау» АҚ жоспардан тыс тексерісі кезінде Нұра өзеніне аммоний азоты (2,37 ШРЛ), нитриттар (7,88 ШРЛ) бойынша шектік рұқсат етілетін ластаулардың нормаларынан асқаны анықталды. Осыған байланысты заңды тұлғаға 7 млн. теңге көлемінде айыппұл, сонымен қатар 6,8 млн. теңге көлемінде наразылық тағайындалды.

Қоршаған ортаны қорғау Министрлігінің мәліметтері бойынша 2010 ж. жер қойнауын пайдаланушылармен келтірілген зиянның жалпы сомасы 5 млрд. теңгені құрады - Өтіміз, келесі сайтты қараңыз, <http://www.kursiv.kz/1195205757-priodooxrannoe-zakonodatelstvo-rk-soblyudaetsya-nevsemi-nedropolzovatelyami.html>.

талап етуге; 12) сотқа ҚР экологиялық заңнамасын бұзу нәтижесінде олардың денсаулығына және мүлігіне зиянды өтеу туралы қуыным беруге.

Соңғы жылдары экология саласында жинақталған қалдықтар көлемінің артуы туралы мәселе күрделене түсуде. ҚР қызметі климаттың өзгеруінің ғаламдық экологиялық мәселесін шешу бойынша Қазақстанның міндеттемелеріне сәйкес қалдықтар және буланаты газдардың сіңірілуі саласында мемлекеттік реттеуді күшейтуге бағытталған.

2010 жылдың соңында ҚР-да *мұнай-газ, энергетика, тау металлургиясы салаларындағы ірі кәсіпорындардың, өнеркәсіптің химиялық салардың, ауыл шаруашылығының және көліктердің шығарылған заттар шамамен 214 млн. тонна немесе жалпы көлемнің 90% құрады, қалдықтар көлемі 22 млрд. тоннадан асты, соның ішінде қауіпті қалдықтар - шамамен 7 млрд. тонна.*

2008 жылдан 2010 жылға дейінгі кезеңдегі қалдықтарды құру өзгерісі келесіні көрсетті, *жыл сайын орташа алғанда құрылатын қалдықтардың 20% жойылады, ал шамамен 500 млн. тонна жыл сайын жинақталған көлемде сақталады.* Мұндай үрдіс кезінде 2020 ж. 28 млрд. тонна қалдық жинақталады деп күтілуде. Заңнаманың жетілмегендігіне байланысты кәсіпорындарға қалдықтарды жою және пайдалану бойынша іс-шараларды қабылдағанға қарағанда, қалдықтарды орналастыру үшін ақы төлеген тиімді. Кәсіпорындар материалдық жауапкершілікке тартылмады, келтірілетін зиянды өтемеді, және қалдықтар көлемін азайту және олардың әсер етуін төмендету бойынша іс-шараларды қолданбады.

Құқық қорғау органдарының Үйлестіру кеңесінде бірнеше рет айтылғандай, *қылмыстық құқық нормалары экологиялық қауіптерге сәйкес келмейді. Экологиялық қылмыстардың 18 бабының рұқсат етілмеген аң аушылық үшін қолданылатын үш-төрт ереже ғана нақты қолданылады.*

Осыған байланысты 2011 жылғы 15, 22 шілдеде, сонымен қатар 03 желтоқсанда Экологиялық кодекске, сонымен қатар құрамында экология саласындағы қорғау нормалары бар басқа ҚР НҚА-не өзгерістер мен толықтырулар енгізілген. Атап айтсақ, тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің мүдделері мен құқықтарын қоршаған ортаға антропогендік және табиғи әсер ету нәтижесінде туындайтын қауіптерден қорғау маңыздылығын ескеріп, ҰР ҚК және ӘҚК жетілдіруге зор көңіл бөлінді.

ҚР ЭК-не Қазақстанмен бекітілген халықаралық экологиялық конвенцияларды жүзеге асыруға бағытталған жаңа экологиялық талаптар енгізілді, сонымен қатар қалдықтарды жоюға және екіншілік пайдалануға немесе олардың құрылуын қысқартуға ынталандырудың экономикалық тетіктері қабылданды. 2011 ж. бастап жылына 20 мың тоннадан асатын буланатын газдарды шығаратын жер қойнауын пайдаланушыларды үлестеме алуға міндеттеді

Алайда бүгінгі күні азаматтардың денсаулығы мен мүлігіне экологиялық құқық бұзушылықпен келтірілген зиянды өтеуге арналған әрекетті тетіктер жоқ. Мемлекеттік органдарды және олардың лауазымды тұлғаларын экологиялық құқықтарды жүзеге асыруда МӨҰ және азаматтарға жәрдемдесуге міндеттейтін тиімді құқықтық рәсімдер жоқ.

Осылайша, нормативтік актілерде бекітілген ережелер коммерциялық ұйымдармен бұзылған жағдайда адамның экологиялық құқықтары мен заңды мүдделерінің жүзеге асырылуына және қорғалуына толықтай кепілдік бермейді.

2.5. Төтенше жағдай кезінде адамның әлеуметтік-экономикалық құқықтарын қорғау бойынша мемлекеттің міндеттемелерін бекітетін ҚР заңнамасының ережелері

Төтенше жағдай туралы Заңның 1 б. 5) тармақшасына сәйкес, *төтенше жағдай* (ары қарай - **ТЖ**) - бұл азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және ҚР конституциялық құрылымын қорғау мақсатында ғана қолданылатын және мемлекеттік органдар, ұйымдар қызметінің ерекше құқықтық тәртібі болып табылатын уақытша іс-шара, аталған тәртіп азаматтардың, шетелдіктердің және азаматтығы жоқ тұлғалардың құқықтары мен еркіндіктеріне, сонымен қатар заңды тұлғалардың құқықтарын және оларға жүктелетін қосымша міндеттеріне жеке шектеулер қою мүмкіндігін ескереді.

Демократиялық институттарға, ҚР тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығына, саяси тұрақтылығына, оның азаматтарының қауіпсіздігіне маңызды және тікелей қауіп төнген жағдайда және мемлекеттің конституциялық органдарының қалыпты әрекет етуі бұзылған жағдайда, Конституцияның 44 б. 16) тармақшасына сәйкес ҚР Президенті Премьер-министрмен және ҚР Парламентінің палаталарының төрағаларымен кеңескеннен кейін аталған жағдайлармен мәжбүрленетін іс-шараларды қабылайды, соның ішінде ҚР аумағында және оның жеке елді мекендерінде ТЖ енгізу, бұл туралы ҚР Үкіметін кідірместен хабарландырып, ҚР Қарулы Күштерін пайдалану ескерілген.

ТЖ Елбасы жарлығымен енгізіледі, ол Төтенше жағдай туралы заңның 6 б. бекітілген белгілерге сәйкес келуі керек.

Конституцияның 24 б. 1 т. сәйкес **ТЖ кезінде мәжбүрлі еңбекке рұқсат етіледі.**

Сонымен қатар ТЖ кезінде пайдаланылатын іс-шаралар, және жеке тұлғалардың құқықтары мен еркіндіктерін, сонымен қатар заңды тұлғалардың құқықтарын шектеу, оларға қосымша мүмкіндіктерді жүктеу ТЖ енгізуге негіз болған жағдайлармен туындатылған шектерде жүзеге асырылуы керек. ТЖ кезінде қолданылатын іс-шаралар мен шектеулер адам құқықтары саласында ҚР бекітілген халықаралық келісім-шарттарға қайшы келмеуі керек (Төтенше жағдай туралы заңның 17 б.).

ТЖ енгізілуіне қарамастан мемлекет оның әрекет етуі кезінде жеке және заңды тұлғаларға белгіленген құқықтар бойынша кепілдік береді. Осылайша, Төтенше жағдай туралы заңның 18 б. сәйкес ТЖ енгізуге негіз болған жағдайлар нәтижесінде зардап шеккен жеке тұлғаларға тұрғын жайлар ұсынылады, материалдық зиян өтеледі, ҚР Үкіметімен белгіленетін тәртіпте және шектерде қажетті көмек ұсынылады. Сонымен қатар мүліктері мен қорлары ТЖ енгізуге негіз болған жағдайларды жою қажеттіліктері үшін қолданылса, жеке және заңды тұлғалардың материалдық зиянын тең мөлшерде өтеу ҚР заңнамасымен белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

ТЖ тәртібін қамтамасыз ету мақсатында қабылданған, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен еркіндіктерін уақытша шектеумен байланысты ҚР НҚА тек ТЖ енгізілген мерзім ішінде қолданылады, және арнайы хабарландырусыз ТЖ әрекет етуі тоқтатылған сәтте күшін жояды.

ТЖ әрекетін тоқтату ТЖ бұзу туралы істер бойынша әкімшілік іс жүргізуді тоқтатуға әкеледі (Төтенше жағдай туралы заңның 21 б.).

ҚР Конституциясының 75 б. 4 т. бастау алатын және адамның және азаматтың құқықтары мен еркіндіктерінің қорғалуына кепілдік беретін маңызды ереже **қандай да бір атаумен арнайы және төтенше соттарды құруға жол бермеу** болып табылады. Осыдан ТЖ енгізілген елді мекенде әділеттік ҚР заңнамалық актілеріне сәйкес соттармен жүзеге асырылады (Төтенше жағдай туралы заңның 23 б.).

Осылайша, адам құқықтары кейбір жағдайларда шығарылатын заңдар арқылы конституциялық құрылымды қорғау, қоғамдық тәртіпті, адам құқықтары мен еркіндіктерін, халық денсаулығы мен адамгершілігін қорғау мақсатында қажет болатын шамада ғана ҚР Конституциясына сәйкес шектелуі мүмкін. ҚР Конституциясында және Төтенше жағдай туралы заңда бекітілген нормалар ТЖ тәртібінің аясында шектелген адам құқықтарының сақталуына және қорғалуына жәрдемдесуі керек.

3. Қорытындылар

ҚР конституциялық және азаматтық заңнамасын талдау жалпы осы салалардың нормалары адам құқықтарының сақталуына және қорғалуына кепілдік береді деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Алайда азаматтық заңнаманың кейбір бөлімдері (мысалы, бәсекелестікті, мемлекеттік сатып алуларды, тұтынушылар құқықтарының қорғалуын, жер қойнауын пайдаланушылармен өзара қарым-қатынасты және т.б. реттеу бөлімінде) бастапқыда заңнаманың осы салаларына тағайындалған іргелі негіздерге, стандарттарға сәйкес келмейді.

Еңбек заңнамасында мемлекетпен жұмыскерлер құқықтарының жұмыс берушілермен бұзудан қорғалуын қамтамасыз етуді жариялайтын негізгі қағидалар көрсетілген, алайда еңбек заңнамасында мемлекетпен белгіленген кәсіпорындардан жұмыскерлерге қатысты күтілетін мінезқұлық стандарттарын жүзеге асыруға арналған әрекетті тетіктер қарастырылмаған. Басқаша айтқанда, адам құқықтарының қорғалуына кепілдік беретін негізгі ережелер жалпы ережелердің орындалуын қамтамасыз ететін нормаларда нақтыланбайды.

ҚР экологиялық заңнамасы адам құқықтарын сақтауға міндеттейтін бірқатар қағидаларды бекітті. Алайда Семей ядролық полигонын жабу туралы ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 1991 жылғы 29 тамыздағы жарлығынан кейін (2-ші Мемлекеттік орталық сынақ полигоны) ҚР табиғат қорғау заңнамасы көп жағынан бұзылған жағдайда қолайлы ортаға қатысты адамның құқықтарының жүзеге асырылуына және қорғалуына кепілдік бермейтін болды. Экологиялық заңнаманы кеңінен және тұрақты бұзу мәселесі тиісті қорғау нормаларының және елдегі экологиялық жағдайды бақылайтын әрекетті тетіктердің болмауына байланысты.

Төтенше жағдай туралы заң адам құқықтарының тек конституциялық құрылымды қорғау, қоғамдық тәртіпті, адам құқықтары мен еркіндіктерін, халық денсаулығы мен адамгершілігін қорғау мақсатында қажет болатын шамадағы бірқатар шектеулерін қарастырады, алайда сонымен қатар көрсетілген ҚР НҚА ТЖ тәртібінің аясында шектелген адам құқықтарының сақталуына және қорғалуына жәрдемдесуі керек.

III. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢНАМАЛЫҚ НОРМАЛАРЫНЫҢ ҰЙЫМДАРДЫ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУҒА МІНДЕТТЕЙТІН ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАҒИДАЛАРҒА СӘЙКЕС КЕЛУІ

Осы Қорытындының III бөлігінде ҚР заңнамасының ережелерінің ұйымдарды адам құқықтарын қорғауға міндеттейтін Руггидің әлеуметтік-экономикалық қағидаларына сәйкес келуіне жүргізілген құқықтық талдау көрсетілген.

1. Жалпы ережелер

Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі Қазақстанның тұрақты дамуының ұзақ мерзімді стратегиясының маңызды құрамдас бөлігі ретінде танылған Осыған байланысты **корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік** ойларын дамытуға, коммерциялық ұйымдардың әлеуметтік жауапты әрекет етуі үшін қолайлы жағдайлар жасауға, олармен адамның және азаматтың құқықтарын сақтауға және қорғауға көп көңіл бөлінеді.

Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі бірінші Форумда (Жезқазған, 2008 ж.) Нұрсұлтан Назарбаев кәсіпкерлікті қоғам дамуының ауқымды міндеттерін шешуге тарту қажеттілігі туралы айтты және осыған байланысты ҚР Үкіметіне кәсіпкерлік субъектілерімен корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті жоғарылатуды ынталандыратын қолайлы ортаны құру бойынша жұмысты жалғастыруды тапсырды.

ҚР ХЕӘҚМ мен ірі компаниялар арасындағы Форумда ²² әлеуметтік қамсыздандыру және еңбек қатынастары саласындағы БҰҰ Ғаламдық келісім-шартының қағидаларын дамыту туралы Келісімге қол қойылды. Кәсіпкерлер ҚР заңнамасында бекітілген әлеуметтік-экономикалық қағидаларын, сонымен қатар Халықаралық еңбек ұйымында (ары қарай - "ХЕҰ") он екі бекітілген Конвенциясының негізгі ережелерін сақтауға міндеттенді, олар бірлестік еркіндігіне және ұжымдық келісім-шарттар жасау құқығын мойындауға, мәжбүрлі еңбектің барлық түрлерін, соның ішінде балалар еңбегін жоюға, еңбек және жұмыспен қамту саласында кемсітуді жоюға бағытталған.

Адам құқықтарын сақтау және қорғау мәселесі, қолданыстағы заңнама нормаларының адам құқықтарының қорғалуына қамтамасыз ететін әлеуметтік-экономикалық қағидаларға сәйкес келуін анықтау мемлекеттің кәсіпкерлік қызмет субъектілерімен өзара әрекеттесуінде ерекше маңызға ие болады, сонымен қатар кәсіпкерлер (жұмыс берушілер) мен жұмысшылар қарым-қатынастарында анықтаушы атқарымға айналады.

Адам құқықтары туралы және ұлт аралық компаниялар мен басқа кәсіпорындар туралы сұрақтар бойынша Жұмыстық топтың баяндамасында айтылғандай (10 сәуір 2012 ж., A/HRC/20/29), «адам құқықтары мен кәсіпкерлік қызметке қатысты мәселелердің негізгі элементі - басқаруда оқылықтардың болуы. Бұл барлық мемлекеттер мен аймақтарға, кез келген өлшемді, кез келген саладағы және қызмет жағдайларындағы компанияларға қатысты».

Баяндамада коммерциялық ұйымдарды адам құқықтарын сақтауға міндеттейтін **бес негізгі қағида** ажыратылады:

(i) Бірінші ережеге сәйкес, коммерциялық ұйымдармен адам құқықтарын сақтау ұйымдарға адам құқықтарын бұзбауға тырысу керектігін және олармен адам құқықтарын бұзу зардаптарын жою керектігін білдіреді (ары қарай "**адам құқықтарын сақтау үшін корпоративтік жауапкершілік қағидасы**").

(ii) Екінші негізгі жорамал адам құқықтарын сақтау үшін корпоративтік жауапкершілік қағидасын айқындайды, және коммерциялық ұйымдардың жауапкершілігі *халықаралық бірлестіктермен мойындалған адам құқықтарына* (Адам құқықтары туралы халықаралық заң жобасында, ХЕҰ ережелерінде және т.б. бекітілген) таратылатындығын нақтылайды

(iii) Үшінші ереже, біріншіден, *коммерциялық ұйымдармен адам құқығын бұзуда жәрдемдесуге тыйым салуды* және осындай бұзушылықтар анықталған жағдайда оларды жоюға міндетті болатындығын білдіреді, ал, екіншіден, *адам құқықтарын бұзу зардаптарын жұмсартуға* үгіттейді.

(iv) Келесі ережеде *адам құқықтарын сақтау бойынша міндет барлық заңды тұлғаларға* меншік түрінен, заңды құрылу нысанынан, қызмет түрлерінен және т.б. тәуелсіз

²² Үлкен корпорация (ол үлкен болғандықтан) өзінің шешімдерінің жанама зардаптарын ескеруі керек және ешкім шағын кәсіпкерге жүктемейтін жауапкершілікті өзіне алуы керек деген түсінік кеңінен таралған. Алайда, нобель лауреаты Ф.А. Хайек бұл туралы әділетті пікір айтқан, "үлкен корпорация басшылығы құқықты иеленетін тұлға ретінде танылумен қатар, қоғамдық мүддені де назарға алуға, құқықтық істі қолдауға және "қоғам пайдасына" қызмет етуге міндетті деп танылса, ол іс жүзінде бақыланбайтын билікті иеленеді". - Ф.А. Хайек, *Құқық, заңнама және еркіндік: Әділеттілік пен саясаттың либералды қағидаларының заманауи түсінігі*, (Мәскеу, 2006), 403 б.

жүктеледі. Сонымен қатар коммерциялық ұйымдар қызметінің ауқымы және түрлері сияқты факторлар ескерілуі керек, себебі олардан адам құқығын бұзу зардаптарының ауырлығы тәуелді болуы мүмкін.

(v) Алдындағы ережені ескеріп, коммерциялық ұйымдарға *адам құқықтарын сақтау және қорғау жөніндегі саясат пен рәсімдерді* нақты анықтау ұсынылады (адам құқықтарын сақтауға арналған бағдарламалық міндеттеме; теріс зардаптарды анықтау, алдын алу, жұмсарту және осы зардаптарды жою туралы есептілікті ұсыну мақсатында адам құқықтарна қатысты тиісті күтімді қамтамасыз ету рәсімдері, адам құқықтары бұзылған жағдайда зиянды өтеуге мүмкіндік беретін рәсімдер).

Соңғы негізгі қағида коммерциялық ұйымда адам құқықтарын сақтау бойынша саясатты және сәйкес рәсімдерді анықтауды талап ететіндіктен, Баяндаманың III бөлігінде тоғыз **қызмет қағидалары** бекітілген, олар адам құқықтарын сақтау бойынша саясатты және сәйкес рәсімдерді анықтау талаптарын айқындайды.

Осыған байланысты, Маман ҚР жеке құқықтық нормаларының сипатын анықтау, олардың кәсіпкерлерді адам құқықтарын сақтауға міндеттейтін әлеуметтік-экономикалық қағидаларға сәйкес келуін талдау қажет деп санайды.

Қағидалардың мәні мен маңызын, олардың ұсынылуының дедуктивтік бірізді реттілігін ескеріп, осы заңгерлік қорытындының III бөлігі әр қағидаға қатаң байланыстырусыз құрылған.

2. ҚР заңнама нормаларының ұйымдарды адам құқықтарын сақтауға және қорғауға міндеттейтін Ругги қағидаларына сәйкес келуі

Осы Қорытындының бұл бөлімінде құқықтық басқарудың жеке салаларына сәйкес бөліктері көрсетілген (конституциялық, азаматтық, еңбек, табиғатты қорғау және т.б.).

2.1. Ұйымдарды адам құқықтарын сақтауға міндеттейтін ҚР Конституциясының ережелері

Конституция жоғарғы заң күшіне және Республиканың барлық территориясында тура әсеріне ие (4 б. 2 т). Сонымен, **адамның құқығын қорғайтын Конституциялардың нормалары ұйымдар орналасқан жағдайға қарамастан елдің барлық территориясында орындалуына жатады.**

Ұйымдар немесе басқа тұлғалар адам құқығын ұстану бойынша өзінің міндеттерін орындамайтын қандай да бір жағдайлар немесе ескертулер Конституция құрамында жоқ. Бұл, адам құқығы барлық жағдайларда мемлекет қорғанысында екенін білдіреді.

5 б. 4 т. ҚР Конституциясында республикада саяси партиялардың, басқа мемлекеттердің кәсіби одақтарының, дін негізіндегі партиялардың қызметі, саяси партияларды және кәсіби одақтарды *шетел заң тұлғаларымен және азаматтарымен, шетел мемлекеттерімен және халықаралық ұйымдармен қаржыландыру* рұқсат етілмеуі алдын ала қарастырылған.

Басқа сөзбен айтқанда, бап шетел ұйымдарға кәсіби одақтарды қаржыландыруына қатысуына рұқсат етпейді, бұл халықаралық құқықты қорғайтын ұйымдардың пікірі бойынша халықаралық қызметтесуді шектейді. Осылай, «Мұнай және ереуілдер» баяндамасында.

Қазақстанның мұнай алаңында еңбектік құқықтарды бұзу, «*Human Rights Watch*» ұйымы ҚР-на осы аймақта заңнаманы дамытуды және бұл тыйымды орнатуға ұсынады.²³

Маманның пікірі бойынша, ҚР Конституциялық кеңесінің орны дәлелді ұсынылады, бұл сылтау бойынша барлық қоғамдық бірлестіктерден саяси партиялар мен кәсіби одақтар азаматтардың өзін-өзі ұйымдастыруының жоғарғы нормасы болады, саяси және қоғамдық-экономикалық мақсаттарды бақылайтын өзімен жеткілікті құрылымдық бірлестікті ұсынады. Оларға шоғырландырушылық тән, адамдардың саяси дүниеге көзқарасына және қоғам өмірінің әр түрлі салаларындағы мемлекеттің саясатына әсер ету мүмкіндігі (Конституциондық Кеңестің 2000 жылдың 7 маусымынан № 4/2 қаулысы). Сонымен, ҚР саяси партияларын және кәсіби одақтарын шетел азаматтарымен, заңды тұлғалармен, мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен қаржыландыру қажетсіз болып ұсынылады.

ҚР Конституциясының 14 б. 2т. ешкім шығуына байланысты, қоғамдық, қызметтік және меншіктік орнына байланысты, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тілге, діндік қатыстылығына, сеніміне, тұру орнына немесе басқа да бір жағдайларға байланысты кемсітушілікке ұшыруы мүмкін емес. Сонымен, барлығына жалпы кемсітпеушілік қағидасы орнатылады (non-discrimination principle).

Тәжірибеде аталған қағида әр түрлі заңды тұлғалармен жиі бұзылады.²⁴

ҚР Конституциясының 24 б. 1 т. сәйкес әрбір адам еңбек еркіндігіне, қызмет түрін және мамандықты еркін таңдауға құқылы, *Мәжбүрлі еңбекке тек сот үкімі бойынша немесе төтенше немесе соғыс жағдайында рұқсат беріледі.*

ҚР Конституциясында сонымен қатар әрбір адам қауіпсіздік және гигиена талаптарына сәйкес келетін *еңбек жағдайларына, қандай да бір кемсітусіз еңбек үшін ақы алуға*, сонымен қатар *жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғауға құқылы* екендігі бекітілген. Заңмен қарастырылған шешу жолдарын қолданылатын *жеке және ұжымдық дауларға қатысу құқығы*, соның ішінде *ереуілге шығу құқығы* мойындалады. Әрбір адам *демалуға құқылы*. Келісім-шарт бойынша жұмыс істейтін тұлғаларға *жұмыс уақытының заңмен белгіленген мерзімдеріне, демалыс және мереке күндеріне, ақылы жыл сайынғы демалысқа кепілдік беріледі.* (ҚР Конституциясының 24 б. 2-4 т.).

ҚР азаматына *еңбекақының және зейнетақының минималды көлеміне, жасы бойынша, ауырған жағдайда, мүгедектік, асыраушыдан айырылған жағдайда және басқа заңды негіздер бойынша әлеуметтік қамсыздандыруға кепілдік береді.* Еркін әлеуметтік сақтандыру, әлеуметтік қамсыздандырудың қосымша түрлерін құру және қайырымдылық мадақталады (ҚР Конституциясының 28 б.).

Конституциялық Кеңес *ауырған жағдайдағы әлеуметтік қамсыздандыру конституциялық құқық дәрежесіне теңестірілетіндігін және оны жүзеге асырылуына кепілдік берілетіндігін* анықтады. Құқықтар мен еркіндіктердің нақты түрін конституциялық дәрежеге дейін көтермелеу және оның кепілдендірілуі туралы Конституцияда жариялау келесіні білдіреді:

²³ Human Rights Watch баяндамасын қараңыз: *Мұнай мен ереуілдер. Қазақстанның мұнай алаңындағы еңбектік құқықты бұзу*, 42 бет.

²⁴ Кәсіпкерлік қызмет, мысалы, табиғат кендерін қазу және инфрақұрылымды дамыту қызметі **жергілікті халық мүдделеріне** елеулі және мөлшерсіз әсер етеді. Жиі ол **жұмысқа алу кезінде, еңбекақыны, жұмыс берушімен ұсынылатын әлеуметтік "жинақты" және т.б. төлеу кезінде кемсітушілікке** ұшырайды. Осылайша, Атырау облысы бойынша Бақылау және әлеуметтік қорғау жөніндегі Департамент «Қазақстан Каспиан Оффшор Индастриз» ЖШС-не жұмыс беруші тарапынан еңбек саласындағы кемсіту фактісі бойынша қуыным берді. Атап айтсақ, «Қазақстан Каспиан Оффшор Индастриз» ЖШС-де бірдей атқарымдық міндеттер үшін қазақстандық және шетелдік жұмыскерлерге еңбекақы төлеу кезіндегі мөлшерсіз айырмашылық туралы сөз қозғалды. - <http://caspienews.kz/?p=12286> (2012, 10 тамыз).

мемлекет онымен құрылатын жүйелер мен құрылымдар арқылы осы құқықтар мен еркіндіктерді жүзеге асыру міндеттемесін жүктейді. Мемлекет әлеуметтік қамсыздандыру міндетін меншік нысанын тәуелсіз жұмыс берушілерге жүктейді (ҚР Конституциялық Кеңесінің 1999 жылғы 12 наурыздағы №3/2 жарлығы).

ҚР негізгі заңында көрсетілген адам және азамат құқықтары жалпы сипатта болғандықтар, олар республиканың басқа НҚА-де нақтыланады. Атап айтсақ, еңбек заңнамасының аясында және халықтың әлеуметтік қамсыздандырылуын реттейтін нормалармен реттеледі.

Баяндамада адам құқықтарын сақтау міндеттерін бекіту үшін алғашқы қадам ретінде кәсіпорындарға осы міндетті орындау міндеттемесін бағдарламалық сипаттағы арызда орындау ұсынылады.

Бағдарламалық сипаттағы арыз: (а) кәсіпорынның басқарушы тобының ең биік деңгейінде бекітіледі; (b) ішкі және/немесе сыртқы сарапшылардың сәйкес қорытындыларының негізінде дайындалады; (c) серіктестер, қызметкерлер және қызметімен, өнімімен немесе қызмет етуімен тікелей байланысты кәсіпкерлік қызметі бойынша басқа тараптардың жақтарынан адам құқықтарына кәсіпорынмен болжалды қатынасты анықтайды; (d) жариялыққа беріледі және кәсіпорынның ішінде және оның шегінен тыс барлық қызметкерлер, кәсіптік қызмет бойынша серіктестер және тікелей байланысты басқа тармақтар арасында таралады; (e) кәсіпорынның барлық қызметінің шеңберінде бекітілу үшін қажетті жедел қызмет ету бағдарламаларында және рәсімдерінде көрсетілімді қамтиды.

ҚР Конституциясының 31 т. 1 б. бойынша мемлекет адам өміріне және денсаулығына жағымды, қоршаған ортаны қорғау мақсатын қояды.

Жағымды қоршаған орта деп, оның қалпы халық денсаулығын қорғауды және экологиялық қауіпсіздікті, биоәртүрлілікті сақтауды, ластануды болдырмауды, экологиялық жүйелердің тұрақты әрекет етуін, табиғи қорларды тиімді қолдану және ұдайы жаңғыртылуды қамтамасыз ететін қоршаған орта (1 т. 37 б. ҚР ЭК).

Мемлекет қоршаған ортаны қорғаудың кепілі болатынына байланысты, ол жағымды қоршаған ортаға адам құқығын ұстану бойынша ұйымдарға міндеттемелерді қоюға құқылы.

Демек, ҚР-ғы конституциялық нормалар жалпы сипатта адамның және азаматтың қоғамдық-экономикалық құқықтарын ұстану бойынша кәсіпорынның тиісті тәртібінің белгілерін анықтайды. Адам құқығын ұстануға жауапкершілік жалпы норма, барлық ұйым қызметінің бағдары болып табылады.

ҚР-ның адамының және азаматының құқығына адал ниетпен және жауапты қатынасуына міндеттейтін құқықтық нормалар азаматтық заңнаманың тәртіптерінде бекітілген.

2.2. Ұйымдарды адам құқығын сақтауға міндеттейтін ҚР азаматтық заңдарының ережесі

ҚР АҚ 8-бабының 3-5 тармағына сәйкес азаматтық құқықтарды жүзеге асыру құқықты және басқа құқық субъектілерінің заңдармен қорғалатын мүдделерін бұзбауға, айналадағы ортаға зиян келтірмеуге тиіс. Азаматтар және заңды тұлғалар өздеріне берілген құқықтарды жүзеге асырған кезде адал, парасатты және әділ әрекет жасап, заңдардағы талаптарды, қоғамның адамгершілік қағидаларын, ал кәсіпкерлер - бұған қоса іскерлік әдептілік ережелерін сақтауға тиіс. Бұл міндетті шарт арқылы алып тастауға немесе шектеуге болмайды. *Азаматтық құқық қатынастарына қатысушылардың адал, парасатты және әділ әрекет жасауы көзделеді.* Азаматтар және заңды тұлғалардың басқа тұлғаға зиянын тигізуге, құқығын басқа қалыптарда асыра пайдалануға, сонымен қатар құқықты оның мақсатына қайшы келетіндей етіп жүзеге асыруға бағытталған әрекеттеріне жол берілмейді.

Азаматтық айналым қатысушыларының әрекетінің әділдігі, парасаттылығы және адалдығының анық – қанығы анықталатынына қарамастан және олар жалпы өздерінің әрекетінің адал еместігін немесе әділетсіздігін дәлелдеуге міндетті емес, қылмыстық құқықтан азаматтық құқықтың айырмашылығы құқықбұзушының кінәлі екенін дәлелдеу қажет. ҚР АҚ 9-бабының 6 тармағының жалпы ережесі бойынша, егер тәртіп бұзудың құқықтық салдарының пайда болуы тәртіп бұзушының кінәсіне байланысты болса, ол кінәлі деп ұйғарылады. Құқық бұзушы өзінің кінәсіздігін дәлелдемейінше ол кінәлі деп есептеледі. Осылай, ҚР АҚ 359-бабының 1 тармағына сәйкес егер борышқор *міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғанын* дәлелдесе, ол кінәсіз деп танылады. Бұл азаматтық құқықтың құбылмалы құбылыспен емес, азаматтық айналымның қалыпты дамуымен қатысты екеніне байланысты.

Қорыта айтқанда, *ұйымдар адам құқығына кері әсерін тигізген жағдайда, құқығын бұзғанда, азаматтар өз құқықтарын және заңды көзқарастарын қорғауға құқылы, ал ұйымдар өз кезегінде адам құқығын қорғау бойынша өз міндеттерін тиісті деңгейде орындау үшін қолдан келген шаралардың барлығын жасағанын дәлелдеуі немесе өз әсерінің жағымсыз салдарын жоюы керек.*

Нарықтық қатынастардың өркениетті дамуының және қалыпты жұмыс істеуінің маңызды қағидасы **тұтынушылардың құқық қорғау** болып табылады, *яғни өтелмелі негіздегі кәсіпкерлік қызметтің нәтижесін пайдаланатын сатып алушылар тапсырыс берушілер, жолаушылар және басқа да тұлғалар.* Ұйымдардың маңызды міндеттерінің бірі тұтынушыларға сапалы тауарларды (жұмыстар, қызметтер) ұсыну болып табылады.

Тұтынушылардың құқығын қорғау ҚР АҚ қарастырылған құралдармен ғана емес, сонымен қатар басқа да заңнамалық актілердің нормаларымен де қамтамасыз етіледі.

Әрбір тұтынушының, атап айтқанда: (а) тауарлар сатып алу, жұмыс пен қызметті пайдалану үшін еркін шарт жасасуға; (б) тауарлардың (жұмыстың, қызметтің) тиісінше сапалы және қауіпсіз болуына; (в) тауарлар (жұмыс, қызмет) жөнінде толық және анық мәлімет алуға; (г) тұтынушылардың қоғамдық ұйымдарына бірігуге **құқығы бар** (ҚР АҚ 10-бап, 6 т.)

Сонымен қатар, кәсіпкерлердің тұтынушылардан жоғарғы табыс алуға деген талпыныстары орынды ұсынылады. Капиталистік нарықтық экономика шарттарында бұндай жолмен табыс табу кейде бір кәсіпкердің қызметтерін пайдалануға тұтынушыларды экономикалық мәжбүрлеу құралымен қол жеткізіледі.²⁵

Осыған байланысты тұтынушылардың көзқарасын қорғаудың негізгі тетігі нарық субъектісінің монополиялық әрекетін жою, бәсекелестікті барынша дамыту болып табылады. Тұтынушы өндірушіні (сатушыны, жұмысты орындаушыны және т.с.) іздеп табылмауы керек, керісінше – өндіруші тұтынушы көзқарасын қанағаттандыруға бағытталған, ол үшін оңтайлы шарттарды ұсынуы керек.

Еркін кәсіпкерлік тұтынушылардың және жалпы қоғамның көзқарастарына қысым жасау есебінен кәсіпкерлердің заңға қайшы көзқарастарын қанағаттандыруға алып келуі мүмкін. Әсіресе бұл әрекеттер нарықтағы сол немесе басқа кәсіпкердің монополистік жағдайы кезінде, еркін бәсекелестік қамтамасыз етілмесе, қауіпті болып табылады.²⁶

²⁵ Мысалға қараңыз, Ф.А. Хайек, *Құқық, заңнама және бостандық: Әділдіктің либералды қағидаларының заманауи түсінігі және саясаты*, (Москва, 2006), 401-406 б.

²⁶ Өтінемін қараңыз, Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (*жалпы бөлім*). *Комментарий (баптар бойынша)*. 1 кітап. – 3-ші басылым., / Жауапты. ред. М.К. Сүлейменов, (Алматы, 2007), 127-128 б.

Заңды бәсекелестікті шектеуге немесе жоюға, негізсіз артықшылықтар алуға, тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделеріне қысым жасауға бағытталған монополистік және қандай болса да басқа қызметке жол берілмейді(ҚР АҚ 11 б. 1 т.).

Жалпы ереже бойынша **бәсекелестікті шектеу мақсатында кәсіпкерлердің азаматтық құқықты пайдалануға тыйымалынады**, сонымен қатар: (а) *кәсіпкерлердің нарықтағы өздерінің үстем жағдайын пайдаланып*, атап айтқанда, тауар тапшылығын жасау немесе бағаны көтеру үшін тауар өндіруді шектеу немесе тоқтатып тастау, не айналыстан алып тастауға;²⁷ (б) *ұқсас кәсіпкерлік қызмет жүргізуші адамдардың баға, нарықтарды бөлісу, басқа кәсіпкерлерді аластау туралы және бәсекелестікті едәуір шектейтін өзге де жағдайлар туралы келісімдер жасасуына және оларды орындауына*; (в) *ұқсас кәсіпкерлік қызмет жүргізуші адамның және тұтынушылардың заңды мүдделеріне қысым көрсетуге бағытталған теріс пиғылды әрекеттер жасауына (теріс пиғылды бәсекелестік)*, атап айтқанда, тұтынушыларды басқа кәсіпкердің тауар дайындаушысы, дайындау мақсаты, әдісі мен орны, сапасы және өзге де қасиеттері жөнінен шатастыру арқылы, тауарларды жарнамалық және өзге де ақпаратта әдепсіздікпен салыстыру, бөтен тауардың сыртқы безендірілуін көшіріп алу арқылы және басқа да әдістермен шатастыруына жол берілмейді. Теріс пиғылды бәсекелестікке қарсы күрес жөніндегі шаралар заң құжаттарымен белгіленеді (ҚР АҚ 11 б. 2 т.).

ҚР азаматтық заңдарында адам құқығын сақтау күтілетін әрекеттің нормасы болып табылады, және сәйкесінше осы құқықтарды бұзғаны үшін заңды жауапкершілік шаралары қарастырылады.

Атап айтылғандай, адам құқығын сақтауға міндеттейтін нормалары ҚР АҚ және басқа да ҚР НҚА бекітілген.

Қазіргі таңда, тәжірибе көрсеткендей ҚР кәсіпкерлік әрекетті реттейтін және ҚР АҚ жағдайын нақтылайтын бірден бір негізгі құжат жеке кәсіпкерлік туралы Заң болып табылады.²⁸

Жеке кәсіпкерлік туралы Заңның 8 б. 2 т. сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін сақтауға; өндірілетін өнімнің (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) ҚР заңнамасының талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге; лицензиялануға жататын жеке кәсіпкерлік түрлерін жүзеге асыруға лицензиялар алуға; азаматтық-құқықтық жауапкершілікті міндетті сақтандыруды жүзеге асыруға міндетті.

Жеке кәсіпкерлік туралы Заңның 8 б. 2 т. қарастырылған лицензиялық тәртіпті енгізу ұлттық қауіпсіздік, құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету, қоршаған ортаны, азаматтардың меншігін, өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында белгіленеді(Лицензиялау туралы Заңның 4 б. 2 т.).

Міндетті лицензиялауға жататын қызмет түрімен айналысатын мекемелердің міндеті лицензия алу және адам құқығын қорғауға бағытталған нақты біліктілік талаптарына сәйкес келу болып табылады.

Қазақстанда мыңнан астам рұқсат беру құжаттары бар, олар кәсіпкерлік қызметті реттейді. Бизнесті құру және жүргізу кезінде кәсіпкерлер жасауы керек күрделі әрі таза емес рәсімдер

²⁷ Бұл жөнінде Ф.А. Хайек былай деп жазған: «қазіргі қоғамда аса ірі емес шоғырланған қорларды бір кәсіпорын бақылауына беру адамдарға билік жасауға мүмкіндік береді, ал фирма қабілеті онсыз күн көруі мүмкін емес көпшілікті игілігінен айырады». – толығырақ қараңыз, Ф.А. Хайек, *Құқық, заңнама және бостандық: Әділдіктің либералды қағидаларының заманауи түсінігі және саясаты*, (Москва, 2006), 402 б.

²⁸ В.Н. Короленко еңбегін қараңыз,, *Жеке кәсіпкерлік туралы ҚР Заңына және кіші және орта бизнестің мәселелік сұрақтарына қысқаша ғылыми талдау*, (КАСУ хабаршысы, 2006, 3), // <http://www.vestnik-kafu.info/journal/7/254/>.

экономикалық дамуға кедергі болып, бәсекелестікті біршама шектеуі мүмкін болғандықтан кәсіпкерлер лицензиялардың алу барысында қиындалған бюрократтық тетіктерімен байланысуын қаламайды.

Осыған байланысты 27-ші қаңтар 2012 жылғы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты жолдауында Елбасының электронды үкіметті дамытуды тапсыруы және 2012 жылдың соңына дейін лицензияның барлық түрін электронды нұсқада берілсін деп айтуы кездейсоқ емес. Мемлекет лицензиялар мен рұқсат құжаттарының санын біртіндеп төмендетіп келеді, Елбасы жолдауымен сәйкес олардың санының үштен бір бөлігін төмендету жоспарлануда.²⁹

Ұйымдар **құқығын сақтау бойынша міндеттемелерді** тек тұтынушыларға ғана қатысты емес, сонымен қатар **өзінің акционерлері мен инвесторларына да қатысты** орындауы керек. Осындай талаптар бірқатар ҚР НҚҚ бекітілген.

Бағалы қағаздар нарығының субъектісі болып табылатын кәсіпкерлік қызмет саласындағы балансты сақтау, инвесторлар және кәсіпорындардағы құнды қағаз иелерінің құқын қорғау мақсатында бағалы қағаздар нарығы туралы Заңымен нақты шектеулер қойылады. Бағалы қағаздар нарығы туралы Заңының 53 б. бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыруға шектеулер мен тыйымдар қарастырылған. Жалпы ереже бойынша лицензиат (лицензия негізінде бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға) *қаржы нарығындағы қызметке жатпайтын кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқылы емес.*³⁰

Оған тек мына жағдайлар ғана кірмейді: (а) өз мұқтаждығы үшін сатып алынған мүлікті жалға беруді қоса алғанда, өз мүлкіне билік етуді; (б) бағалы қағаздар нарығындағы қызметпен байланысты мәселелер бойынша сабағаттық қызметтер көрсетуді; (в) бағалы қағаздар нарығындағы қызмет мәселелері жөніндегі арнайы әдебиеттерді ақпарат жеткізгіштердің кез келген түрлерінде өткізуді; (г) бағалы қағаздар нарығындағы қызмет саласында мамандардың біліктілігін арттыру бойынша оқытуды ұйымдастыруды; (д) ҚР заңнамалық актілерінде белгіленген өзге де жағдайлар жатады.

Сол себепті, бағалы қағаз нарығы қатысушыларының құқы мен көзқарасын қорғау үшін лицензиат қызметі лицензия алу кезінде тура қарастырылған қызмет түрлерімен қатаң шектелген.

Лицензиатқа шындыққа сәйкес келмейтін оның қызметін жарнамалауға тыйым салынады (Бағалы қағаздар нарығы туралы Заңның 53-1 б.). Бұндай жарнама мүдделі тұлғаларды қателестіреді және олардың құқын біршама бұзуы және жағымсыз салдарға ұрындыруы мүмкін. Сондай-ақ, «шындыққа сай келмейтін» жарнамаға тыйым салумен шектеліп қана қоймайды, бағалы қағаздар нарығының субъектілеріне бағалы қағаздар нарығының басқа

²⁹ Астана қаласында өткен (21 мамыр 2012 ж.) «Connect Kazakhstan-2012» көрме – конференцияның ашылу салтанатында ҚР Көлік және коммуникация Министрі Асқар Жұмағалиев 2012 жылдың соңына қарай мемлекеттік тіркелу туралы куәлікті электрондық үкімет жүйесі арқылы 15 мин аралығында алуға болатынын, жылжымайтын мүлікке қатысты анықтаманы осы жүйе арқылы 1 мин аралығында алуға болатындығын атап өтті. Ағымдағы жылы 80 қызметті ауыстыру жоспарлануда, олардың ішінде шамамен 18 рұқсат беру құжаттары әлеуметтік-маңызды қызметтер, ол осындай қызметтердің барлығының шамамен 60% құрайды, алдағы уақытта барлық әлеуметтік-маңызды қызметтерді электрондық нұсқаға ауыстыру жоспарлануда, сонымен қатар осындай жұмысты рұқсат беру құжаттарына қатысты жүргізу қажет. Қажетті қызметтердің 80% қандай да болмасын қағаз құжаттардың көмегінсіз жүзеге асырылатын болады.

³⁰ Мысалға, «Premier Capital» АҚ *лицензиясынан айыру туралы ҚР ҰБ Басқармасының шешімін қабылдау үшін негіз болып* (11 қыркүйек 2012 ж.) алыстан қадағалау және аталған мекеме қызметіне жүргізілген жоспарлы тексеру барысында анықталған заң талаптарының бұзылуы себеп болды, олардың бірі *бағалы қағаз нарығына қатысты емес кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру* болып табылады.

субъектілеріне олардың бағалы қағаздар нарығындағы іс-қимылын өзгерту мақсатында кез келген нысанда ықпал етуге (дәйексіз мәліметтер таратуға, айла-шара жасау мақсатында мәмілелер жасасуға және т.б.) тыйым салынады (Бағалы қағаздар нарығы туралы Заңның 56 б.).

Құжаттармен қарастырылған теріс әрекеттер бағалы қағаз нарығының қалыпты жұмыс істеуіне мүмкіндік жасай алмайды және нарық субъектілерінің құқықтарына қысым жасайды, сондықтан мүмкін бұзушылықтарды мұқият зерттеп, оларға жол бермеу қажет. Тәжірибе көрсеткендей, айла – шарғы жасау фактілерін және нарық субъектілеріне әрекет етуін анықтау және дәлелдеу оңай емес.

Мүдделі тұлғалар құқығын қорғау мақсатында заңмен бағалы қағаздар Эмитент міндеттемелері енгізілген, инвесторлардың шектелмеген тобының арасында орналастырылатын эмиссиялық бағалы қағаздардың эмитенті кез келген мүдделі тұлғалардың алдында эмиссиялық бағалы қағаздар шығару үрдісінде бар; акционерлік қоғамның бағалы қағаздарының аукциондары мен оған жазылудың шарттарын және өткізу тәртібін белгілейтін ішкі құжатта қамтылған; уәкілетті органға табыс етілетін есептерде бар; қаржылық есептілікке енгізілген ақпаратты; ҚР заңдарына сәйкес немесе сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарына сәйкес немесе осы эмитенттің ішкі құжаттарына сәйкес ашып көрсетуге жататын өзге де *ақпаратты ашып көрсетуге* міндетті (Бағалы қағаздар нарығы туралы Заңның 101 б.).

Бағалы қағаздар нарығы туралы Заңның 101-104 б. жүргізілген талдаулар көрсеткендей ақпаратты алуға берілетін құқық маңызды құқықтардың бірден-бірі болып есептелінеді, оны сақтау бағалы қағаз нарығында қызметін жүзеге асырып жатқан барлық кәсіпорындар үшін міндетті болып табылады. Ақпарат кәсіпкерлік әрекеттің барлық салаларында, әсіресе динамикалы бағалы қағаздар нарығында анықтаушы фактор болып табылады.

Бірақта кәсіпорын тәртібін анықтайтын құнды қағаздар айналымы адам құқығы үшін салдары әлі күнге дейін өте әлсіз ұсынылады. ҚР бағалы қағаздар айналымын реттейтін қолданыстағы корпоративтік ережелер мен нормаларға қарамастан, компаниялар мен олардың қызметкерлеріне адам құқығын қорғау саласында нақты қандай әрекеттер жасауға рұқсат етілетіндігі әлі күнге дейін айқындалмаған. ҚР күні бүгінге дейін кәсіпорындарға адам құқығын сақтауға мүмкіндік беретін басшылыққа алынатын нұсқаулықтар қажетті деңгейде қалыптаспаған.

Мекемелерді адам құқығын сақтауға міндеттейтін ҚР азаматтық заңдарының жүйе құрушы актілері бәсекелестік және тұтынушылардың құқын қорғау туралы актілер болып табылады.

Бәсекелестік туралы Заңның бұзылуы, ереже бойынша бір мезгілде аталған НҚА бірнеше баптары бойынша жүзеге асады.

Бәсекелестік туралы Заңның 10 б. нарық субъектілерінің арасындағы кез-келген нысанда қол жеткізілген, нәтижесінде бәсекелестікті шектейтін немесе шектеуі мүмкін бәсекелестік ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен толығымен немесе ішінара жарамсыз деп танылады.³¹

³¹ 2009 жылы желтоқсан айында тауарларды сатып алудың немесе өткізудің келісілген бағаларын не басқа жағдайларын белгілеуге және (немесе) ұстап тұруынан көрінетін «Бәсекелестік туралы» ҚР Заңының 10 б. 1 т. 1) т.а. бұзылу фактісі тіркелді. 2009 жылы қаңтардан қыркүйек айына дейінгі аралықта «KazakhOil» ЖШС нарықтың басқа субъектілеріне қарағанда «Эталон-Авто Ресурс» ЖШС үшін аса жоғары бағамен ЖЖМ жеткізген. Соған қарамастан «Эталон-Авто Ресурс» ЖШС нарықтың басқа субъектілерінен біршама арзан бағамен ЖЖМ сатып алу мүмкіндігіне ие бола отырып, бензинді тек «KazakhOil» ЖШС салып алып отырған. Соның салдарынан ол соңғы тұтынушылар үшін бензиннің құнының шарықтап өсуіне алып келді. Нарықтың екі субъектісі екіжаққа тиімді бағаны белгілеп және оны қолдап, жоғарғы табысқа қол жеткізді, ол алдын ала келісусіз мүмкін емес тұтынушылардың көзқарасына қысым жасалуына алып келді. Барлық мүдделі жақтардың дәлелдерін зерттеп, Петропавловск қаласының әкімшілік соты жоғарыда аталған субъектілерді бәсекелестікке қарсы

11 б. 1 т. сәйкес нарық субъектілерінің бәсекелестікті шектеуге бағытталған келісілген іс-әрекеттеріне тыйым салынады.

Сондықтан бәсекелестік туралы Заңда «бәсекелестікке қарсы келісім» түсінігімен қатар «нарық субъектілерінің бәсекелестікке қарсы келісілген іс-әрекеттері» түсінігі қатар жүреді.

Еуропалық құқықтан экстраполяцияланған құқықтық құрастырылым бір жағынан кәсіпкерлік қызметтегі субъектілердің құпия келісімін дәлелдеуді жеңілдетеді, ал екінші жағынан – заңда пайдаланылатын түсініктер құқық қолдану тәжірибесінде мәселелер тудырады. Мысалға азаматтық құқық жүйесінде «келісілген әрекет» түсінігін анықтауда, сонымен қатар дәлелдерді бағалау кезінде сұрақтар туындайды

Өзінің заңды табиғаты бойынша «келісім» және «келісілген әрекет» түсініктерінің мағынасы жағынан бірдей және аталған нақты жағдайға қатысты қолданғанда мағынасы әртүрлі болып келеді. Бұл түсініктер «келісім-шарт» түсінігімен байланысты.

ҚР АҚ 378 б. сәйкес екі немесе одан көп адамның азаматтық құқықтар мен міндеттерді белгілеу, өзгерту немесе тоқтату туралы *келісімі шарт* деп танылады. Яғни келісім шарт жасасу үшін екі тараптың (екіжақты мәміле) немесе үш немесе одан да көп тараптың (көпжақты мәміле) *келісілген ерік білдіруі* қажет (ҚР АҚ 148 б. 3 т.). Жақтардың келісілген ерік білдіруі жақтардың нақты әрекет жасауға келісімін білдіреді. Сонымен кез келген *сәйкес немесе қатар әрекеттер келісілген болып табылмайды, тек жақтардың ерікті келісуінің нәтижесі* келісу болып табылады.

Бәсекелестік туралы Заң азаматтық заңдар жүйесіне кіреді, оның шегінде «келісілген әрекеттер» түсінігі «келісім шарт» түсінігімен теңестірілуі керек, бірақ бәсекелестік туралы Заңда бекітілген «келісілген әрекет» түсінігі өзіне кез келген кездейсоқ, ұқсас әрекеттер түсінігін де қамтиды.

Шет елдің антимонополиялық заңнамаларындағы тәжірибе көрсеткендей, жақтардың келісілген әрекеттерінен азаматтық айналым қатысушыларының қатар әрекетін нақты шектеу қажет. Олай болмаған жағдайда, кәсіпкерлерді табиғатта жоқ бағалық келісімге отыруы үшін жауапкершілікке тарту қауіпі туындайды. Бағаны бәсекелестер бағасы негізінде анықтау немесе нарық қатысушыларының әрекетінің үйлескендігін, немесе осы мәселеге қатысты келісушілікті толық дәлелдемейді. Жалпы компанияның маркетингтік құралының бірі болып табылатын, бағаны мұндай тәсілмен анықтау біршама қалыпқа сай және нарыққа жаңа қатысушының кіруінің табиғи әдісі болып табылады.

Өзінің мақмұны бойынша келісуге бағытталған Заңда қолданылатын «келісім» және «келісілген әрекет» түсініктері факт бойынша ерекшеленбейді, бірақ айтылу формасына қарай (жазбаша немесе ауызша, сонымен қатар бағдарлы іс қимыл әрекеттерін жасау жолымен) құқыққа қарсы әрекетте айырмашылығы бар.

Сол себепті, ауызша жасалған келісімді және келісілген әрекетті ерекшелеу артық, ол сондай-ақ ауызша жасалған келісім болып табылады. Сәйкесінше, бәсекелестік туралы Заңнан ауызша жасалған келісімді алып тастау қажет.

Сонымен қатар, жоғарыда атап өтілгендей, бәсекелестік туралы Заңды қолдану кезінде дәлелдерді бағалауға қатысты сұрақ туындайды. Жинақталған жанама дәлелдер негізінде қатысушылар әрекетін бәсекелестікті жоюға бағытталған және келісілген деп тану және оларды оларды жеткілікті деп тану сот актілерінің негізделгендігіне қарама-қайшы келеді. Жақтардың ерікті келісімін дәлелдейтін жазбаша келісімге келу болмаса, атап айтқанда қандай жанама дәлелдер жеткілікті болып табылатыны күні бұрын белгісіз болғаны тіпті

келісім жасады деп көнілі деп таныды, 95,5 млн. Теңге мөлшеріндегі монополиялық кірісті тәркілеп, жалпы құны 120 млн. теңге көлемінде айыппұл салды. – Толығырақ қараңыз, www.azk.gov.kz (30 наурыз 2010 ж.).

дұрыс емес. Бұндай қарым-қатынас субъектің кәсіпкерлік әрекетін заңды немесе заңға қайшы ерінін (объективті шындық қағидалары бұзылады) біршама ертін тануға мүмкіндік береді. Егер бәсекелестікке қарсы келісімді жасау қажеттілігі бойынша құқықбұзушылық құрамы үшін келісім бәсекелестіктің шектелуіне немесе шектелуіне алып келуі мүмкін болса, онда бәсекелестікке қарсы келісілген әрекетті жасау бойынша құқықбұзушылық құрамы үшін бұндай шарттардың болуы талап етілмейді және нарық субъектісінің әрекетінің бәсекелестікті шектеуге бағытталған әрекеті жеткілікті болып танылады.

Сот актілерінің жеткілікті негізінің жоқтығына қарамастан, ол әдетте іс жағдайын толық зерттемеумен байланысты сотпен қабылданған немесе қабылданбаған дәлелдер пайдасына, зиянды талдау немесе бәсеке зиян жағының дәлелін бағалау маңызды дәлелдің жоқтығымен жиі байланысты,³² аталған жағдайда тура келіспеушілік, бәсекелестік туралы Заіның материалдық нормаларының жеткіліксіз деңгейде нақтыланбауы іс жүргізу шығындарына алып келеді. Келісілген әрекетті кәсіпкерлердің әрекетінің субъектілерін кез келген кездейсоқ, қосалқы әрекеттерінен, тіпті бәсекелестікті жоюға жанама әсерін тигізсе де оларды нақты шектеп алу қажет. Солай болған күнде де капиталистік экономика мәні нарық қатысушыларының арасындағы бәсекелестік күресіне байланысты.

Бәсекелестік туралы Заңда адам құқығын қорғауға бағытталған басқа да шарттар мазмұндалған. Бәсекелестік туралы Заңның 13 б. үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілерінің тиісті тауар нарығына кіруді шектеуге, бәсекелестікті болдырмауға, шектеуге және жоюға әкеп соққан немесе әкеп соғуы мүмкін және (немесе) тұтынушылардың заңды мүдделеріне қысым жасайтын іс-әрекеттеріне немесе әрекетсіздіктеріне тыйым салады. 16 б. 1 т. сәйкес құқыққа сыйымсыз артықшылықтарға қол жеткізуге немесе оларды беруге бағытталған, сондай-ақ *тұтынушылардың заңды құқықтарын бұзатын бәсекелестіктегі кез келген іс-әрекеттер жосықсыз бәсекелестік* болып табылады.³³

Профессор М. Сүлейменов пайымдауы бойынша, бәсекелестік туралы Заңмен осы саладаға алдыңғы заңдармен салыстырғанда кәсіпкерлік әрекетті реттеуге әрекеттерді ырықтандыруға бағытталған бірқатар қағидалар қарастырылған. Бірақ кәсіпкерлік әрекетті шетейтін бірқатар жағымсыз сәттер онда әлі де болса сақталған. Бәсекелестік туралы Заң сарапшылар пікірі бойынша ҚР Конституциясының 26 б. 4 т. сәйкестендіруге әкелу үшін оны бұрынғысынша жетілдіру қажет.³⁴

Бәсекелестік туралы Заңның жағдайын талдауды қорытындылай келе тағы бір аспектіге тоқталған жөн.

Сондай ақ, жоғарыда атап өтілгендей адам құқығын қорғайтын Конституция нормалары мекеме орналасқан жағдайдан тәуелсіз бүкіл мемлекет аумағында орындалуға жатады. Конституцияда мекемелер адам құқығын сақтау бойынша өз міндеттерін орындамауға септігін тигізетін қандай да болмасын шарттар немесе шектеулер жоқ.

³² Д.А. Фурсов, Азаматтық және арбитражды істің қағидаларын уақыт талабына сай түсіну, (Москва, 2009), 47 б.

³³ Іс жүзінде көптеген жағдайлар болып жатады, аталған заң ережесі орындалмай жатқанда және бәсекелестік ережесін сақтамау кәсіпкерлерді адам құқық бұзуға алып келеді. Бүгінгі таңда ҚР заң ережесі жеткілікті деңгейде тиімді емес, себесі кәсіпкерлер бәсекелестікке қарсы әрекеттерге жол береді және баға келісіміне отырады. Бұндай әрекеттер ЖЖМ нарығында жиі орын алады. Мемлекет техникалық бақылаудан өткізу орталықтарын жеке меншік секторына бергеннен кейін заң бұзушылықтар осы нарықта да орын ала бастады. Айыппұл түріндегі кәсіпорынға тағайындалатын жаға бұзушылықтармен теңеспейді. Ірі компаниялар заң бұзуға бейім, келісім нәтижесіне жоғарғы табыс алу және одан кейін айыппұл төлеу. – толығырақ қараңыз, <http://www.zakon.kz/4468376-antimonopolnoe-agentstvo-rk-vyjavilo.html>; <http://meta.kz/life/652435-gelios-za-cenovoy-sgovor-oshtrafovali-na-2-milliona-tenge.html#>; <http://www.zakon.kz/4487233-po-faktam-cenovogo-sgovora.html>.

³⁴ Өтініміз, М. Сүлейменов еңбегін қараңыз, *Қазақстандағы меншік құқығының конституциялық негіздері*, // <http://www.zakon.kz/206876-konstitucionnye-osnovy-prava.html>.

Бәсекелестік туралы Заңның 3 б. сәйкес осы Заң ҚР аумағында күші болады және нарық субъектілері, тұтынушылар, сондай-ақ мемлекеттік органдар қатысатын Қазақстан Республикасының тауар нарықтарындағы бәсекелестікке ықпал ететін немесе ықпал етуі мүмкін қатынастарға қолданылады. Сондай-ақ бәсекелестік туралы Заңның ережелері, егер Қазақстан Республикасы аумағының шегінен тыс жерлерде нарық субъектісі жасаған іс-әрекеттер нәтижесінде мынадай шарттардың бірі орындалса: (а) Қазақстан Республикасының аумағындағы негізгі құралдар және (немесе) материалдық емес активтер, не нарық субъектілерінің акциялары (жарғылық капиталға қатысу үлестері), Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларына қатысты мүліктік немесе мүліктік емес құқықтар тікелей немесе жанама қозғалса; (б) Қазақстан Республикасында бәсекелестік шектелсе, мұндай іс-әрекеттерге де қолданылады.

Сол себепті, бәсекелестік туралы Заңның ережесі тек ҚР ғана қолданылып қоймайды, сонымен қатар 3 б. 2 т. 1), 2) т.а. көрсетілген жағдай кезінде оның аумағынан тыс жерлерде де қолданылады. Оған қоса қандай да болмасын қызмет түрін жоққа шығаратын, немесе нақты шарттарға сілтеме жасау, олардың көмегімен мекемелер аталған заңды орындамауы мүмкін, және адамның құқығы мен бастандығына әсер етуге қатысты бапта мазмұндалмаған.

Тұтынушылар құқығын қорғау туралы Заңда мекемелерді адам құқығын сақтауға міндеттейтіді

Тұтынушылар төмендегідей құқықтарға ие: тауарларды (орындалатын жұмысты және көрсетілетін қызметті) иеленуге еркін шарт жасасуға; тұтынушылар құқықтарын қорғау саласындағы ақпаратқа қол жеткізуге; тауар (жұмыс, көрсетілетін қызмет) туралы, сондай-ақ сатушы (дайындаушы, орындаушы) туралы ақпарат алуға; қауіпсіз тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметті) сатып алуға; тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметті) еркін таңдауға; тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) тиісті сапасына; тиісті де, тиісті емес те сападағы тауарды айырбастап алуға немесе қайтарып беруге; тауарды сатып алу (жұмысты орындау, қызмет көрсету) фактісін растайтын құжатты алуға құқылы (Тұтынушылар құқығын қорғау туралы Заң 7 б.)

Тұтынушылар өз құқықтарын жүзеге асыру кезінде бетпе-бет келетін бірден – бір шешуші мәселе олардың тауар туралы сенімді ақпарат алуы болып табылады.

ҚР АҚ 448 б. сәйкес сатушы сатуға ұсынылатын *тауар туралы сатып алушыға қажетті және анық ақпарат беруге міндетті*. Бұл ақпарат заңнамалық актілермен бекітілген талаптарға, және әдетте бөлшек саудаға қойылатын талаптарымен осындай ақпараттың берілу әдістері және мазмұнына қойылатын талаптарға сәйкес келуі керек

Сатып алушы *келісім-шартқа отырғаға дейін тауарды көруге құқылы*, егер оған тауар сипатының түріне қарай бөлшек саудада қабылданған шектеу қойылмаса оның қасиеттерін оның көзінше тексеруді немесе тауардың пайдаланылуын көрсетуді талап етуге құқылы. *Сатып алушыға тауар туралы сәйкес ақпаратты алуға мүмкіндік бермеген сатушы оны салып алушыға бергеннен кейін туындаған тауардың кемшіліктері үшін де және оған қатысты ақпараттың жоқтығымен байланысты туындағанын сатып алушы дәлелденсе, сол үшін де жауапты болады.*³⁵

³⁵ Көрсетілген ережелерді сақтау тәжірибе жүзінде сатушы дәрежесіне тәуелді болып келеді. Қазақстан нарығында сәйкесінше тіркелген салық міндеттемелерін орындайтын және адал қызмет атқарып келе жетқан кәсіпкерлік субъектілерімен қатар көптеген сауда қызметінің субъектілері жұмыс істейді. Бұндай субъектілер белгіленген талаптардың сақталуын көздемейді, тауар туралы сенімді ақпаратты ұсынбайды, оның сапасы бойынша кепілдік бермейді. Өкінішке орай осындай теріс ниетті сатушыларға қатысты заңда жауапкершілікке тарту әрекет механизімі әлі қарастырылмаған.

Тұтынушының тұтынушылар құқықтарын қорғау саласындағы ақпаратқа қол жеткізу құқығы тұтынушылық білім негіздері жөніндегі мәселелерді білім беру бағдарламаларына енгізу арқылы, сондай-ақ тұтынушыға оның құқықтары және осы құқықтарын қорғау жөніндегі қажетті іс-қимылдар туралы ақпарат беру жүйесін ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етіледі (Тұтынушылар құқығын қорғау туралы Заңның 9 б.).

Мүдделі тұлғаларды ақпараттандыру үрдісі белгіленген талаптарды орындау бойынша тікелей міндеттер ретінде емес, бірақ өз құқығын білу және қорғау саласында жұмысы дұрыс жолға қойылса, қоғамның құқықтық мәдениеті мен заңды сауаты жаңынан хабардарлылығын дамыту және жоғарлатуға шақырады.

Тұтынушылар құқықтарын қорғау туралы Заңның 10 б. 1 т. сәйкес тұтынушының тауар (жұмыс, көрсетілетін қызмет) туралы, сондай-ақ сатушы (дайындаушы, орындаушы) туралы дұрыс және уақтылы ақпарат алуға құқығы бар.

Егер тауар (жұмыс, көрсетілетін қызмет) туралы, сондай-ақ сатушы (дайындаушы, орындаушы) туралы толық емес, дұрыс емес және уақтылы емес ақпарат беру: (а) тұтынушыға қажетті қасиеттері жоқ тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметті) сатып алуға әкеп соқса, ол шартты бұзуға және өзіне келтірілген залалды өтеуді талап етуге құқылы; (б) сатып алынған тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметті) мақсатына сай пайдалану мүмкіндігінің болмауына алып келсе, тұтынушы тауарды сатып алған (жұмыс орындалған, қызмет көрсетілген) күннен бастап күнтізбелік үш күн ішінде тиісті ақпарат беруді талап етуге құқылы. Егер көрсетілген мерзімде ақпарат берілмесе, тұтынушы шартты бұзуға және өзіне келтірілген залалды өтеуді талап етуге құқылы; (в) тұтынушының өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтіруге әкеп соқса, ол сатушыға (дайындаушыға, орындаушыға) шығынды толық көлемде өндіру туралы талаптарды қоюға құқылы.

Аталған нормалар зиян келтірілген жағдайларда, олардың құқығы, бостандығы мен көзқарасы бұзылғанда тұтынушыларды қорғау шараларын және әдістерін белгілейді.

Тұтынушылар құқығын қорғау туралы Заңның 24 б. сатушы (дайындаушы, орындаушы) тауар (жұмыс, көрсетілетін қызмет) туралы, сондай-ақ сатушы (дайындаушы, орындаушы) туралы қазақ және орыс тілдерінде ақпарат беруге міндетті делінген.

Сатушылар және өндірушілерге қойылатын бірден бір шешуші талаптар, тұтынушының тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметті) пайдаланудың, сақтаудың, тасымалдаудың және кәдеге жаратудың белгіленген шарттарына сай оның тұтынушы өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне, қоршаған ортаға қауіпсіз болуына құқығы болып табылады. Тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тиісті талаптар міндетті болып табылады және ҚР техникалық реттеу туралы заңнамасына сәйкес белгіленеді (Тұтынушылар қорғау құқығы туралы Заңның 11 б.).

Тұтынушылар қорғау құқығы туралы Заңның 24 б. тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) қауіпсіздігін және оның тиісті сапасын қамтамасыз етуге міндетті екені қарастырылған.

Тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) қауіпсіздігіне қойылатын талаптар басқа да ҚР НҚА қарастырылған.

Осылай биоотын туралы Заңның 14 бабында бекітілген биоотын қауіпсіздігі және сапасына қатысты тұтынушыларды жаңылдыратын әрекеттерді алдын алу мақсатында, биоотын өндірушілері сатып алушылар мен тұтынушыларға ҚР Заңымен бекітілген тәртіпте биоотын қауіпсіздігі және сапасының көрсеткіштері туралы толық және сенімді ақпаратты ұсынады. Биоотын және тіршілік циклындағы оның үрдістері тіршілік және адам денсаулығы, қоршаған ортаны қорғау үшін қауіпсіздік техникалық регламент талаптарына сәйкес болуы керек (Биоотын туралы Заңның 15 б.).

Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы Заңның 7 б. қолданылатын ойыншықтар адам өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ететін, осы Заңда және техникалық регламенттерде белгіленген талаптарға сәйкес келу керектігі қарастырылған. Ойыншықтар, егер оларды мақсатқа сай пайдалану кезінде: адам өмірі мен денсаулығына, сондай-ақ қоршаған ортаға қауіп төндірмесе; баланың рухани-эмоциялық салауаттылығын сақтаса; тұтынушыларды ойыншықтардың мақсатына қатысты шатастырмаса ғана, Қазақстан Республикасының нарығында орналастырылуы мүмкін.

Тауарларды тарататын субъектілер қызметінің ерекшелігі әлсіз және ерекше қорғалатын тұрғындар санатына әсер ететін қадетті шараларды қолданумен реттеледі, ол кері әсерді жоққа шығарады. Тағайындалған талаптар тауар тұтынушыларына кері әсер ету мүмкіндігін толық көлемде алдын алмайды.

Тауарларды тарататын субъектілер қызметінің ерекшелігі әлсіз және ерекше қорғалатын тұрғындар санатына әсер ететін қадетті шараларды қолданумен реттеледі, ол кері әсерді жоққа шығарады. Тағайындалған талаптар тауар тұтынушыларына кері әсер ету мүмкіндігінің толық көлемде алдын алмайды.

Тәжірибе көрсеткендей қазақстандық тұтынушылар үшін тиісті сападағы тауарды сатып алған күннен бастап 14 күн аралығында айырбастау немесе қайтарып берубірден бір маңызды құқық болып табылады. Тұтынушылар құқығын қорғау туралы бұрын қолданыста болған Заңда тұтынушының осындай құқығы бекітілген болатын, бірақ айырбастау немесе тауарды қайтарып беру мерзімдері анықталмаған болатын, бұл ереже әсер ететін тауарлар тізімі болған жоқ.

Тұтынушы құқығы сатушының (дайындаушының, орындаушының) сәйкес міндеттерімен байланыстырылатын (Тұтынушылар құқығын қорғау туралы Заң 24 б.).

Сонымен, тұтынушылар құқығын қорғау туралы Заңның 19 б. сәйкес тұтынушы ойын бастамашысы (ұйымдастырушысы) тауардағы (жұмыстағы, көрсетілетін қызметтегі) кемшіліктердің оларды тұтынушыға бергеннен (орындағаннан, көрсеткеннен) кейін бастамашыға талап қоюға құқы бар.

Егер ойын бастамашысы (ұйымдастырушысы) тауардағы (жұмыстағы, көрсетілетін қызметтегі) кемшіліктердің оларды тұтынушыға бергеннен (орындағаннан, көрсеткеннен) кейін тұтынушының тауарды пайдалану немесе сақтау ережелерін бұзуы не үшінші бір тұлғалардың іс-әрекеттері немесе еңсерілмейтін күш салдарынан туындағанын дәлелдей алмаса, тауардағы (жұмыстағы, көрсетілетін қызметтегі) кемшіліктерді жою жөнінде сатушыға (дайындаушыға, орындаушыға) жүгіну жолымен күнтізбелік жиырма күн ішінде тұтынушының талаптарын қанағаттандыруға тиіс.

Басқа сөзбен айтқанда, ойын бастамашысы (ұйымдастырушысы) үшінші тұлғамен жүзеге асырылған дайындаушы кәсіпорын өз өнімі үшін жауапкершілікке тартылатын болады және жағымсыз әсерді жоюы керек.

Тұтынушылар құқығын қорғау туралы Заңның 16 б. 2 т. сәйкес сатушының (дайындаушының, орындаушының) кінәсіне және *тұтынушының онымен шарттық қатынастарда тұрғанына немесе тұрмағанына қарамастан*, кез келген тұтынушының тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) кемшіліктері салдарынан келтірілген залалды (зиянды) өтеуді талап ету құқығы танылады.

Аталған жағдайда кәсіпорын адам құқығына тигізген жағымсыз әсері үшін, олардың әсерімен тікелей байланысты олардың өнімдері және олардың әріптестік қарым-қатынастары, бұұндай әсерді тигізуге тікелей әсерін тигізбесе де, толықтай жауапкершілікке тартылатын болады.

Сәйкесінше, тұтынушылардың құқығын қорғау туралы Заң бөлшекті және өлшенген тұтынушылардың негізгі құқығын құқықтық қамтамасыз ету және олардың кәсіпорынмен бұзылған жағдайда әсерлі қорғанысты қамтитындығымен келістіруге болады.³⁶

Баяндамада көрсетілгендей адам құқығын сақтауда кәсіпорындар өз міндеттерін орындау үшін өз өлшемдерін және қызмет шарттарын ескеріп, өз саясаты мен үрдістерін анықтап алуы қажет, оларға: (а) адам құқығын сақтау бойынша өз міндеттерін орындауда *бағдарламалық міндеттер*; (b) адам құқығына әсер ететін әсерлерді қандай жолдармен жоятындығы туралы есеп беру және анықтау, болдырмау және әсерін төмендету мақсатында адам құқығы туралы тиісті деңгейдегі *күтімді қамтамасыз ету* үрдісі; (с) олардың өздері тікелей әсер еткен немесе солардың әрекет етуінен болған адам құқығына жағымсыз әсердің кез-келген түрімен байланысты *шығынды өтеуге мүмкіндік беретін үрдістер*.

ҚР коммерциялық ұйымдардың ұйымдастырушылық – құқықтық формаларының аса кең тараған түрі *жауапкершілігі шектеулі серіктестік және акционерлік қоғам* болып табылады.

ЖШС туралы Заңның 14 б. сәйкес құрылтайшылар шешімі бойынша осы Заңға және басқа да заң актілеріне қайшы келмейтін құрылтай шартына серіктестік құруға және оның қызметіне қатысты басқа да шарттар енгізілуі мүмкін. ЖШС құрылтай шартында оның қызметінің мақсаты және саласы қарастырылуы мүмкін.

ЖШС Жарғысында Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқа ережелер де болуы мүмкін. Серіктестіктің жарғысында оның қызметінің мәні мен мақсаттары көзделуі мүмкін (ЖШС туралы Заң 17 б.).

АҚ туралы Заңның 7 б. құрылтай шартында (жалғыз құрылтайшының шешімінде) осы шарттармен қатар құрылтайшылар шешімі (жалғыз құрылтайшының шешімінде) бойынша және ҚР Заңдық актілеріне сәйкес басқа да шарттар мазмұндалуы мүмкін.

АҚ Жарғысы ҚР Заңдық актілеріне сәйкес басқа да ережелерді мазмұндауы мүмкін. Барлық қатысты тұлғалар қоғам жарғысымен танысуға құқылы. Қоғамның қатысты тұлғасының талабы бойынша қоғам оған Жарғымен танысуға мүмкіндік беруге міндетті, енгізген өзгертулер мен толықтыруларды қоса алғанда. Үш жұмыс күні ішінде АҚ жарғы көшірмесін ұсыну туралы акционерлер талаптарын орындауға міндетті. Қоғам жарғы көшірмесін ұсынғаны үшін акционерлерден төлем алуға құқылы, оның құны көшірме жасауға кеткен шығыннан аспауы керек, сонымен қатар оны жеткізу қажеттілігі туындаған кезде – оны жеткізуге кеткен шығындар (АҚ туралы Заңның 9 б.).

Осылайша, қарастырылған заңдарда міндетті құжаттар қоса тіркеледі (құрылтай шарты, жарғы), оларда құрылтайшылар қалауы бойынша негізгі ережеден басқа *адам құқығы саласында және оларды қорғаудың әртүрлі процедураларда компания саясатын анықтайтын ереже* мазмұндалуы мүмкін.

Маңызды жағымсыз зардаптарға әкелуі мүмкін қызметпен айналысатын кейбір кәсіпорындарға қатысты ҚР НҚА-де адам құқықтары саласында кәсіпорынның бағдарламалық құжаттарында көрсетуі талап етілетін белгіленген шарттар бекітілген. Мысалы, жер қойнауын пайдаланушылар бағдарламалық құжаттарда адам құқықтарының (экология, еңбек қауіпсіздігі саласындағы адам құқықтары және т.б.). Алайда ҚР НҚА-де кәсіпорындарды бағдарламалық құжаттарда адам құқығы бұзылған жағдайда зиянды өтеу

³⁶ П.В. Афанасьев еңбегін қараңыз,, *Тұтынушылар құқығын қорғау – жаңа деңгейде*, http://www.rusnauka.com/25_WP_2010/Pravo/71100.doc.htm.

рәсімін регламенттеуге міндеттейтін ережелер жоқ. Бұдан басқа келісім құқығында зиянды өтеу және тараптардың жауапкершілігі туралы ережелердің бар болуы мазмұндайды, кез келген келісім-шарттың ажыратылмайтын бөлігі болып табылады.

Осыған байланысты мемлекетке корпоративтік заңнаманы жетілдіру керек және кәсіпорындарды адам құқықтарын сақтауға және қорғауға бағытталған өзінің саясаты мен рәсімдерін анықтауға ынталандыратын әдістерді дайындау керек. Мемлекетпен кәсіпорындарға қатысты қабылданатын адам құқықтарын сақтау бойынша іс-шаралар тиімді болуы керек, бірақ сонымен қатар қандай да бір жолмен кәсіпкерлердің құқықтарын бұзуға немесе шектеуге жол берілмеу керек.

Ругги баяндамасында бекітілген негізгі қағидалардың бірі адам құқықтарына тигізілетін теріс әсерді анықтау, алдын алу, зардаптарын жұмсарту болып табылады.

ҚР АҚ 143 б. сәйкес азамат сот тәртібінде оның абыройын, қадір-қасиетін немесе іскерлік беделін төмендететін мәліметтерді теріске шығаруды талап етуге құқылы. Егер азаматтың немесе заңды тұлғаның абыройын, қадір-қасиетін немесе іскерлік беделін төмендететін мәліметтер БАҚ-да жарияланса, олар сол БАҚ-мен тегін теріске шығарылуы керек. Егер көрсетілген мәліметтер *ұйыммен шығарылатын құжатта* көрсетілсе, мұндай құжат ауыстырылады немесе кері қайтарылады, және жолданым иесіне осы құжатта көрсетілген мәліметтердің шындыққа жанаспайтындығы туралы міндетті хабарлама жібереді. Теріске шығару тәртібі басқа жағдайларда сотпен белгіленеді.

БАҚ жарияланған құқықтар мен заңды мүдделерді кемсітетін мәліметтерге қатысы бар азамат немесе заңды тұлға сол БАҚ-да өз жауабын тегін жариялауға құқылы.

Егер бұқаралық ақпарат органы осындай жарияланымнан бас тартса немесе бір ай ішінде жарияламаса, сонымен қатар ол таратылған жағдайда, БАҚ-да теріске шығаруды немесе жауапты жариялау туралы азаматтың немесе заңды тұлғаның талабы сотпен қарастырылады. Егер сот шешімі орындалмаса, сот құқық бұзушыға бюджет табысына өндіріп алынатын айыппұл салуға құқылы. Айыппұл азаматтық іс жүргізу заңнамасымен белгіленген тәртіпте және мөлшерде салынады. Айыппұл төлеу құқық бұзушыны сот шешімімен қарастырылған әрекетті орындау міндетінен босатпайды.

Азаматтың немесе заңды тұлғаның абыройын, қадір-қасиетін немесе іскерлік беделін төмендететін жарияланған құқықтарға қатысы бар азамат осындай мәліметтерді теріске шығарумен қатар, осы мәліметтерді таратумен келтірілген шығындар мен моральдық зиянның өтелуін талап етуге құқылы.

Азаматтың іскерлік беделін қорғау туралы осы бап ережелері сәйкесінше сонымен қатар заңды тұлғаның іскерлік беделін қорғау үшін қолданылады, тек моральдық зиянды өтеу туралы талап ескерілмейді. Заңды тұлғаның іскерлік беделін қорғауда ҚР АҚ бекітілген тәртіпте шығындарды өтеу туралы ережелер қолданылады.

Егер азаматтың немесе заңды тұлғаның абыройын, қадір-қасиетін немесе іскерлік беделін төмендететін жариялаған тұлғаны анықтау мүмкін болмаса, таратылған мәліметтерге қатысы бар тұлға сотқа таратылған мәліметтердің шындыққа сәйкес келмейді деп тану туралы өтінішпен жүгінуге құқылы.

Таратылатын ақпарат, мысалы, қажетті мәліметтер, қызмет туралы есептілік түрі немесе басқа мақсаттық ниеттер шындыққа сәйкес келуіне тексерілуі керек және саралануы керек, қабыланған іс-шаралар сыртта азаматтар мен ұйымдардың абыройын, қадір-қасиетін немесе іскерлік беделін кемсітетін ақпаратқа түрлендіру мүмкіндігіне жол бермеу керек. Прецедент орын алған жағдайда заң шығарушы субъектілердің бұзылған құқықтарын қалпына келтіру (өздігінен қорғау) және осындай мәліметтердің таратылу көзін белгілеу бойынша іс-шараларды қарастырады.

Тұтынушылар құқықтарын қорғау мақсатында Табиғи монополиялар туралы заңмен табиғи монополия субъектілерінің қызметіне қатысты шектеулер енгізілген.

Заңның 5 б. 1 т. сәйкес **табиғи монополия субъектісіне тыйым салынады**: реттелетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) үшін өкілетті органмен белгіленген мөлшерден асатын төлем төлетуге; Табиғи монополиялар туралы заңмен қарастырылмаған қосымша ақы алуға, немесе басқа жолмен мазмұны бойынша көрсетілетін реттелетін қызметтерге қатысы жоқ қосымша міндеттемелерді жүктеуге (ақшалай қаражаттарды және басқа мүлікті, мүліктік құқықтарды және т.б. табыстау); табиғи монополия субъектілерінің реттелетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) қол жетімділік шарттарын табыстауға немесе тұтынушыларды кемсітуге бағытталған басқа әрекеттер жасауға; жауапсыз тұтынушылармен реттелетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) пайдаланылған көлемінің ақысын төлемеуге байланысты адал тұтынушыларға реттелетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) көрсетуде бас тартуға; реттелетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) тарифтеріне (бағаларына, алым мөлшерлемелеріне) немесе олардың шектік деңгейлерін оның ұсынылуымен байланысты емес шығындарды қосуға; мемлекеттік органдармен бекітілген олардың құзыреттілік шектерінде реттелетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) сапасына қойылатын талаптарға сәйкес келмейтін ұсынылған реттелетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) ақысын төлеуді талап етуге; ақпаратты құпия деп тануға (тариф сметасында көрсетілген; реттелетін коммуналдық қызметтерді тіркейтін құралдарды сатып алуға және орнатуға жұмсалатын шығындар және төлем төлету механизмі туралы; ұсынылатын реттелетін коммуналдық қызметтер (тауарлар, жұмыстар) туралы).

Аталған шектеулер монополистік ережелерді теріс пайдаланушылықтан тұтынушылар құқықтарын қорғауға мүмкіндік береді.

Табиғи монополиялар туралы Заңның 7-бабымен **табиғи монополия субъектісінің міндеттері** айқындалған. Ол міндетті: (1) құзіретті органмен бекітілген тариф (баға, алымдар мөлшерлемелері) бойынша реттелетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсынады; (2) ҚР заңнамасымен бекітілген жеңілдіктер мен артықшылықтарды ескере отырып, реттелетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсыну жағдайынан өзге, тұтынушыларға реттелетін қызметтерге (тауарлар, жұмыстар) тең шарттар, оның ішінде реттелетін қызметтерге (тауарлар, жұмыстар) қол жетімділіктің тең шарттарын ұсыну; (3) құзіретті органның талабы бойынша мұндай талапты табиғи монополия субъектісінен алған күннен бастап бес жұмыс күнінен аспайтын, құзіретті органмен бекітілген мерзімдерде қағаз және (немесе) электронды тасымалдағыштарда қаржы есептілігін және өзге қажетті ақпаратты ұсыну; (4) Табиғи монополиялар туралы Заңның 15-бабы, 3-тармағында көрсетілген, міндетті аудитті үш жылда бір рет өткізетін табиғи монополиялар субъектілерінен өзге субъектілерде аудиторлық мекемелермен міндетті жыл сайынғы аудитті жүргізу;³⁷ (5) жыл сайын тұтынушылар және өзге мүдделі тұлғалар алдында реттелетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсыну бойынша қызметі туралы есеп береді; (6) есептік кезеңнен кейінгі жылдың 1 мамырынан кеш емес мерзімде тарифтік сметаның орындалуы туралы есепті жыл сайын ұсынады; (7) реттелетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсынуға шарттар бекіту кезінде тұтынушылардың құқықтарының бұзылуына жол бермеу; (8) әрекетке енгізілгенге дейін он күннен кеш емес мерзімде тарифтерді (бағалар, алымдар мөлшерлемелері) төмендеуі туралы құзіретті органды және тұтынушыларды хабарландыру; (9) нәтижесінде төмендегідей аталған өзгерістер енгізілген күннен бастап, табиғи монополия субъектісінің шығындарының құны азайтылатын, салық заңнамасына сәйкес өзгерістер енгізілген жағдайда барлық тұтынушылар үшін ұсынылатын, реттелетін қызметтерге (тауарлар, жұмыстар) құзіретті органмен бекітілген тарифтер (бағалар, алымдар мөлшерлемесі) немесе олардың шектеулі деңгейлерін төмендету.

³⁷ Аудиторлық есеп және жылдық қаржы есептілігі аудиторлық есеп бекітілген сәттен бастап отыз күнтізбелік күннен кеш емес мерзімде, табиғи монополия субъектісі өз қызметін жүзеге асыратын өкімшілік-аймақтық бірліктің сәйкес аймаққа таратылатын мерзімді баспа басылымдарында жариялау.

Адамның ақпараттарға қол жетімділігі құқықтарын және өзге құқықтарын қорғау мақсатында Табиғи монополиялар туралы Заңының 7-3 баптарында реттелетін **нарық субъектілерінің келесі міндеттері** айқындалған: (1) *баға деңгейін нақтылайтын, негізге алынушы материалдарды қосымшалай отырып, босату бағалары туралы ақпаратты* құзіретті органға ұсыну; тоқсан сайынғы қаржы есептілігін; өндірілетін (сатылатын) тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) табыстылығы және босату бағаларының деңгейі, өндіріс (сатылу) көлемдері туралы ай сайынғы ақпаратты; баға экспертизасын жүргізу үшін қажетті ақпаратты; БАҚқа орналастыра отырып, инвестициялық бағдарламаның орындалуы немесе орындалмауы туралы тоқсан сайынғы *ақпаратты* құзіретті органға ұсыну; 2) құзіретті органды тауарға (жұмыстарға, қызметтер) қойылған бағаның шектеулі бағадан көтерілуін және олардың көтерілу себептері туралы хабарландыру; 3) реттелетін нарықтағы бағаның құрылу тәртібін қадағалау; 4) реттелетін нарықтарда бағаның құрылу тәртібіне сәйкес шектеулі бағаларда ескерілген, инвестициялық бағдарламаларды (жобаларды) орындау; 5) инвестициялық бағдарламаларды (жобаларды) жүзеге асыруға алынған және қолданылмаған кірісті қайтару; 6) шектеулі бағаны негізсіз жоғарылату нәтижесінде алынған кірісті қайтару.

Табиғи монополиялар туралы Заңның ережелеріне қарамастан, тұтасымен алғанда Ругги қағидаларына сәйкестілік байқалады. Азаматтар мен мекемелердің құқықтарын қорғау мақсатында табиғи монополиялар субъектілеріне қосымша міндеттер мен шектеулер жүктелген, алайда, тәжірибеге сүйенсек, бұл саладағы бұзушылықтар әлі де көп. Мұндай бұзушылықтардың негізгі себептері қоғамдық институттардың табиғи монополиялар субъектілеріне әлсіз қол жетімділігі, сонымен бірге бұл субъектілер қатынасында бақылаушы органдар шығаратын шешімдерге ықпал болып табылады. Қоғамдық ұйымдар, мүдделі тұлғалар табиғи монополиялар субъектілеріне ықпал етудің заңды бекітілген нақты шараларына ие емес. Сонымен бірге, қорғау нормалары деңгейлерінің **нақты жағдайға сәйкес келмейтіндігін атап** өту қажет. Табиғи монополияға қарсы заңнаманың бұзушылығы үшін жазаларды қатайту қажет.

Осылайша, ҚР азаматтық заңнамасы тұтасымен алғанда адам құқықтарының қадағалануына мекемелерді міндеттейді. Азаматтық-құқықтық қатынаста туатын мәселелер негізінен құқықтың қолданылуын, залал келтірген тұлғаларды жауапкершілікке тарту мәселелерін қозғайды.

2.3. Ұйымдарды адам құқықтарын сақтауға міндеттейтін ҚР еңбек заңнамасының ережелері

Әркім қауіпсіздік және гигиена талаптарына сәйкес еңбек жағдайына, ешқандай кемсітушіліксіз еңбегі үшін сыйақы алуға, сондай-ақ жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғалуға құқылы. (ҚР Конституциясының 24-б., 2-т.).

ҚР ЕК 22б. сәйкес жұмыскерге келесі негізгі әлеуметтік экономикалық **адам құқықтары бекітілген:** еңбекті қорғау және қауіпсіздік құқығына; еңбек және ұжымдық шарттардың талаптарына сәйкес толық көлемдегі және уақытылы еңбекақы құқығы; демалыс құқығы, соның ішінде жыл сайынғы төленетін еңбек демалысына; бірігу құқығы, соның ішінде кәсіптік одақ немесе басқа да бірлестіктерді құру, сондай-ақ өздерінің еңбек құқықтарын ұсыну және қорғау үшін оларға мүшелік жасау құқығы; заңдарда көзделген жағдайларда міндетті әлеуметтік сақтандыруға құқығы; кепілдемелік және өтемақылық төлемдер; қандай да бір кемсітушіліксіз тең еңбекке тең төлем алуға құқық.

ҚР ЕК 6 б. ешкім ҚР ЕК мен ҚР басқа да заңдарымен көзделген жағдайлардан басқа еңбек саласында құқықтарын шектей алмайтындығы бекітілген.

Еңбек саласындағы құқықтар мен еркіндікке шек қоюдың мүмкінсіздігі ҚР еңбек заңнамасының негізгі қағидаларының бірі болып табылады. Бұл қағида 1988 жылғы еңбек саласындағы негізгі қағидалар мен құқықтар туралы ЕҚМ Декларациясына негізделген және ҚР Конституциясының 12б. сәйкес келеді.³⁸

ҚР ЕК6 б. сәйкес әр адам еңбекті еркін таңдауға немесе еңбекке қандай да бір дискриминациясыз және оған қысымсыз еркін шақырыла алады, еңбекке қатысты өз мүмкіндіктерін пайдалануға, мамандық пен қызмет түрін таңдауға құқылы.

Берілген ереже жалпы сипатта және әр адамның еңбекті таңдауға немесе еңбекке қандай да бір кемсітушіліксіз және оған қысымсыз еркін шақырылу құқығын бекітеді. Адам еңбекке қатысты өз мүмкіндіктерін пайдалануға, мамандық пен қызмет түрін таңдауға құқылы.(ҚР Конституциясының 24 б.,1 т.).

Еңбек еркіндігі қағидасының әлеуметтік бағытталуы адамның еңбек тасымалынан босатылуын білдіреді. Бұл қағиданың мазмұны келесідей: а) еңбекке қатысты өз мүмкіндіктерін пайдалану, мамандық пен қызмет түрін таңдау; б) еңбекке қатысты өз мүмкіндіктерін өз бетінше немесе келісім шарт негізінде пайдалану; в) шетелдегі жұмысты қоса жұмыс орнын еркін таңдау; г) еңбекке өз мүмкіндіктерін пайдалануда тек өз қызығушылықтарына жетекшілік ету.

Еңбек еркіндігі құқығының қағидасы еңбек құқығында өз мәнін **еңбек келісім шартының еркіндігі қағидасы** ретінде табады. Тараптар бірлесіп еңбек ету үрдісінде еңбек өнімділігін арттырудың қарқынды құралдарын іздеуде, өнім сапасын арттыруда, шикізат, энергияны үнемді пайдалануда және о.с. еркін.

Бұл қағида өз ретінде **еңбек саласындағы кемсітушілікке шек қоюмен** тығыз байланысты, ол келесіні білдіреді: (а) әр адам еңбек саласындағы өз құқығы мен еркіндігін пайдалануда бірдей мүмкіндікке ие; (б) ешкім еңбек құқықтарын пайдалануда жынысына, жасына, дене кемшіліктеріне, нәсіліне, ұлтына, тіліне, мүліктік, әлеуметтік және қызметтік жағдайына, тұрғылықты орнына, дінге қатынасына, саяси пікіріне, руы мен табына, қоғамдық бірлестіктерге қатысына байланысты қандай да бір кемсітушілікке ұшырамауы керек (ҚР ЕК 7 б.).

Сонымен, ҚР ЕК 25б.**еңбек шартын жасау кезінде құқықтар мен мүмкіндіктер теңдігін бұзуға шек қою** қарастырылған. Жүктілік, үш жасқа дейінгі бала болу, кәмелеттік жасқа толмау, мүгедектік ҚР ЕК қарастырылған жағдайлардан басқа кезде еңбек шартын жасауға құқықты шектей алмайды.

Кемсітушілікті болдырмау қағидасы ЕҚМ №111 еңбек пен қызмет саласындағы кемсітушілік конвенциясына және ҚР Конституциясының 14 б.,2 т. сәйкес келеді.

Берілген ережелер негізделген қағидалар мәртебесіне қарамастан іс жүзінде сақталмайды. *Кәсіпорындар тәжірибесі бар адамдарды жұмысқа алуды қалайды, көбінесе жас мамандарды елемейді немесе оларға кемсітуші еңбек жағдайларын ұсынады (төмен еңбекақы, қызметіне сәйкес келмейтін қосымша міндеттер қою, және т.б.). көптеген кәсіпорындарда жұмыс күнінің кестесі сақталмайды, іс жүзінде адамдар жұмыста сегіз сағаттан артық болады. Мұндай бұзушылықтар мемлекеттік қызметте сирек емес. Тәжірибеде ұлтына, жынысына және т.б. байланысты жұмысқа қабылдау жағдайлар да кездеседі.*³⁹

³⁸ Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін қараңыз. Баптар бойынша тәжірибелік түсінік / Б.М. Сапарбаевтың ред., (Алматы, 2007), 52 б.

³⁹ Астана прокуратурасының баспасөз қызметінің хабарлауынша астанада жұмыс істейтін кейбір компанияларда **қазақстандық кадрларды еңбекақы деңгейі бойынша шетелдік мамандармен салыстырғанда кемсітушілік айғақтары** айқындалған. Шетелдік қызметкерлер мен ҚР азаматы болып табылатын қызметкерлердің еңбек шарттарын салыстыру кезінде «HEILEYBURU ASTANA»

Демек, кәсіпорындар сонымен қатар мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелерде қағидаларды сақтау, оларды бұзу үшін жауапкершілік шараларын күшейтуге одан да әсер етуші жағдайлар қарастыру керек.

Мысалы, Н.А.Назарбаев «Еңбекті әлеуметтік жаңғырту: еркін еңбек қоғамына жиырма қадам» мақаласында көрсеткендей **мемлекеттік жастар саясаты туралы заңды жетілдіру керек**. Жұмысқа орналастыру кепілдігі мен әлеуметтік пакет, жастар тәжірибесін ұйымдастыру тәртібі туралы құқықтық қалып керек.⁴⁰Еңбек аясында кемсітушілікке тыйым салу қағидасын олар жалдамалы жұмысшылардың әлсіз категориясын құрайтын болғандықтан және кәсіпкерлер өндіріске алуға аз қызығушылық танытатындықтан **әйелдер, жастар мен мүгедектердің еңбек құқықтарын жоғары мемлекеттік қорғау қағидасымен** толықтыру керек.

Кемсітушілікті болдырмау қағидасы мен еңбек еркіндігі құқығы мәжбүрлі еңбектенуге шек қоятын негізделген оймен байланысты.

Мәжбүрлі еңбек қандай да бір тұлғадан ол тұлға өз еркімен өз қызметін ұсынбау кезінде оны орындату үшін қандай да бір жазалау қауіпін кез келген жұмыс немесе қызмет, оларға келесілер жатпайды: қандай да бір тұлғадан заңдық күшіне енген сот шешімі негізіндеталап етілуі, жұмыс мемлекеттік органдардың бақылауы мен қадағалауымен жасалатын кезде және төтенше және әскери жағдай шарттары кезінде талап етілетін оны орындаушы тұлға физикалық және (немесе) заңдық тұлғаға тапсырылғанша немесе берілгенше (ҚР ЕК 8 б.).

Азаматтардың еңбек қызметі, мамандық, еңбекпен қамтылу түрі мен сипатын таңдау тек ерікті түрге негізделеді. Сонымен қатар ешқандай әкімшілік және заңнамалық актілерде

ЖШС басшылығы бірдей қызмет пен жұмыс көлемінде шетелдік қызметкерлерге ҚР азаматтарына қарағанда едәуір көп төлегені анықталған. Ұқсас бұзушылықтар «ИФЛ Казахстан Инжиниринг және Жобаларды Басқару» ЖШС, ««Солакс қонақүй бизнесін басқару бойынша компания» ЖШС және «ФА-БО» ЖШС қызметінде анықталған. –, <http://newskaz.ru/society/20120817/3742087.html> қараңыз.

ҚР Премьер-министріне хатында адам құқығы бойынша Өкілетті Б. Байқадамов шағымшылар **шетелдік кәсіпорындарда іске асатын заңсыз жұмыстан шығаруды** көрсететінін айқындайды. Мұндай саясат әйелдер жағдайына жағымсыз әсер етуде: «Петро Казахстан Кумколь Ресорсиз» ААҚ жұмыс істеген азаматша О.бала туғаннан кейін жұмыстан шығарылған (Кіріс № 1119/03 04.07.2005), «Эйр Астана» ЖАҚ қызметкерлерімен жеке еңбек шарты жүктіліктеріне қарамастан ұзартылмаған (Кіріс № 129/03 25.01.05). Тау кен өндірісі саласындағы шетелдік кәсіпорындар ерекше назар аудартады. Өз шағымында азамат Н. (Кіріс № 377/03 11.05.2004) «Қазақмыс» АҚ шахталарында **тәулігіне 10-12 сағат техника қауіпсіздігі сақталмастан жұмыс істейтінін, кеншілер үшін жоғарылатылған жоспарлар бекітілетінін** жазады. «Қазақмыс» корпорациясында еңбек заңнамаларының бұзылуы туралы БАҚ да хабарлайды.

2006 ж. 10 мамырдағы «Караван» газетінің ақпараты бойынша техника қауіпсіздігін сақтамау мен ескірген техника пайдалану нәтижесінде «Қазақмыс» корпорациясында ондаған жұмысшылар жан тапсыруда. **Шахтерлердің еңбекақылары бекітілген салалық стандарттар мен кәсіпорын алатын пайдамен сәйкес келмейді.** Еңбек заңнамасы қалпын бұзу ішінде – жұмыскерлерге **еңбекақыны уақыты төлемеу** бар. Өз хатында түрік құрылыс компаниясының жұмысшысы С. (Кіріс № 583/03 13.04.2005) кәсіпорын үш ай уақытта еңбекақы төлемей келе жатқанына шағымданады. ҚР ЕЖХӘҚМ мен прокуратура органдарының 2005 жылы жүргізген тексерісі кезінде шетелдік компаниялар еңбек заңнамасын көптеген бұзушылық жасағандарын анықтады». -

http://ombudsman.kz/publish/docs/doklad_zhyl/detail_2.php?ID=1445 қараңыз.

Рекрутингтік агенттіктердің статистикасы бойынша, **көптеген жұмыс берішілер кәрі адамдармен байланыспайды.** Адамдарға 40 жастан кейін жұмысқа тұру қиын. - <http://www.caravan.kz/article/42614> қараңыз. Осылардан басқа, кейбір жұмыс берушілер жұмысқа ер адамды алуды артық санап, жынысы бойынша кемсітушіліктерге жол береді, алайда бұл облыста едәуір жақсарулар байқалады.-

http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/ilo_principles.shtml қараңыз.

⁴⁰Н.Ә. Назарбаевтың «Еңбекті әлеуметтік жетілдіру: еркін еңбек қоғамына жиырма қадам» қараңыз // Казахстанская правда, 2012 ж., 10 шілде.

қаралған жағдайлардан басқа да мәжбүрлі еңбек түріне рұқсат етілмейді. Бұл қағида азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық пактқа (1976 ж.), ЕҚМ Конвенциясына сәйкес келеді.

ЕҚМ 1998 ж. «Еңбек аясындағы негізгі қағидалар мен құқықтар туралы» Декларациясына Осы Декларацияны іске асыру механизмі және мәжбүрлі немесе міндетті еңбектің барлық түрлерін басқару қаралған. Алдында айтылғандай Қазақстанда заңнамалық актілерде қаралған жағдайларда мәжбүрлі еңбек түріне рұқсат бар. ҚР Конституциясына сай мәжбүрлі еңбекке тек сот шешімімен, яғни жаза түрінде немесе ТЖ кезінде рұқсат беріледі.

Елбасы «*Еңбекті әлеуметтік жетілдіру: еркін еңбек қоғамына жиырма қадам*» атты мақаласында еңбек құқығын қорғау облысында тағы бір негізгі сұраққа назар аударады. Ол көптеген заңдар **моральді ескірген немесе декларативті және осы себептерден қоғамдық қатынастың жеке аяларын реттемейтінін** айтады. «*Кәсіптік одақтар туралы*» заң 1993 ж. қабылданған. онда тіпті әлеуметтік іскерлік серіктестік, қорытынды механизмі мен ұжымдық келісімдерді орындау және т.б. туралы түсінік жоқ. Сондықтан Қазақстанда кәсіподақтық институттар үнемі **еңбекдауын шешу мен оны алдың алудың қарқынды құралы рөлін атқара алмайды**. Жұмыскерлер өздерін сенімді сезіну үшін кәсіподақтық қызмет жоғары деңгейде болу керек. Мемлекеттің еңбек қатынасын шыңдау сұрақтарында негізгі іскерлерінің серіктес бірі кәсіптік одақтар. Сонымен қатар **ірі кәсіптік орталықтың қызметінің қазіргі форматы** – Қазақстанның кәсіподақтық федерациясы (ҚКФ) «кеңестік үлгінің» салалық қағидасы бойынша жасалғандықтан **қазіргі уақыт талаптарына сәйкес келмейді**.⁴¹

Орын алған жағдай қоғамда белсенді түрде талқыланып жатыр. ҚР Президенті жанындағы адам құқығы бойынша Комиссия мүшесі профессор Е. Нурғалиева еңбек ұжымдары мен кәсіподақтары рөлін қайта жаңғырту қажеттігін, сонымен қатар жиналыстар мен ереуілдерде жұмыскерлердің қатысу үрдісі мен жарғышілік барлық қатынастар анық жазылған **мамандық одақтар туралы толыққанды заң қажеттілігін** айтады. Оның пікірі бойынша қазіргі кезде **кәсіподақтар туралы заңнаманың айқын еместігі** байқалады.⁴²

ҚР ЕК 266 б. 2 т. сәйкес жұмыс беруші ұжымдық шарт шарттарына байланысты ұйымда қызмет ететін кәсіптік одақ қызметі үшін жағдайлар жасайды. Алайда, бұл қалып тәжірибеде жиі орындалмайтындығын растаған жөн. **Жұмыс берушілер өз кәсіпорнында кәсіподақтар құрылуына бөгет жасайды**⁴³ немесе олардың талаптарын ескермейді.

Кәсіпорындарда еңбек қорғау мен қауіпсіздігін сақтау жағдайы да бар. Еңбек қорғау мен қауіпсіздік ҚР ЕК және көптеген заңастылық актілермен реттеледі.⁴⁴

ҚР ЕК 308 б.,2 т. Бойынша еңбек қорғау мен қауіпсіздік бойынша талаптар ҚР аумағында қызмет теу кезінде жұмыс беруші мен жұмыскердің орындауы үшін міндетті.

Жұмыскердің еңбек қорғау мен қауіпсіздікке құқығы оның келесілерге құқығы барын көрсетеді: еңбек қорғау мен қауіпсіздігіне сай жабдықталған жұмыс орны; санитарлы тұрмыстық орындармен, жеке және ұжымдық қорғану құралдарымен, еңбек қорғау мен

⁴¹ Сонда.

⁴² К.Аянов, *Комиссияда Жаңаөзен туралы еш сөз айтпады* // Республика, 2012 ж., 24 қыркүйек. Анығырақ қараңыз

⁴³ Мысалы, Оңтүстік Қазақстан облысының Сас-Төбе кентіндегі цемент зауытында басшылық жұмысшылардың еңбек құқықтарын бұзып қана қоймай, кәсіподақ өздерін қорғау үшін жасаған құқықтарын танудан бас тартты. Кәсіподақты құрған адамдар мен жетекшілерін жұмыстан шығарумен қорқытқан. – М. Аимбетова, *Олигархтың жалтырауы мен кедейлігі* // Уақыт, 2012 ж., 4 қазан.

⁴⁴ Мысалы 2011 ж. 5 желтоқсандағы №1457 ҚР Үкіметінің Қаулысын қараңыз; 2011 ж. 28 қазандағы №1225 ҚР Үкіметінің Қаулысы; 2007 ж. 21 тамыздағы №721 ҚР Үкіметінің Қаулысы; 2007 ж. 21 тамыздағы №720 ҚР Үкіметінің Қаулысы және басқа.

қауіпсіздігіне сай арнайы киіммен, сонымен қатар еңбек және ұжымдық шарттармен қамтамасыз етілуге; жұмыс орнында еңбек жағдайы мен қорғауын тексеруді өткізу туралы еңбек бойынша уәкілетті мемлекеттік органдар мен олардың аймақтық бөлімшелеріне бару; еңбек қорғау мен қауіпсіздігі, жағдайын жақсартумен байланысты барлық сұрақтарды қарау мен тексеруде өзі немесе өкілі арқылы қатысуы; оның денсаулығы немесе өміріне қауіп төнген жағдайда бұл туралы жетекшісіне немесе жұмыс берушіге жазбаша хабарлап, жұмысты орындаудан бас тарту; еңбек қорғау мен қауіпсіздігі талаптарына сай болмағандықтан жұмысты уақытша тоқтату кезінде орташа еңбекақыны сақтауға құқығын (ҚР ЕК 314 б.).

Жұмыскер құқығына еңбек қорғау мен қауіпсіздігі облысында жұмыс берушінің міндеттеріне сай міндеттер қосылады.

ҚР ЕК 317 б. Сәйкес жұмыс беруші санитарлық гигиеналық жағдай жасауға, жұмысшыларға арнайы киім мен аяқ киімдер берілуін және жөндеуін қамтамасыз етуге,

Оларды профилактикалық өңдеу құралдарымен, жуу және дезинфициция құралдарымен, медициналық дәріхана, сүт, емдеу алдын алу тағамдарымен, ҚР Үкіметі бекіткен нормаларға сәйкес жеке және ұжымдық қорғану құралдарымен қамтамасыз ету; қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз ету, өз қаржысы есебінен міндетті және кезеңді медициналық тексерулер (еңбек қызметі кезінде), заңнамамен қарастырылған жағдайларда кезекшілік алдында медициналық растау өткізу, сонымен қатар еңбек жағдайы өзгеруімен басқа жұмысқа ауыстыру немесе кәсіптік аурулар белгісі пайда болған кезде медициналық тексерулер өткізуі керек.

Еңбек шартында зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторларды қоса еңбек жағдайының нақты сипаты, ҚР заңнамасы (ҚР ЕК 310 б. 1 т.) мен ұжымдық шартта қаралған жағдайлардағы жұмыс үшін өтемақылық төлемдер мен жеңілдіктер, кепілдер көрсетілуі керек. Басқаша айтқанда, жұмысшы жұмыс орны сипаты, ұйым аумағы, еңбек қорғау мен қауіпсіздік, жағдайы, денсаулық пен өмір үшін мүмкін қауіптер, сонымен қатар зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлар әсерінен қорғану бойынша шаралар туралы ақпаратты жұмыскер алуға, ал жұмыс беруші беруге міндетті.

Сонымен қатар ҚР ЕК қалыптарымен еңбек қызметі үрдісінде жұмыскерлер еңбек қорғау мен қауіпсіздікке құқығын кепілдеме беретін (ҚР ЕК 311 б.), сонымен қатар еңбек қорғау мен қауіпсіздік бойынша шараларды қаржыландыруды міндеттейтін қалыптар (ҚР ЕК 318 б.) бар.

ҚР ЕК 311 б. 1 т. жұмыс орнындағы еңбек қауіпсіздігі жағдайы ұлттық стандарттар, еңбек қорғау мен қауіпсіздік ережелері талаптарына сәйкес болуы керек.

Жұмыс беруші өз міндеттерін атқару керек және жұмыскерді қауіпсіз еңбек жағдайымен қамтамасыз етуге, осы талаптар орындалмау жағдайында әр түрлі деңгейдегі бар қорғау механизмдеріне сай жұмысшылар өз құқықтарын қорғау керек.

Еңбек қорғау мен қауіпсіздік бойынша шараларды қаржыландыру жұмыс берушінің есебінен және ҚР заңнамасы шектемеген басқа да көздерден іске асады. жұмыскерлер бұл мақсаттар шығынын көтермейді.

Осы бап бекіткен талаптарды орындау үшін жұмыс беруші кәсіпорындар осы мақсатқа қаржы бөлуі керек. Мұндай қаржы ұжымдық шартта немесе жұмыс берушінің қызметін қаржылық жоспарлау құжаттарында (бизнес жоспар және т.б.) анықталуы керек. Жұмыс беруші жұмыс істейтін қызметкерлердің еңбегін қорғау мен жағдайын осы жағдайлар қауіпсіз болатындай көлемде жақсарту жоспарлары мен бағдарламаларын қаржыландыруды қамтамасыз етуі керек.

Осылайша, ҚР ҚҚА еңбек қорғау мен қауіпсіздік облысында жұмыс берушінің міндеттерінің тізімі бекітілген. Берілген қалыптар Қазақстанның адам құқығын қорғау

бойынша халықаралық міндеттеріне сәйкес келеді. Осымен қатар жұмыскердің да еңбек қорғау мен қауіпсіздік ережелерін сақтаудағы міндеттерін атап өткен жөн.

Тәжірибе көрсеткендей, **жұмыс берушілер мен жұмысшылар ретті түрде бекітілген еңбек қорғау мен қауіпсіздік стандарттарын бұзады.**⁴⁵ Еңбек қорғау туралы заңнаманы бұзудың көп таралғаны жұмыс істеушілердің техника қауіпсіздігі, тұзу машиналар мен жабдықтар тасымалы ережелеріне оқытылмау, еңбектің қауіпсіз жағдайын және жеке қорғау құралдарымен қамтамасыз етілмеуі болып табылады.⁴⁶

Осы жағдай бойынша Елбасы өндірісте еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен бақылауды күшейту керектігін, сонымен қатар **әлеуметтік еңбектік жанжалдар тудыруға құқықтық жауап беру шараларын** күшейту керектігін айтты. Көбінесе дау себебі еңбек жағдайын әдейі нашарлатудан, өндірістік үрдістің олқылықтарынан, еңбекақыны төлеуді кешіктіруден пайда болатын еңбек ұжымдары болып табылады.

Н.Ә. Назарбаев көрсеткендей Еңбек, Әкімшілік, Қылмыстық кодекстердің ешқайсысында **жұмыс беруші, қызметтік және басқа тұлғалар жағынан еңбек дауын тудырғаны үшін жауапкершілік туралы бап жоқ.**⁴⁷

ҚР ЕК 298 б. сәйкес жұмыскерлер егер ортақ мәмілеге келу үрдістерінде ұжымдық еңбектік талас шешілмегенде, сонымен қатар жұмыс берушінің ортақ мәмілеге келу үрдістерінен жалтару немесе ұжымдық еңбектік таласты шешу кезіндегі жеткен келісімді орындамау кезінде ереуіл өткізу туралы шешім қабылдай алады. Ереуілге қатысу ерікті түрде болып табылады. Ешкім ереуілге қатысуы немесе одан бас тартуға мәжбүрленбейді.

ҚР ЕК 302 б. *ереуіл ұйымдастыру немесе оған қатысу жұмыскердің еңбек тәртібін бұзуы ретінде қаралмайды және тәртіптік сипаттағы шара қолданылмайтыны* жазылған. *Ереуіл уақытында жұмыскердің жұмыс орны (қызметі), әлеуметтік сақтандыру бойынша өтемақы төлену құқығы сақталады, сонымен қатар еңбек өатынасына байланысты басқа да құқықтарына кепіл беріледі.*

ЕҚМ комитеті ереуілге құқық жұмыскерлер мен олардың ұйымдары осы құқықты шектеу шектен тыс болмауы керектігін және осы құқықты заңды түрде іске асыру алдын ала ойланған жазалау шараларын болдырмауы керектігіне сенуі керектігін белгілейді. Қазақстанда ереуілдерге тосқауыл өю шекті болып табылады, ал оған қатысу көбінесе жазалау шараларын болдырады. Сонымен қатар ереуілдерге рұқсат етілмейтін заңнамада бекітілген салалардың кең әрі анық емес анықталуы жұмыскерлердің ереуілге құқықтарын анық бұзады.⁴⁸

⁴⁵Мысалы, Астана қаласының Прокуратурасы еңбек қорғау мен қауіпсіздікті қамтамасыз ету облысында Қазақстанның еңбек заңнамасы талаптарын бұзғаны үшін Астанадағы «Классикалық опера және балет театрының» құрылысын тоқтатты және мердігерді әкімшілік жауапқа тартты. Сонымен қатар, жұмысшалардың биіктіктегі жұмыстарды жеке қорғану құралынсыз (сақтандыру белдігі) орындауы, жабылу ауданының периметрі бойынша қоршау болмауы, жүк асуға арнайы білімі мен аттестаты жоқ адамдар жіберілу жағдайы анықталған.– <http://newskaz.ru/incidents/20120613/3315796-print.html>анығырақ қараңыз.

⁴⁶Тексерістер көрсеткендей еңбек заңнамасының көп тараған бұзушылықтары 2012 жылдың 6 айы кезеңіндегі сәйкес салыстыру бойынша келесілер :

1) жұмысшылар еңбегін ЖЕШсыз пайдалыну– 10 жағдай; 2) ЖЕШ мазмұнының сәйкес келмеуі – 157 жағдай;3) еңбек шартын қате бұзу – 10 жағдай; 4) жұмыс уақыты қалпын жоғарылату – 18 жағдай; 5) еңбек демалысын беру уақытын бұзу – 43 жағдай; 6) еңбекақыны төлеуді кешіктіру – 61 жағдай; 7) жазалау шараларын қате қабылдау – 7 жағдай; ұжымдық шарт шартын сақтамау – 6 жағдай; басқалар – 389 жағдай.– Қызылорда облысының мемлекеттік еңбек инспекциясының 2012 ж. 6 ай үшін есеп беруіне түсіндірме хат қараңыз // <http://www.enbek.gov.kz/node/257472>.

⁴⁷Н.Ә. Назарбаевтың «*Еңбекті әлеуметтік жетілдіру: еркін еңбек қоғамына жиырма қадам*» қараңыз// Қазақстан шындығы, 2012 ж., 10 шілде.

⁴⁸Human Rights Watch баяндамасын қараңыз: *Мұнай және ереуілдер. Қазақстанның мұнай секторында еңбек құқығын бұзу.*

Халықаралық бақылаушы ұйым «*Human Rights Watch*» пікірі бойынша, **Қазақстанның ереуілшілерге қатынасы қабылданған халықаралық міндеттерді ғана бұзбай, республиканың өз заңнамаларын да бұзады.**⁴⁹ Мемлекет өз аумағында әрекет ететін кәсіпорындардың қызметін бақылау бойынша өз міндеттерін орындамай қоймай өзі осы құқықтарды бұзады, бұл елдегі кәсіпкерлік қызметтің жетілуіне оң әсер етпейтін және әлем қоғамының көзінде ел беделін түсіреді.

ҚР жұмыс берушінің негізгі өз міндеттерін бұзу жағдайлары көп кездеседі. Негізгі міндеттерге ҚР ЕК 23 б. сәйкес жұмыскерге ҚР ҚҚА, еңбек, ұжымдық шарттар, жұмыс берушінің актілерінде қаралған еңбекақы мен басқа да төлемдерді уақытылы толық көлемде төлеу міндеті; жұмыскерді міндетті әлеуметтік сақтандыруды іске асыру; жұмысшыға жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын ұсыну және басқалар жатады.

Кейбір жұмыс берушілер жұмыскерді мемлекеттік органдарға шағым түсіруге, тіпті ел президентіне хат жазуға мәжбүрлеп, еңбекақы төлеу бойынша өз міндеттерін орындамауды жалғастыруда.⁵⁰ Ұзақ уақыт бойы қызмет етіп келе жатқан ірі кәсіпорындардың өзі жұмысшыларға еңбекақыны уақытылы төлеу міндетін дұрыс атқармайды және ол үшін ешқандай жауапкершілік тартпайды.⁵¹ Көп кәсіпорындар өз жұмыскерлерін еңбек демалысына жібермейді және жоғары жұмыс бастылық пен қаржылық дағдарыспен түсіндіріп, заңмен бекітілген өтемақыны төлемейді.

Жұмыс берушілер ҚР ЕК (ҚР ЕК 140 б. 3 т.), келісімдер, ұжымдық және еңбек шарттарымен қарастырылған жұмыскерді кәсіби оқыту, қайта дайындау және кәсіптілігін жоғарылату, оқу мен жұмысты қатар алып жүру жағдайлары бойынша міндеттерін дұрыс атқарады.

«*Head Hunter*» компаниясының 2012 жылдың 15-18 қазанында өткізген сұрағы көрсеткендей қазақстандық компаниялардың көбі, нақтысы 54% өз қызметкерлерін оқытады.⁵²

Жоғарыда көрсетілген Елбасының ұсыныстарынан басқа минималды негізгі индикаторлардан тұратын **әлеуметтік стандарт пен әлеуметтік құқықтарды кепілдеу туралы заң** қабылдау туралы ұсыныс болды.⁵³

ҚР ЕК 159 б. 1 т. жұмыс беруші өз қаржысы есебінен жұмыскерлерге уақытша еңбекке жарамсыздық бойынша әлеуметтік төлем төлеуі керек. Яғни, жұмыскер уақытша еңбекке жарамсыз кезде, оның жүктілік пен бала туу бойынша демалысқа немесе жаңа туған баланы асырап алу бойынша демалысқа кету кезінде оларға өз қаржысы есебінен әлеуметтік төлем төлеуі керек.

Жұмыскердің құқығын қорғау мақсатында ҚР ЕК 323 б. жұмыс берушіге өндірістегі оқыс жағдайлар кезінде белгілі міндеттер жүктеледі.

Жұмыс беруші зардап шегушіге алғашқы медициналық көмек көрсетуге және қажетінше оны денсаулық сақтау ұйымына жеткізуге; апаттық жағдайлардың дамуының алдын алу және басқа тұлғаларға оқыс жағдай болу себебінен болған әсердің алдын алу бойынша шұғыл шаралар қабылдауға; тексеру басталғанға дейін оқыс жағдай болған орындағы жағдайды

⁴⁹http://www.vb.kg/world/2012/09/11/199098_doklad_human_rayts_votch_osparivaet_oficialnyu_versiu_janaozenskih_sobytiy.html қараңыз.

⁵⁰ *Қапшағайда таңдаулы қонақүйдің 150 жұмыскеріне жарты жыл бойы еңбекақы төленбеуде*, // <http://aktausite.ru/index.php?nma=blog&fla=news&cat=1&ids=14&idd=23406> қараңыз.

⁵¹ *Атырауда «Атыраубалық» балық өңдеушілері еңбекақы талап етуде*, // <http://www.zakon.kz/kazakhstan/4517777-v-atyrau-rybopereerabotchiki-atyraubalyk.html> қараңыз.

⁵² *Қазақстандық компаниялардың көбі өз қызметкерлерін оқытады*, // <http://www.zakon.kz/kazakhstan/4520114-bolshinstvo-kazakhstanskikh-kompanij.html>.

⁵³ Н.Ә. Назарбаевтың «*Еңбекті әлеуметтік жетілдіру: еркін еңбек қоғамына жиырма қадам*» қараңыз// Қазақстан шындығы, 2012 ж., 10 шілде.

басқа тұлғалардың денсаулығына қауіп төнбейтіндей, ал өндірістік үрдіс үздіксіздігін бұзу апатқа әкелмейтіндей (жабдықтар мен механизмдерді, еңбек құралдары жағдайын) оқиға болған уақыттағыдай сақтау, сонымен қатар оқыс жағдай болған орынды суретке түсіруге; өндірістегі оқыс жағдай туралы зардар шегушінің жақын туыстарына хабарлап, мемлекеттік органдар мен ұйымдарға хабарлама жіберуге; өндірістегі оқыс жағдайды тексеруді қамтамасыз ету және оны есепке алуға; өндірістегі оқыс жағдайды тексеру үшін оқиға орнына арнайы тексеру бойынша комиссия мүшелерін жіберуге; өндірістегі оқыс жағдайлар мен кәсіби ауруларды тіркеу, есеп пен талдау жүргізуге **міндетті**.

Басқаша айтқанда, **адам құқығына әсер етуі мүмкін жағдайлар туған кезде жұмыс беруші кәсіпорындар көрсетілген әсерді азайту үшін қажетті барлық әрекетті жасап және оны дұрыс жоюға міндетті**.

ҚР ҚҚА ішінде шартты түрде айтқанда жұмыскердің әлеуметтік құқықтарын қорғау кепілі ішінде жұмыскерді оқыс жағдайлардан міндетті сақтандыру туралы Заң ерекшеленеді.

Жұмыскерді оқыс жағдайлардан міндетті сақтандыру туралы Заңның 8 б. 2 т. 1 тармақшасына сәйкес Сақтанушы сақтандырушымен жұмыскерді оқыс жағдайлардан міндетті сақтандыру келісімін жасауы керек.

Сақтанушы жұмыскер немесе заңмен қарастырылған жағдайларда жұмыскерді оқыс жағдайлардан міндетті сақтандыру келісімімен бекітілген сақтандыру сомасы шегінде, (жұмыскерді оқыс жағдайлардан міндетті сақтандыру туралы Заң 8 б. 2 т. 1 т-шасы) жұмыскердің өлімімен байланысты залалдың орнын толтыруға құқығы бар тұлға пайдасына аннуитет келісім шартын жасауға міндетті.

Осылайша, жұмыс берушілерге осындай келісімдер жасалуы пайдасында және ол бойынша пайда алушы болып табылатын жұмыскерлердің өзінде тек сақтандыру сомасын алуға құқық пайда болатын сақтандырушы ұйымдармен келісім жасау міндеті артылған.

Жұмыс берушінің берілген міндеті жұмыскердің мүмкін оқыс жағдай кезінде залалдың орнын толтыруды алуға құқығының кепілі болып табылады.

Ұқсас қызметті жұмыс берушінің әлеуметтік қамтамасыз етуге адам құқығын сақтау бойынша міндеттері мазмұндалған әлеуметтік сақтандыру туралы Заң жағдайы орындайды. Ұйымдар әлеуметтік аударылымдарды уақытылы және толық көлемде төлеуге міндетті, ал мемлекет азаматтарға міндетті әлеуметтік сақтандыру бойынша қауіп жағдайлары түсу кезінде әлеуметтік төлем алу құқығына кепіл береді.

Осылайша, еңбек аясында адам құқығын бұзу орынды және ретти сипатта екенін айта кеткен жөн. Осындай жағдайлардың себебі құқықты қате пайдалану ғана емес, еңбек заңнамасындағы әсіресе жауапкершілік шараларын іске асыру бөліміндегі олқылықтар.

«Еңбекті әлеуметтік жетілдіру: еркін еңбек қоғамына жиырма қадам» мақаласында Н.Ә. Назарбаев көрсеткендей қазір Қазақстанда **еңбек дауы мен таластарды реттеу, ескерту және алдын алу механизмі толық дамымаған**. Бұл аяда қауіптерді азайтуға барған жөн. Еңбек дауының негізгі себептері ретінде Елбасы **кәсіпорындарды басқару сұрақтарына жұмыскерлер жатырқап қарауы**, сонымен қатар **даулар мен таластарды реттеудің соттық емес механизмінің әлсіздігін** көрсетті. ҚР Президенті өндірістік кеңестер жұмыс атқаратындамыған елдердегі тәжірибені пайдалануды және **құрылымдар мен медиация үрдісін құру және пайдалану бойынша жұмыстарды күшейтуді**, оның ішінде еңбек қатынасы аясында күшейтуді ұсынды.⁵⁴

⁵⁴.Ә. Назарбаевтың *«Еңбекті әлеуметтік жетілдіру: еркін еңбек қоғамына жиырма қадам»* еңбегін қараңыз// Казахстанская правда, 2012 ж., 10 шілде.

Қорытындылап айта кетсек, ҚР ЕК 9 б. сай барлық ұйымдар және ҚР аумағында орналасқан және өз қызметін атқаратын шетелдік ұйымдар да адам құқығын сақтау бойынша міндеттерін қазақстандық заңнамаларға сәйкес орындауы керек. ҚР аумағында орналасқан шетелдік ұйымдардың жұмыскерлері қазақстандық жұмыскерлермен бірдей құқықтарға ие. ҚР ЕК республиканың барлық аумағына таралады. ҚР ЕК қалыптарын талдау көрсеткендей, *кәсіпорындар адам құқықтарын кез келген жағдайда сақтауы керек.*

2.4. Коммерциялық ұйымдарды адам құқығын сақтауға міндеттейтін Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының ережелері

Қазақстан Республикасы Конституциясының 31 бабына сәйкес мемлекет адамның өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы айналадағы ортаны қорғауды мақсат етіп қояды.

Қазақстан Республикасының экологиялық кодексінің 13 бабы 1 тармағының 1 тармақшасына сәйкес жеке тұлға **өздерінің өмірі мен денсаулығына қолайлы қоршаған ортаға құқылы.** Өз кезегінде кәсіпорын оларға бұл құқықты қамтамасыз етуге міндетті және де қоршаған ортаны қорғау бойынша шараларды жүзеге асыры тиіс.⁵⁵

Эмиссиялар нормативтерінің шамалары шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына теріс әсерін азайту мақсатында экологиялық рұқсаттар беру мен қажетті техникалық іс-шаралар өткізу қажеттігі туралы шешімдер қабылдауға негіз болып табылады. (ҚР ЭК 25 бабы 3 т.). Басқаша айтқанда рұқсаттар алу үшін кәсіпорын біріншіден орнатылған экологиялық нормативтерге бағынып, екіншіден оларды сақтауы керек.

Жылжымалы көздерден туындайтын ластағыш заттардың шығарындыларын қоспағанда, қоршаған ортаға эмиссияларды жүзеге асыратын табиғат пайдаланушылар қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат алуға міндетті. (ҚР ЭК 69 бабының 1 т.). Және де, табиғат пайдаланушылар қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсатта көрсетілген шарттарды орындауға міндетті және оларды сақтамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады. (ҚР ЭК 69 бабының 3 т.).⁵⁶

Экологиялық талаптар кәсіпорын қызметінің сипатына қарай өзгешеленеді (ҚР ЭК 8 тарауы).

Қазақстандық экологиялық заңнамалардың барлық ережелері халықаралық қағидаларға сәйкес келе бермейді. Нормалар мен олардың жүзеге асырылуы азаматтарға табиғат пен олардың ресурстарын сақтау мен нақты қолданылуына кепілдік бермейді.

Пайданы әділ бөлуді қолдану халықтың жағдайын едәуір жақсартып, мемлекеттің мәртебесін көтеруші еді. Халықаралық табиғатты қорғаудың конвенциялары мен ұлттық заңнамалардың

⁵⁵ Қазақстан Республикасында өмір сүру мен қоршаған табиғат ортаның қолайлылығына құқықтарын жаппай бұзу орын алуда. Тұрғындар кәсіпорындар-ластаушылардың санитарлық-қорғалған зоналарында тұруға мәжбүр. Елдердің кейбір қалаларында (Ридер, Өскемен, Алматы және т.б.) атмосфералық ауаның ластануы едәуір ұйғарынды шоғырлануын жоғарылатады. Мемлекеттік органдар жағдайды түзету үшін ешқандай шаралар қолданбайды. Экологиялық заңнама қағидаларының бұзылуы орын алады. Мысалы, жоспарланып отырған шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіптілігі презумпциясы бұзылады (ҚР ЭК 5 бабы 15 т.). – толығырақ С.Ф. Каторчтан, С.Г. Куратовтан, Н.И. Медведевтен, А.А. Шитовтан қараңыздар, *Қазақстан Республикасындағы қолайлы қоршаған ортаға адам құқығының бұзылуы*, // <http://www.greensalvation.org/index.php?page=prava-tezisy2009>.

⁵⁶ Аталған талаптар негізінен орындалмайды. Кәсіпорын мемлекеттік органдар тарапынан тиісті бақылаудан жалтарып, қолданыстағы экологиялық нормативті өрескел бұза отырып жобаларды іске асыруға рұқсат алады.– мысалы қараңыздар, Тен Т. *Көзге шаң түсу. Сынапты-валюталы*, // Караван, 2009 ж., 21 тамыз.

ережелерін тұрақты бұзу әдетті тәжірибе болады. Мемлекет органдары мен жеке меншік кәсіпорындардың әрекеті нәтижесінде азаматтар жиі экологиялық кемсітушіліктің түрлі үлгілеріне ұшырайды.

Экология мәселелері бойынша қоғамның қатысуы немқұрайлы тыңдаулармен шектеледі не болмаса қоғам шешімдер қабылдаға қатысудан толығымен жойылады. Көбінесе бұл экологиялық мәселелер жөнінде шешімдер қабылдау үрдісіне қатысу егер кәсіпорынның жоспарланған қызметі қоршаған орта мен азаматтардың денсаулығына тікелей әсер еткен жағдайда ғана қарастырылған. Істің мұндай жағдайы халықаралық қағидаларға қайшы келеді.

Қазақстанда барлық жерде денсаулыққа, тамақтанудың қауіпсіз азық-түліктеріне, таза ауа мен су және т.б. азаматтардың экологиялық құқықтары бұзылады. Елде табиғи ресурстарды мөлшерлемей пайдалануына бағытталған экономикалық саясат жүргізілуде, бұл көбінесе әрі барлық бұзылулардың бірден бір себебі болып табылады. Адам құқығын сақтаудың, қоршаған ортаға әсер ететін жағымсыз әсерлерді жою бойынша шаралар қабылдаудың орнына ұлттаралық корпорациялар елдегі экологиялық жағдайға теріс әсер тигізуін жалғастырады.

Бұндай жағдайдың басты себебі мемлекеттік бюджетті толықтырудың негізгі көзі болып табылатын экономика секторына айырықша қол жеткізетін даму болып табылады.

Кәсіпорынның сақталуы тиіс болатын адам құқықтарының бірі экологиялық ақпаратқа кез келген мүдделі тұлғаның қол жетімділігі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 31 бабы 2 тармағында адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін деректер мен жағдаяттарды лауазымды адамдардың жасыруы заңға сәйкес жауапкершілікке әкеп соғады делінген.

Қазақстан Республикасы экологиялық кодексінің 163 бабына сәйкес экологиялық ақпарат, Қазақстан Республикасының зандарында көзделген жағдайларды қоспағанда, жалпыға бірдей қолжетімді болып табылады. Жалпыға бірдей қолжетімді экологиялық ақпаратты құрайтын жекелеген мәліметтер мен деректерге қол жеткізу оларды жеке және заңды тұлғалардың сұратуы бойынша беру, бұқаралық ақпарат құралдарында, арнайы басылымдарда тарату, Интернетте орналастыру арқылы, сондай-ақ өзге де жалпыға бірдей қолжетімді ақпараттық-коммуникациялық құралдар қолданыла отырып жүзеге асырылады.

Экологиялық ақпараттың мемлекеттік ақпараттық ресурстарына (ақпараттық деректер базасына) қол жеткізу жалпыға бірдей қолжетімді тіркелімдерді және экологиялық ақпарат кадастрларын қалыптастыру мен сүйемелдеу арқылы жүзеге асырылады (ҚР ЭК 163 бабы 3 т.). Қол жеткізу шектелген мәліметтер мен деректерді қамтитын құжаттарға және ақпараттық ресурстарға қол жеткізуге рұқсат беру Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады (ҚР ЭК 163 бабы 4 т.).

Сонымен, ҚР ЭК жеке жағдайларды қоспағанда, жалпыға бірдей қолжетімді экологиялық ақпарат талаптары орнатылған. Ақпаратқа жалпыға бірдей қолжетімділікті қамтамасыз етуден басқа, ақпаратты мүдделі тұлғаларға мәлім ету де қарастырылған.

Атап өтерлік жайт, ҚР ЭК көрсетілген коммуникациялық құралдар азаматтарға ақпаратты автоматты түрде алуға кепілдік бермейді. ҚР ЭК мәліметтерді тапсыру мен есеп жүйесінің негіздері, үлгілері, мерзімдері туралы ереже енгізу қажет. Субъектілердің әрекет қатаң алгоритмінің болмауы, нормалардың белгісіздігі мүдделі тұлғалардың өз құқықтарын іске асыру мүмкіндігінің шектелуіне әкеп соғады.

Жеке және заңды тұлғалардың экологиялық ақпараттың жалпыға бірдей қолжетімді мемлекеттік ақпараттық ресурстарына еркін қол жеткізуге құқығы бар (ҚР ЭК 164 бабы 1 т.).

ҚР ЭК 2,3 тармақтарына сәйкес мемлекеттік органдар, сондай-ақ мемлекеттік функцияларды атқаратын лауазымды адамдар немесе жария шарттың негізінде халыққа қоршаған ортаға қатысы бар қызметтер көрсететін жеке және заңды тұлғалар экологиялық ақпаратқа, оның ішінде жеке және заңды тұлғалардың сауалдары бойынша ашық түрде қол жеткізуді ұсынуға міндетті. Қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын өзге де жеке және заңды тұлғалар азаматтардың өмірі мен денсаулығына әсер етуге қатысты экологиялық ақпаратты адамдардың сауалдары бойынша беруге міндетті.

Аталған нормалар сыртқы субъектілер үшін ақпараттар тапсыру бойынша міндеттерді орнатады. Сонымен қатар заңда кәсіпорынның ішкі штат жұмыскерлерін ақпараттандыру жөніндегі міндеттер қарастырылмаған. Кәсіпорын қызметкерлері құқықтарының бұзылуын болдырмау және өз қызметтерін орындау барысында және мұндай талаптарды орындамауға байланысты қауіптер туралы экологиялық талаптарды сақтау туралы олардың білгірліктерін қамтамасыз ету қажет. Бұл жағдайды іске асыру мақсатында заңнамалық түрде кәсіпорындарға осындай міндеттерді тағайындау керек.

Мемлекеттік органдардың экологиялық ақпарат беру мерзімдері мен тәртібі Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдер туралы және азаматтардың өтініштерін қараудың тәртібі туралы заңнамасында белгіленеді (ҚР ЭК 165 бабы 1 т.).

Қоршаған ортаға әсерді бағалау рәсіміне және көзделген шаруашылық және басқа да қызмет бойынша шешімдер қабылдау үрдісіне жататын экологиялық ақпаратқа қол жеткізу қоршаған ортаны қорғау саласындағы өкілетті органмен бекітілген тәртіппен қамтамасыз етіледі.⁵⁷ Ақпаратты тапсыру мерзімдері мен тәртібі аталып өткендей қызықтыратын мәліметтерге қол жетімділікті алуға сұраныс берген азаматтардың бастамасы кезінде ғана анықталады. Мұндай ақпаратты тарату, бекітілген тәртіпте мүдделі тұлғаларға жеткізу мемлекеттік органдардың міндеті болып табылмайды.

Экологиялық ақпарат бергені үшін ақпаратты көшіруге, іздестіруге және дайындауға жұмсалған нақты шығыннан аспайтындай төлемақы алынады (ҚР ЭК 166 бабы 1 т.). Басқаша айтқанда экологиялық ақпаратқа қол жетімділікке арналған азаматтарға заңнамамен берілген құқық ақылы негізде іске асады, яғни осындай ақпаратты беруге байланысты субъектімен кеткен шығындарды саналы түрдегі өтемақы жасалады.

ҚР ЭК 167 бабында жеке және заңды тұлғаларға (сауал жалпылама түрде тұжырымдалған және өтініш беруші сұратқан мәліметтер мен деректерді анықтауға мүмкіндік бермейтін болса; сұратылатын ақпарат жоқ болса; сауал Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қол жеткізілуі шектелген мәліметтер мен деректерге жататын болса) экологиялық ақпарат беруден бас тартудың негіздері қарастырылған. Экологиялық ақпарат беруден бас тартуға, оны бермеуге, толық емес немесе дұрыс емес ақпарат беруге, сондай-ақ жалпыға қолжетімді экологиялық ақпаратты қол жеткізілуі шектеулі ақпаратқа заңсыз жатқызуға жоғары тұрған мемлекеттік органға және (немесе) лауазымды адамға немесе сотқа шағым жасалуы мүмкін.

ҚР ЭК адамның экологиялық құқығын сақтау анықталған кепілдіктер жер қойнауын пайдалану туралы Заңда қарастырылған.

⁵⁷ Толығырақ қараңыз, ҚР қоршаған ортаны қорғау Министрінің 2007 жылғы 25 шілдедегі «Қоршаған ортаға әсерді бағалау рәсіміне және көзделген шаруашылық және басқа да қызмет бойынша шешімдер қабылдау үрдісіне жататын экологиялық ақпаратқа қол жеткізу ережесін бекіту туралы» Бұйрығы

Жер қойнауын пайдалану туралы Заңның 14 бабы 1 тармағына сәйкес Ұлттық қауіпсіздікті, халықтың қауіпсіздігін және *қоршаған ортаны қорғауды* қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша жер қойнауының жекелеген учаскелерін пайдаланудың шектелуі немесе оған тыйым салынуы мүмкін. Елді мекендердің, қала маңы аймақтарының, өнеркәсіп, көлік және байланыс объектілерінің аумақтарында жер қойнауын пайдалануға, егер мұндай пайдалану *адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіруі, шаруашылық объектілеріне немесе қоршаған ортаға нұқсан келтіруі* мүмкін болса, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша жартылай немесе толық тыйым салынуы мүмкін.

Сонымен, аталған норма өмірге арналған құқықты, адамдардың қоршаған орта меншігі мен қауіпсіздігін қорғайды, қоршаған ортаға, халықтың өмірі мен денсаулығына зиян келтіруге жалпы тыйым салады.

Жер қойнауын пайдалану туралы Заңның 76 бабында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде *адам өмірінің, денсаулығының және қоршаған ортаның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге* (2 тт.); қызметкерлердің және халықтың өмірі мен денсаулығы қауіпсіздігін, жер қойнауын ұтымды әрі кешенді пайдалануды және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ететін, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен келісілген жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған жобалау құжаттары мен технологиялық схемалардың ережелерін сақтауға (7 тармақша); егер бұл қауіпсіздіктің ерекше жағдайларымен байланысты болмаса және мұндай қызмет жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге кедергі келтірмесе, келісімшарттық аумақ шегінде басқа адамдардың еркін жүруіне, жалпыға ортақ объектілер мен коммуникацияларды пайдалануына кедергі жасамауға (8 тармақша);

Жер қойнауын пайдаланушының аталған міндеттері адамның әлеуметтік-экономикалық құқықтарын (еңбек қауіпсіздігі, азаматтардың экологиялық құқықтарын, қозғалыс еркіндігі құқығы, коммуникацияларды мен жалпыға ортақ қолданыстағы нысандарды қолдану құқығы) қорғауға байланысты.

Еңбек қауіпсіздігі құқығы мұнай операциялары мен мұнайды тасымалдау кезіндегі қауіпсіздік талаптарымен кепілдендіріледі. (Жер қойнауын пайдалану туралы Заңның 91 бабы).⁵⁸ Мұнай операцияларын жүргізу және мұнай тасымалдау кезіндегі қауіпсіздік белгіленген талаптарды сақтау, адам өмірі мен денсаулығын және қоршаған ортаны қорғауға бағытталған ұйымдастырушылық және техникалық іс-шаралар кешенін орындау, жерүсті және жерасты құрылыстары мен жабдықтарын салу мен пайдаланудың қауіпсіз жағдайларын жасау, сондай-ақ ықтимал апаттарға жол бермеу арқылы қамтамасыз етіледі.

⁵⁸ Биосферадағы бұзылулар мұнайды тасымалдау жүйелеріндегі апатқа әкеп соғады. Мұнайды арнайы танкерлермен теңізбен не болмаса құбырлармен тасымалдайды. 9 жыл ішінде 168 танкерлер апатын, қоршаған ортаға едәуір зияны тиетін мұнайдың төгілуін бастан өткердік. Өлендік тәжірибені ескеріп, тасымалдау барысындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ететін заңдарды қабылдау қажет. Мысалы, Аляска жағасындағы «*Exxon Valdez*» танкері апатынан кейін АҚШ онда сулы елдің аумағына кіретін ірі танкерлер екі корпуспен шектелуі қажет екендігі туралы талапты қарастыратын федералды заңды қабылдады. Пайдаланудан барлық бір корпуссты соттарды шығару жөніндегі шешім мазутты төгуге жол берген «*Erica*» танкерінің Франция жағасындағы оқиғасынан кейін Халықаралық теңіз ұйымымен қабылданды. Болуы мүмкін салдарлардың алдын алуда жер қойнауын пайдаланушылар апатқа, экологиялық баланстың бұзылуына, қолайлы қоршаған ортаға адамдар құқықтарын бұзуға әкеп соғатын барлық факторларды ескеруі тиіс. Көптеген елдердің экологиялық заңнамалары мүмкін бұзылулар мен олардың шынайы дамуын реттей отырып, экожүйедегі барлық кемшіліктерді ескереді. Мысалы, құбыр арқылы өтуі мүмкін жануарлардың өрістеу бағыты ескеріледі – *толығырақ, табыс кезіндегі табиғат апаты, мұнай мен газды тасымалдау* // <http://www.godmol.ru/ekologija/170-uron-prirode.html>; *мұнайды тасымалдау экологиясы*, // <http://www.mirneft.i.ru/index.php?id=108> қараңыз.

Мұнай операцияларын жүргізу және мұнай тасымалдау кезінде жер қойнауын пайдаланушы пайдаланатын жабдық пен өзге де мүлік техникалық регламенттерде белгіленген қауіпсіздік талаптарына сәйкес келуге тиіс.

Мұнайды төгу және құю режимі, сақтау және тасымалдау құралдарының конструкциясы және оларды пайдалану шарттары мұнайға және оның өмірлік циклінің үрдістеріне қатысты техникалық регламенттерде белгіленген өрт қауіпсіздігі нормаларына сәйкес келуге тиіс.

Жер қойнауын пайдалану туралы Заңның 115 бабында еңбек қауіпсіздігінің құқығы қамтамасыз етілген. Жер қойнауын пайдаланушы заңнамада көзделген жұмыс жүргізу қауіпсіздігі ережелері мен нормаларының орындалуын, сондай-ақ авариялардың, оқыс оқиғалар мен кәсіптік аурулардың алдын алу және оны жою жөніндегі іс-шаралардың жүргізілуін қамтамасыз етуге тиіс

Теңізде мұнай операцияларын жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар теңізде қоршаған ортаны қорғаудың ең озық тәжірибесін басшылыққа алуға міндетті (Жер қойнауын пайдалану туралы Заңның 93 бабы 2 т.).⁵⁹

Жер қойнауын пайдалану туралы Заңның 99 бабы 1 тармағына сәйкес Теңізде мұнай операцияларын жүргізу кезінде қалдықтарды теңізге тастауға және теңіз түбіне көмуге тыйым салынады. Қазақстан Республикасында мұндай әрекеттерге әкімшілік жауапкершілік қарастырылған.⁶⁰

Қаншалықты мұнай шикізаттың түрі болса да жоғары сақтылықты талап етеді, қауіпсіздік талаптары адам құқығының іргелі қорғаныстарын қамтамасыз етуге бағытталған. Жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізуге жол беруді анықтайтын негізгі фактор олардың адам өмірі мен денсаулығына қауіпсіздік деңгейі болып табылады.

Сонымен, мемлекет жер қойнауының иесі ретінде келесі желілер бойынша жер қойнауын пайдалану мәселелерін реттеді: мемлекет – *жер қойнауын пайдаланушы*, алайда бұл арада жер қойнауын пайдаланушының жұмыскермен өзара қарым-қатынасындағы проблемаларды жіберіп алады. Осыдан қазақстандық үлес мәселесі өзекті болады.

Әлі күнге дейін республиканың экологиялық проблемалары реттелмеген, инвестициялық климатты жақсарту тілегіне байланысты мемлекетте экологиялық құқық бұзушылықтарғы жер қойнауын пайдаланушыларға жауапкершіліктің қатаң шаралары енгізілмеген. Жер қойнауын неғұрлым тиімді реттеу, оның ішінде адамның еңбек және экологиялық құқықтарын қорғау механизмі үшін заңнаманы алдағы уақытта жетілдіру қажет.⁶¹

⁵⁹ Сарапшылар атап өткендей, Каспий экологиясына қауіп бар. Бүгінгі күнде каспий елдеріндегі қоршаған ортаны қорғау бойынша жалпы міндеттерді реттейтін жалғыз құжат Тегерандық Конвенция болып табылады, (2003ж.), ол Әзірбайжан, Иран, Қазақстан, Ресей мен Түркіменстанда жазылған. Бұл жақтаулық конвенция, экологтар айтқандай жұмыс істемейжі, әрі Каспий теңізі одан әрі ластануда.⁵⁹ Мысалы, Қашаған жобасының экологиялық сараптамасына қатысушы, Экологиялық одақ қоғамдастығы мен «Табиғат» Қазақстан кәсіпорыны Төрағасы Мэлс Елеусізов апат орын алған жағдайда Каспийді ешқандай қорғау болмайды және каспийдегі барлық тірі заттарды жою үшін бір апатта жеткілікті екеніне сенімді. – *толығырақ қараңыз, Қазақстан Қашағанда апат орын алған кезде Каспийді қорғауды қамтамасыз ете алмайды*, // http://www.zakon.kz/top_news/4521751-kazakhstan-ne-smozhet-obespechit.html.

⁶⁰ Кейбір мұнай компаниялары осындай бұзушылықтарды іске асырады. Мысалы, 2007 жылы Әзірбайжанда Каспийге қалдықтарды тастауға жол берілмеді – *Толығырақ қараңыз, теңізге мұнай қалдықтарын тастауға жол берілмеді*, // <http://www.1news.az/society/20070706111015236.html>.

⁶¹ *қараңыздар, жер қойнауы және жерді пайдалану: пайдасы мен зияндары. Жер қойнауын пайдалануды мемлекеттік реттеу Қазақстанда жаңа шарттарда*, // <http://www.zakon.kz/4468837-gosudarstvennoe-regulirovanie.html>.

Баяндамада аталғандай, адам құқығын сақтаудағы кәсіпорынның жауапкершілігі халықаралық-мойындалған адам құқығында таратылған, онда еңбек саласындағы іргелі қағидалар мен құқықтар туралы МОТ Декларациясындағы іргелі құқықтарға қатысты адам құқықтары мен қағидалары жөніндегі Халықаралық билде бекітілген құқықтар түсіндірілген.

ҚР адам құқығын қорғау бойынша негізгі конвенция мен келісімді бекітті және онда мазмұндалған ішкі заңнамадағы қағидаларды орнатты. Кәсіпорындар заңнамада орнатылған және конвенцияда бекітілген адам құқығын сақтауға міндетті, қарсы жағдайда олар бекітілген жауапкершілікке тартылуға мәжбүрлі.

Адам құқығын сақтау міндеті коммерциялық ұйымнан келесілерді талап етеді:

(а) өз қызметі аясында адам құқығына жағымсыз әсер етуден немесе ықпал етуді болдырмау және ол орын алған жағдайда мұндай әсердің салдарын жоюды;

(б) адам құқығына, оның қызметіне, өніміне немесе олардың қызметтік қатынастары салдары қызметіне, тіпті егер олар мұндай әсерге ықпал етпесе де тікелей байланысты жағымсыз әсерді болдырмауға немесе жеңілдетуге тырысуды.

Ұйымдар сонымен қатар оның қызметіне, олардың іскерлік қатынастары салдарына немесе қызметтеріне тікелей байланысты қоршаған орта әсеріне жағымсыз әсерлерді болдырмауға немесе жеңілдетуге тырысуы тиіс.

ҚР ЭК ережесі табиғи ресурстарды қолдану мен қоршаған орта әсеріне байланысты шаруашылық не басқа қызметтерді жүзеге асырушы барлық субъектілерді ондағы көрсетілген қандай да бір шарттарға тәуелсіз шарттардан тыс нормаларды орындауға міндеттейді.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмеген болса, шетелдіктер мен шетелдік заңды тұлғалар, сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдар жер қойнауын пайдалану жөніндегі қатынастарда Қазақстан Республикасының азаматтарымен және заңды тұлғаларымен бірдей құқықтарды пайдаланады және міндеттерді орындайды (Жер қойнауын пайдалану туралы Заңның 3 бабы 3 т.)

Мұндайда, ҚР экологиялық нормаларын бұзғаны үшін жауапкершілік қандай да бір азаматтыққа тәуелсіз ҚР аумағында қызметін жүзеге асыратын барлық тұлғаларға таратылады.

2.5. Азаматтардың ақпаратты алуға арналған құқықтарын сақтау мен қорғау сұрақтары

Ақпаратқа қол жетімділікке арналған адам құқығы мен бұл құқықты байланыстыру мемлекеттік органдар мен ұйымдарға мүдделі тұлғаларға ақпаратты тапсыру ҚР көптеген НҚА реттеледі. Аталған мәселе, атап өткеніміздей заңнаманың түрлі салаларымен (азаматтық, еңбек, экологиялық және т.б.) реттеледі.

ҚР Конституциясының 18 бабы 3 тармағына сәйкес Мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, лауазымды адамдар және бұқаралық ақпарат құралдары әрбір азаматқа өзінің құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжаттармен, шешімдермен және ақпарат көздерімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.

Әркімнің заң жүзінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен *еркін ақпарат алуға және таратуға құқығы* бар. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиясы болып табылатын мәліметтер тізбесі заңмен белгіленеді (ҚР Конституциясының 20 бабы 2 т.).

ҚР Конституциясының 18 бабының 3 тармағынан шығатыны өзінің құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжаттармен, шешімдермен және ақпарат көздерімен танысуға арналған әркімнің құқығы, сонымен қатар мемлекеттік органдардың, лауазымды тұлғалардың міндеті бұл құқықты қамтамасыз етеді, басқа да конституциялық нормалармен жүйелік байланыста жүзеге асырылады, көп жағдайда ҚР Конституциясының 20 бабы 2 т. және 39 бабы 1 т. жағдайлармен. Қазақстан Республикасы Конституциясының 18 бен 20 баптарында қарастырылған құқықтар ешқандай түрдегі шектеуге жатпайтын құқықтар мен бостандықтар тізбесіне енбейді (ҚР Конституциялық Кеңестің 2002 жылғы 5 тамыздағы №5 қаулысы).

Басқаша айтқанда, Қазақстан Республикасының Конституциясы олардың құқықтарымен қызығушылықтарын қозғайтын ақпаратқа тежеусіз қол жетімділігіне арналған азаматтардың құқықтарын белгілейді, бірақ *бұл құқықтарды қамтамасыз етуде ақпаратқа қол жетімділікті тапсыру бойынша міндеттер мемлекеттік органдар, қоғамдық ұйымдар, лауазымды тұлғалар мен БАҚ сияқты субъектілерге ғана бекітіледі.*

Сонымен бірге, Қазақстан Республикасы Конституциясының аталған нормаларын түсіндіру соңында мүдделі тұлғаларға міндетті түрде мәлім етуді қамтамасыз етпей, қызықтырушы ақпаратты ашуда азаматтардың өтініштері фактісін болжайды. Ақпаратты тарату құқығы бола отырып, міндеті ретінде белгіленбейді.

Ақпаратты толығымен реттейтін өзекті нормативті актінің бірі ақпараттандыру туралы заң болып табылады.

Ақпараттандыру туралы Заңмен электронды ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді құру, қолдану мен қорғау барысында туған қоғамдық қатынастар спектрі реттеледі. Мұндай белгінің ережесі қызықтыратын ақпаратқа азаматтар мен ұйымдардың қол жетімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Аталған Заңның 34 бабына сәйкес жалпыға бірдей қолжетімді электрондық ақпараттық ресурстары бар ақпараттық жүйелердің меншік иелері немесе иеленушілері осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде айқындалған тәртіппен және шарттарда ж еке және (немесе) заңды тұлғалардың сауалы бойынша оларды қызықтыратын ақпаратты ұсынуға міндетті. Жалпыға бірдей қолжетімді электрондық ақпараттық ресурстардағы ақпаратты беруден негізсіз бас тартуға сотқа шағым жасалуы мүмкін.

Сөйтіп, бекітілген тәртіпте жиналған адамның құқықтары мен бостандықтарына тікелей әсерін тигізетін құжаттарды, материалдарды, тапсыру беруден заңсыз бас тартулар, жалпыға бірдей ақпаратқа қол жетімділікті шектесе заңды жауапкершілікке тартылады. ӨҚК 84 бабында қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері жоқ, белгіленген тәртіппен жиналған, жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарына тікелей қатысты құжаттарды, материалдарды беруден заңсыз бас тарту не жеке тұлғаға толық емес немесе көрінеу жалған ақпарат беру, сол сияқты жалпы жұрт қол жеткізетін ақпаратты шектеулі қол жеткізілетін ақпаратқа заңсыз түрде жатқызу, - лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ақпараттық ресурстарға қол жеткізу құқығын заңсыз шектеу - жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - оннан елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жиырмадан жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады (ӨҚК 84 бабы 2 т).

ӨҚК қолданылатын ақпаратты «тапсырмау» ақпаратты алуға бағытталған мүдделі тұлғалардың бастамалы әрекетінің әсерін түсіндіреді. Тек тиісті ақпаратты мүдделі

тұлғаларға мәлім ету жөніндегі міндеттерді заңмен белгілегеннен кейін қатысты түрдегі орындамау, не орындау жауапкершілігін орнату мүмкіндігі беріледі.

Заңнамалық бекітулердің оң мысалдарымен қатар мемлекеттік органдар мен кәсіпорындар ақпаратты тапсырады (экология мәселелері бойынша; сапа мен өндіріс тауары және т.б. қатысты) Ругги қағидаларына нақты сәйкес келмейтін нормативті ережелер қолданылады.

Мысалы, астық туралы Заңның 22 бабында астық қабылдау кәсіпорындары жылдық балансты және пайда мен залал туралы есепті, оның салық органдарына тапсырылатын мерзімі келгеннен кейін күнтізбелік бір ай ішінде, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген нысан бойынша бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды.

Қызмет туралы есеп қарастырылып отырған қағиданың ережелеріне жауап бермейді, толық шарада қойылған мақсаттарға жетуге әсерін тигізбейді. Астық қабылдау кәсіпорынының пайдалары мен шығындары туралы көпшілік есеп азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етеді немесе бағалардың шығынсаудасының алдын алады деген күмәнді.

Бұдан да басқа іс, өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы Заңның 5 бабында белгіленген *Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары, жеке және заңды тұлғалар қауіпті өндірістік объектілері бар ұйымның әкімшілігінен қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздіктің жай-күйі туралы толық және дұрыс ақпарат алуға құқылы*. Сонымен қатар атап өтерлік жайт, өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы Заңда мүдделі тұлғаларға ақпаратты берудің әдістері мен тетіктерінің жүйесін реттеу бойынша кәсіпорынның міндеттері қарастырылмаған.

Радиациялық қауіпсіздік туралы Заңның 20 бабында азаматтардың, қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдардың атом энергиясын пайдалану жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдар мен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану туралы заңдарына сәйкес радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында ақпарат алуға құқығы бар.

Радиациялық қауіпсіздік туралы Заңда ақпаратты алу құқығы белгіленген, алайда заң шығарушы оны алудың нақты тәртібін қарастырмаған. Қанша дегенмен радиациялық қауіпсіздік мәселесі қоршаған ортаны қорғау, адам өмірі мен денсаулығының қолайлылығына тікелей байланысты болғанымен олардың бастамаларына тәуелсіз тыс мүдделі тұлғалардың ақпаратты алуын қамтамасыз ететін толықтырулар енгізу қажет.

Ақпаратқа қол жетімділік қағидасы сонымен бірге Қазақстан Республикасындағы құпияландыруға жатпайтын мәліметтер мына мәліметтер: (1) азаматтардың қауіпсіздігі мен денсаулығына қауіп төндіретін төтенше жағдайлар мен апаттар және олардың зардаптары туралы, сондай-ақ табиғи зілзалалар, олардың ресми болжамдары мен зардаптары туралы; (2) экологияның, денсаулық сақтаудың, санитарияның, демографияның, білім берудің, мәдениеттің, ауыл шаруашылығының жай-күйі туралы, сондай-ақ қылмыстылықтың жай-күйі туралы; (3) мемлекет азаматтарға, лауазымды адамдарға және ұйымдарға беретін артықшылықтар, өтемақылар және жеңілдіктер туралы; (4) азаматтың құқықтары мен бостандықтарының бұзылу фактілері туралы; (5) мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, олардың лауазымды адамдарының заңдарды бұзу фактілері туралы; (6) осы Заңның 14-бабында көзделген мәліметтерді қоспағанда, саяси, әлеуметтік және басқа себептер бойынша жаппай қуғын-сүргіндер туралы, соның ішінде мұрағаттарда жатқан мәліметтер құпияландырылмауға тиіс (мемлекеттік құпиялар туралы Заңның 17 бабы 1 т.).

Аталған мәліметтерді құпияландыру туралы не оларды осы мақсатта мемлекеттік құпиялар болып табылатын мәліметтердің көздеріне енгізу туралы шешім қабылдаған лауазымды адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады. Азаматтар мұндай шешімдерге сот тәртібімен шағымдануға құқылы (мемлекеттік құпиялар туралы Заңның 17 бабы 2 т.).

Құпияландырылмауға тиіс мәліметтер тізбесінде заң шығарушы тіршілік әрекеттерінің едәуір басым, іргелі бағыттарын бөлген. Ақпаратты алу бойынша және «*praemonitus praemunitus*» (лат.тілінде «*ескертілді ендеше жабдықталған*») қағидасында негізделген қатынастарды реттейтін ҚР НҚА ақпаратқа ашық қол жетімділікті ескере отырып, тұлғалардың білгірлікті қамтамасыз етудің тиімді тетігі бола алмайды, яғни кімнің құқығы мен бостандығы теріс әсерде екенін көрсете алады.

Жоғарыда көрсетілгендей, заңнамада АҚ, ЖШС қатысты ақпаратқа қол жетімділік талаптары белгіленген. Ондай талаптар инвестициялық қорларға да қатысты белгіленген.

Инвестициялық қорлар туралы Заңның 45 бабына сәйкес Инвестициялық қор туралы ақпарат Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген талаптарға, акционерлік инвестициялық қор жарғысының, инвестициялық декларациясының, акциялар шығару саласының талаптарына және инвестициялық пай қоры ережелеріне сәйкес болуға тиіс.

Инвестициялық қор туралы ақпаратта: (1) инвестициялық қордың атауы, оның басқарушы компаниясы лицензиясының атауы, берілген күні және нөмірі, инвестициялық пай қоры ережесінің тіркелген нөмірі мен күні; (2) инвестициялық қор туралы егжей-тегжейлі ақпарат алуға болатын орындар туралы (мекен-жайларын және телефон нөмірлерін көрсете отырып) ақпарат; (3) акциялар немесе пайлар құнының өсуі немесе төмендеуі, инвестициялаудың бұрынғы нәтижелерінің болашақта табыстарды айқындамайтыны, инвестицияның инвестициялық қорлардағы табыстылығына мемлекеттің кепілдік бермейтіні туралы нұсқау, сондай-ақ инвестициялық қордың акцияларын немесе пайларын сатып алардың алдында акционерлік инвестициялық қордың жарғысымен, оның акциялар шығару проспектісімен және инвестициялық декларациясымен, инвестициялық пай қорының ережелерімен танысу қажеттігі туралы ескерту болуға тиіс (Инвестициялық қор туралы Заңның 45 бабы 2 т.).

Инвестициялық қор және басқарушы компания туралы ақпарат дәйектемесіз немесе жаңылыстыратын мәліметтер, сондай-ақ инвестициялық қор туралы Заңның 45 бабы 2 тармағында қарастырылған басқа да ақпараттардан тұруы тиіс.

Акционерлік инвестициялық қор, басқарушы компания Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өз қызметі, инвестициялық қордың таза активтерінің құрамы мен құнын сипаттайтын көрсеткіштер туралы ақпараттың мазмұны үшін, оның ішінде нақты емес, толық емес немесе жаңылыстыратын ақпаратты таратқаны немесе жариялағаны үшін, сондай-ақ оны уақтылы таратпағаны немесе жарияламағаны үшін жауапты болады (Инвестициялық қор туралы Заңның 45 бабы 4 т.).

Тәуекелмен инвестициялайтын инвестициялық қор туралы мәліметтер басқарушы компанияның интернет-ресурсын қоспағанда, бұқаралық ақпарат құралдарында орналастырылмайды және сыртқы (көрнекі) жарнама құралдары арқылы таратылмайды. (Инвестициялық қор туралы Заңның 45 бабы 4 т.).

Акционерлік инвестициялық қор, басқарушы компания және акциялар немесе пайлар иелену және (немесе) сатып алу өтінімдерін қабылдау орындарындағы олардың өкілдері әлеуетті инвесторларға, акционерлерге немесе пай ұстаушыларға Инвестициялық қор туралы Заңның 46 бабы 1 тармағында қарастырылғандарға міндетті.

Инвестициялық қор туралы Заңның 46 бабы 3 тармағына сәйкес Акцияларды немесе пайларды орналастыру және (немесе) сатып алу үрдісін тоқтату немесе жаңарту туралы шешім қабылданған жағдайда, акционерлік инвестициялық қор немесе басқарушы компания мұндай шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде себептерін көрсете отырып, бұл жөнінде хабарлама жариялауға (таратуға) міндетті.

Сөйтіп, инвестициялық заңның нормалары бағдарламалық міндеттер қағидалары мен адам құқықтары туралы тиісті қамқорлық талаптарына жауап береді. Ақпаратты тапсыру, оның сапалы көрсеткіштері, талаптарға сай болуы, бұл талаптардың бұзылуындағы құқықтарға тигізетін теріс әсеріне жауапкершілік бойынша міндеттер қарастырылған.

Ұқсас жағдайлар қызметтің басқа да субъектілеріне де қолданылады.

Мысалы, темекі заттарын өндіруші, импортер жыл сайын келесі жылдың 01 ақпанына дейін денсаулық сақтау саласындағы өкілетті органға өздері шығарған немесе шығаруға ұйғарған, сатқан не болмаса ҚР аумағында он екі ай бойы өткізген басқа да түрде таратқан никотин құрамының шекті жол берілуі мен темекінің барлық түріндегі смалалық заттар және темекі заттары, темекі заттарының ингредиенттері туралы лабораториялық зерттеулер нәтижелері жөнінде есеп тапсыруы тиіс. (2011 жылғы 22 қарашадағы №1368 Қаулы).

Алайда темекі мен темекіден жасалған заттарды өндірушілер, импортерлардың есептерді тапсыру Ережесінде адам құқығының сақталуына бақылауды толық көлемде қамтамасыз ететін есептің бір түрі ғана көрсетілген. Міндеттер мен олардың орындалысы туралы есепті белгілеу кешенді сипатта болуы керек, ал міндеттердің орындалуы мен олардың орындалысын бақылау жүйелік талаптарына жауап беруі тиіс.

Ақпаратқа қол жетімділіктегі адам құқықтарының сақталуы мен адам құқықтарына қатысты Ругги қағидалары Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасында тікелей көрсетілімді таппайды. Құқықтық қорғаныс тек мемлекетке маңызды болып табылатын саланы ғана қамтыған.

Сонымен қатар, заңнамалық базистің болуы туралы да айтуға болады, ол дами, жетіле отырып қойылған бағытқа жоғарыда аталған міндеттерді орнату үшін мүмкіндіктерді құра алады.

Қазақстан Республикасының 2016 жылға дейінгі ақпараттық қауіпсіздік Тұжырымдамасы әзірленді, ол ақпараттық салада *қоғам мен мемлекеттің мүддесін* қамтамасыз ету, сонымен бірге *азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау* мақсатында құрылған.

Алдағы кезеңдерге арналған Стратегияны әзірлеу барысында Ругга қағидасы ескерілуі тиіс. Адам құқықтарын сақтау мен қорғау саласында мемлекеттің қызметі мемлекеттік емес қоғамдық институттарға тәуелді болуы қажет. Қарастырып отырған қағидалар кәсіпорынның ішкі саясатын жүзеге асыра отырып іске асырыла алады, яғни едәуір бір түрде сол кәсіпорынның қарауы бойынша іске асады, бірақ адам құқығын қорғау саласындағы заңнамалық ауқымда өзгеріссіз базистеледі. Кез келген кәсіпорын қызметінде енгізілетін жобалар мен әдістемелер кешенді тәсіл арқылы құрылымдануы қажет.

2.6. Кәсіпорынмен келтірілген шығынды өтеу сұрақтары

Егер кәсіпорын адам құқығына жағымсыз зиян тигізгенін немесе мұндай әрекетке жол бергенін анықтаса, олар заңнамалық үрдістер аясында тигізген шығынын қайтарады немесе оны қайтару мақсатында серіктес болады.

Аталған қағида Қазақстан Республикасының заңнамасында орнатылған ережелер қатарына сәйкес келеді.

ҚР АҚ 9 бабы 4 тармағына сәйкес құқығы бұзылған адам, егер заң құжаттарында немесе шартта өзгеше көзделмесе, өзіне келтірілген залалдың толық өтелуін талап ете алады. Құқығы бұзылған адам жасаған немесе жасауға тиісті шығыстар, оның мүлкінің жоғалуы немесе зақымдануы (нақты нұқсан), сондай-ақ сол адамның құқығы бұзылмаған болса, дағдылы айналым жағдайында оның алуына болатын, бірақ алынбай қалған табыстары (айрылып қалған пайда) залалдар деп түсініледі.

ҚР АҚ 350 бабы 1 тармағына сәйкес міндеттемені бұзған борышқор несие берушіге оның бұзылуынан туындаған залалдың орнын толтырып беруге. Айып төлеумен қамтамасыз етілген міндеттемедегі залалдың орнын толтыру осы Кодекстің 351-бабында көзделген ережелермен белгіленеді.

Ерекше кеңінен таратылған құқықты қорғау әдісі залалдың орнын толтырумен өтеледі. Сонымен бірге, ақшалай түрде борышқор тигізген материалдық шығын компенсацияланады. Бұл шараны қабылдау тікелей заңнан алынған. Сол себепті шығындарды заң бұзушы мүлктік зиян тигізген барлық жағдайда қайтарылады. Шығындарды қайтару құқықты қорғау басқа да қаражаттармен қамтамасыз етілген жағдайда заңда қарастырылған кезде ғана қолданылады.

Кең таратылған түріне моральдық шығынды өтеуді жатқызуға болады, яғни жеке тұлға немесе адамгершілік азаптану кезіндегі ақшалай өтемақы. Моральдық зиянды қайтару мүлктік шығынды қайтарумен бәгелмейді, ең құрығанда моральдық және материалдық зиян заңбұзушының бірдей әрекетімен жасалса да.

Атап өтерлік жайт, кейбір жағдайларда құқықты қорғау мүмкіндігі заң бұзушының кінәсіне байланысты болуы мүмкін. Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында кінә түсінігі қылмыстық құқықтағы сәйкес түсініктен ажыратылады. Азаматтық құқықта кінә астарында заң бұзушылықтарды жою немесе оның көлемін шектеуге барлық тәуелділіктерді заң бұзушының қабылдамауы. Кінәлі әрекеттерді жасамау үшін кәсіпорын қорғалған адам құқын бұзуды уақытында жойып, одан аулақ болуы қажет.

Шығынды қайтару монополияға қарсы заңнамамен қарастырылған.

Мысалы, бәсекелестік туралы Заңның 76 бабында нарық субъектісі бәсекелестікке қарсы келісімдерді немесе келісілген іс-әрекеттерді жасау салдарынан тұтынушыларға келтірілген нұқсанды ерікті түрде өтеген жағдайда, бәсекелестікке қарсы келісімдер немесе келісілген іс-әрекеттер жасау салдарынан алған монополиялық табысын алып қоюдан босату туралы өтінішхатпен Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

Бұндай жағдайда өзінің міндеттерін бұзу барысындағы шығындарды еркімен қайтару монополиялық кірістерді таратудан кәсіпорынды босату тәсілінің бірі болып табылады.

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы Заңның 7 бабы 1 тармағына сәйкес тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) кемшіліктері салдарынан өздерінің өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген залалды (зиянды) толық көлемде өтетуге, сонымен қатар моральдық зиянды өтетуге құқылы.

Сатушы (дайындаушы, орындаушы) тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) кемшіліктері салдарынан тұтынушының өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген залалды (зиянды) толық көлемде өтеуге міндетті (Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы Заңның 24 бабы).

Демек, сатушылар кәсіпорынының (дайындаушының) міндетіне өздері жауап беретін тауардан келтірілген залалды өтеу және сол кәсіпорын адам құқығына тигізетін жағымсыз әсерін жояды және жеңілдетеді. Шығынды қайтару ҚР еңбек заңнамасымен де қарастырылады.

Келтірілген залалдың орнын толтырылуы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен де қарастырылады.

ҚР ЕК 162-бабының, 1-тармағында көрсетілгендей, жұмыскер егер де басқа жұмысқа заңсыз ауысып кеткен жағдайда, жұмыскерді жұмыс орнына кіргізбеген жағдайда, еңбек келісімінің шарттарын бір жақты өзгерткенде, жұмыскерді жұмыстан шығарып жібергенде, еңбек келісімін негізсіз бұзған жағдайда жұмыс беруші оған тиесілі төлемді және оның әлі алмаған жалақысын төлеуге міндетті.

Қызметкерлердің өкілдерімен келісілген еңбек келісімінде, ұжымдық келісімдерде, жұмыс берушінің актілерінде *жұмыс беруші жұмыскерлерді жұмыс істеу мүмкіндігінен заңсыз айыру нәтижесінде болған залалдың орынын тотыру туралы қосымша жағдайлар* көрсетілуі керек. (ҚР ЕК162-бабының, 1-тармағы).

ҚР ЕК 163-бабына сәйкес, жұмыскердің мүлкіне зиян келтірген жұмыс беруші еңбек және ұжымдық келісімнің шарттарына сәйкес оны толық көлемде төлеп беруге міндетті болады.

Еңбек міндеттерін атқаруға байланысты жұмыскердің денсаулығына және/немесе өміріне зиян келген жағдайда *жұмыс беруші ҚР азаматтық заңнамасымен қаарстырылған көлемде залалды өтемің төлеуге міндетті болады*. Жұмыскерде сақтандыру төлемі болмаған жағдайда да жұмыс беруші келген залалды толық көлемде төлеуге міндетті. Ал егер де сақтандыру төлемі болған жағдайда, жұмыс беруші сақтандыру сомасы мен келген зиянның нақты көлемі арасындағы айырмашылықты жұмысшыға төлеуге міндетті болады (ҚР ЕК 164-бабы).

Сәйкесінше, жұмыскердің құқықтарын бұзатын әрекеттер үшін (меншік құқығын, еңбектену құқығын, өмір сүру құқығын) жұмыс беруші келген зиянның төлемін төлеуге міндетті.

Тәжірибе көрсеткеніндей, жұмыс берушілер өздерінің ықыласы мен бастамалары бойынша өз кінәларын көбінесе мойындай бермейді және өз еркімен төлемді төлейді. Көптеген жағдайда өтемақы алуы үшін жұмыскерлер сот орындарына барып шағымдануға мәжбүр болып жатады.

Осыған байланысты жұмыскерлерді оқыс жағдайлардан міндетті түрде сақтандыру туралы Заңның ережелері өте маңызды мәнге ие.

10 Бапта оқыс жағдайлардан міндетті түрде сақтандыру туралы Заңда пайда көрушінің оқыс жағдайдан жұмыскерлерді міндетті түрде сақтандыру келісімі мен заңының шартымен және ереже бойынша сақтандыру төлемін алуға құқығы бекітілген.

Пайда көрушінің сақтандыру төлемін алуы оқыс жағдайдың нәтижесінде алғын залалдың орнын толтыруы болып саналады.

Мұндағы жұмыскердің өмірі мен денсаулығына келген зиян жұмыскердің уақытша еңбекке қабілетсіздігімен байланысты залалды қоспағанда, оның өлімімен немесе оның кәсіби тұрғыдан еңбек ету қабілеттілігін жоғалту деңгейін белгілеумен байланысты туындаған *залалдың материалдық көрінісінен* тұрады. Жұмыскердің өміріне және денсаулығына келген зиянның көлемі тиісті құжаттардың негізінде анықталады (18 Бап. 2 т. Жұмыскерлерді оқыс жағдайлардан міндетті сақтандыру туралы Заң).

Жұмыскердің өлімімен немесе оның кәсіби тұрғыдан еңбек ету қабілеттілігін жоғалту деңгейін белгілеумен байланысты жалақысын (кірісті) жоғалтып алу барысында туған залалдың көлемі ҚР АҚ талаптарына сәйкес анықталады (19-Бап. 1-тармақ, Жұмыскерлерді оқыс жағдайлардан міндетті сақтандыру туралы Заң).

Демек, Жұмыскерлерді оқыс жағдайлардан міндетті сақтандыру туралы бұл Заң жұмыскерлердің оқыс жағдайларға душар болған жағдайында тартатын залалдарын сақтандыру төлемінің есебінен өндіріп алуды қамтамасыз етеді. Жұмыскерлердің мұндай

кепілдемелері өз жұмыскерлерін міндетті сақтандыру бойынша кәсіпорындарға міндеттер қоюмен қамтамасыз етіледі.

Әлемде болған соңғы экологиялық оқиғаларға байланысты (Мексика шығанағындағы «*Deerwater Horizon*» мұнай платформасының жарылысы, Окум қаласындағы «*Фукусима-1*» АЭС-ғы апатты жағдайлар және т.б.), антропогендік сипаттағы экологиялық апаттардың салдарынан туындаған залалдардың орнын толтыру айрықша өзекті мәселеге айналып отыр.

ҚР ЭК 322-бабына сәйкес, қоршаған ортаға зиян келтірген адам келтірілген залалды өз еркімен жоюға немесе оны басқа да тәсілдермен орнын толтыруға құқылы. Келтірілген залалды өз еркімен жою немесе оны басқа да тәсілдермен орнын толтырудағы тұлғаның міндеттері кепілдеме хатта баяндалуы керек. Шығынның орнын толтыру қоршаған ортаға зиян келтірген тұлғаның жеке қаражаты есебінен немесе сақтандыру төлемінің есебінен құн түрінде жүзеге асырылуы тиіс.

Шығынның орнын толтырудың құндық төлеміне зиян келтірілмес бұрын қандай жағдайда болды, сондай жағдайға қоршаған ортаны қайта қалпына келтіру үшін төленетін ақшалай қаражаттар, табиғи қорларды қайта өндіру бойынша алуан түрлі шараларды орындау, шағымданушыға жіберілген пайданы қоса есептегенде өзге де шығындарды төлеу түрлері жатады.

Қарсы тараптардың келісімімен сот шешімі бойынша қоршаған ортаны қайта қалпына келтіру бойынша міндеттерді жауапкерге *табиғи формада жүктеу арқылы залалдың орнын толтыру* мүмкін болады. Залалдың орнын толтырудың табиғи формаларына зақым келген немесе құртылған табиғи қорлардың орнына соған тең келетін табиғи қорларды ұсыну және зиян келтірілмес бұрын қандай жағдайда болды, сондай жағдайға қоршаған ортаны қайта қалпына келтіру бойынша өткізілетін шаралар жатады. Табиғи формада залал келтіру келтірілген залалдың орнын толтырудың тәртібін, шарттарын, мерзімін және көлемін реттейтін келісімдер және/немесе келіссөздер жасау жолымен жүзеге асырылады. Келтірілген зияннан өндіріп алынатын сомалар мемлекеттік бюджеттің есебіне есептелетін болады, ал ҚР заңнамасының белгіленген жағдайында зиян тартқан тұлғаның есебіне есептелетін болады.

Залалдың орнын тек толтыру арқылы қоршаған ортаға зиян келтірген тұлға қылмыстық және әкімшілік жауапкершіліктен босатылмайды.

Жер телімдерінің, атмосфералық ауаның, судың, өсімдіктердің ластануы арқылы азаматтар мен олардың бірлестіктеріне залалдар келтіріледі. Бұл олардың шаруашылық қызметтеріне кері әсерін тигізбей қоймайды. Мұндай жағдайда шағын жеке меншік иелері көп зиян тартады. Сонымен қатар, жеке меншік иелерінің теңдік құқығының қағидасы бұзылады.⁶² Бұл өз кезегінде, «ластаушы төлейді» қағидасының толығымен жұмыс істемейтіндігін көрсетеді. Нәтижесінде, ірі өндіруші және қайта өндіруші кәсіпорындар халықтың өмірі мен денсаулығына залалдарын тигізеді және экологиялық жағдайлардың әсерін тұтынушылар тартатын болады.⁶³ Келіссөздер жүргізуге немесе шешімдер қабылдауға қатысуға жұмылдырылмайтын жергілікті халықтар, экологиялық ластанудың салдарынан басқа аймақтарға көшіп кетуге мәжбүр болады. Мұндай жағдайда азаматтарға шығынның орнын толтыратын ешқандай төлемдер, ақшалай қаражаттар төленбейді, тұрғын үй немесе жер телімі оларға берілмейді. Экологиялық құқық бұзушылық үшін туындаған залалдың міндетті түрде орнын толтыру қағидасы тәжірибеде жүзеге асырылмайды.

⁶² Г. Вологодская, *Нахлебались* // Караван, 2009 ж., 23 қараша.

⁶³ Осыған байланысты, жер байлықтары туралы заңның 127-бабы, 1-тармағында ҚР жер байлықтары туралы заңнама талаптарының бұзылуы салдарынан айыпты тұлғаның келтірілген шығындардың орнын толтыру міндеті қарастырылған (егер келтірілген зиян еңсерілмес күш немесе зардап шегушінің арам пиғылынан туғандығын дәлелдемесе).

3. Қорытындылар

ҚР Конституциясының нормалары жалпы алғанда адамдар мен азаматтардың әлеуметтік-экономикалық құқықтарын сақтау бойынша кәсіпорындардың тиісті әрекеттерінің сындарларын анықтайды.

ҚР Азаматтық заңнамасы кәсіпорындарды адамдардың құқықтарын сақтауға міндеттейді. Бірақ та кейбір азаматтық заңнаманың ережелері адамдардың құқықтарын жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді. Мысалы, тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселесі толық көлемде реттелмеген, монополияға қарсы заңнама саласында көптеген кемшіліктер бар, жеке бизнес субъектілерінің адал бәсекелестік күресінде кепілдемелер жоқ. Азаматтық-құқықтық салада пайда болып жатқан мәселелер де тәжірибеле нормалардың қолданылуындағы кемшіліктермен байланысты. Мысалы, материалдық жауапкершілікке залал келтірген тұлғаларды жауапқа тарту жағдайы сияқты.

Адамдардың құқықтарын қорғау мен сақтауға қатысты аса мәселелі еңбек қатынастарының саласы болып саналады. Еңбек саласында адам құқығының бұзылуы жаппай және жиі жиі белең алуда. Мұндай жағдайдың белең алу себебі еңбек заңнамасының нормаларын тәжірибеде дұрыс қолданбаудан және еңбек заңнамасындағы көптеген кемшіліктерден байланысты.

Қазақстанда еңбекке қатысты таластар мен қақтығыстарды алдын алу мен шешудің механизмдері жеткіліксіз дамыған. Бізде осындай таластар мен қақтығыстарды соттан тыс реттеудің әрекетті процедуралары жоқ. Жұмыскерлер мен олардың бірлестіктерінде кәсіпорындарды басқару ісіне қатысу мүмкіндігі жоқ.

ҚР қоршаған ортаны қорғау бойынша қатынастар дұрыс реттелмеген. Инвестициялық климатты жақсартуға деген ұмтылыс көбінесе экологиялық стандарттарды төмендету есебінен жүргізіліп жатады. Экологиялық құқық бұзушылық үшін жер қойнауын пайдаланушыларға жүктелетін жауапкершіліктің өте қатаң шаралары енгізілмеген.

Адамның құқықтарын сақтауға, адамдардың құқықтары туралы ақпараттарға қатысты Ругги қағидалары ҚР ұлттық заңнаамсында тікелей көрініс тауып отырған жоқ. Солай болса да, тиісті қосымшалар мен толықтырулар енгізу арқылы Ругги ұсынған стандарттарды жүзеге асыру үшін мүмкіндіктер жасауға болатын заңнамалық базистің болуы туралы айтуға болады. Мұндай өзгерістерге қоғамның және мемлекеттің мүдделерін ақпараттық салада қамтамасыз ету, сонымен қатар азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау мақсатымен жасалған, ҚР өңделген 2016 жылға дейінгі ақпараттық қауіпсіздік Тұжырымдамасы себепші болады.

IV. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢНАМА НОРМАЛАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУҒА ҚОЛ ЖЕТІМДІЛІКТІ ҰСЫНУҒА МІНДЕТТЕЙТІН РУГГИ ҚАҒИДАЛАРЫНА СӘЙКЕС КЕЛУІ

Осы Қорытындының аталған бөлімінде ҚР заңнама ережелерінің құқықтық қорғауға рұқсат беруді міндеттейтін әлеуметтік-экономикалық қағидаларға сәйкестігіне жалпы шолу жасалған.

1. Жалпы ережелер

Адамның құқығын қорғау қажеттілігі құқықтың негізгі мақсаты болып саналады. Мемлекеттің және ұйымдардың адамның құқықтарын сақтауы тікелей азаматтардың өз құқықтарын талас тартыстарды шешу институттарында қорғай білу мүмкіндіктерімен байланысты.

Азаматтардың құқықтық қорғауға рұқсат алу жөніндегі сұрақтар осы Қорытындының алдыңғы бөлімдерінде қарастырылған болатын.

Құқықтың мәніне заңды көзқарастардың ерекшелігі нақ осы заңды қорғаныс айғағында өзінің түбіріне ие. *Заңды (ұйымдастырылған) қорғау өзінің болмысымен оған тән басқа да қасиеттерді білдіретін құқықтың айрықша қасиетін құрайды.*⁶⁴

Баяндамада ескерілгендей, өзінің міндеттерінің шеңберінде кәсіпкерлік қызметпен байланысты құқық бұзушылықтардан мемлекеттің соттық, әкімшілік, заңнамалық және басқа да тиісті тәсілдер арқылы адам құқықтарын қорғау барысында осындай құқық бұзушылықтар солардың аймақтарында және/немесе сол аймақтың қарауындағы жерде орын алған болса тиісті тараптар *құқықтық қорғаныстың тиімді тәсілдеріне рұқсат алатын болған* (алда – **«құқықтық қорғанысқа рұқсат алуды қамтамасыз ету»**).

Бұл негізгі қағида осы заңды Ұйғарымның II бөлімінде сипатталған *мемлекеттің адам құқығын кәсіпорындарды қоса есептегенде, үшінші тұлғаның келіп бұзуынан қорғауды қамтамасыз ету қағидасын* айқындайды.

ҚР заңнамасының сараптамасы жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ететін құқықтық қорғау институттарының үш түрін ажыратып беруге мүмкіндік береді.

Біріншіден, мемлекеттік соттық механизмдерді ажырату керек, олардың статустары мен қызметтерін ҚР Конституциясы, соттық жүйе туралы Конституциялық Заң, АПК, ҚПК, ӘҚК, ҚР ҚК шағымдарды қарау тәртібі туралы Заң реттеп отырады. Бірақ, соттық жүйелер тиімді және жақсы қамтамасыз етілген ресурс бола тұрса да, олар барлық құқық бұзушылықтарды қараумен байланысты мәселелерді шешуге мүмкіндіктері болмай қалады.

Осыған сәйкес, мемлекеттік соттық механизмдермен қатар **шағым арыздарды қараудың мемлекеттік соттан тыс механизмдерін** ажыратып алу керек. Шағым арыздарды әкімшілік тұрғыдан қараумен қатар ҚР медиация сияқты талас тартыстарды қараудың сотқа дейінгі процедурасы болады.

Медиация туралы Заңды қабылдаумен байланысты талас тартыстарды баламалы түрде шешудің жаңа түрі енгізілген болатын. Оның ережелеріне сәйкес, *медиация – екі тараптың ерікті түрде келісімімен жүзеге асырылатын екі тарапқа да қолайлы шешімге келу мақсатымен медиатордың (медиаторлардың) ықпалымен тараптар арасындағы талас тартысты (қақтығыстарды) реттеу процедурасы болып табылады, ал медиатор кәсіби және кәсіби емес негізде медиация жүргізу үшін тараптар үшін қатыстырылатын тәуелсіз жеке тұлға.*

Медиатор медиацияны қасақана емес, бейтарап түрде жүргізуі керек, ол әр тарапқа осы іске қатысты өзіне белгілі немесе мүмкін болмақ талас тартыс жайын мәлімдеп отыруы керек, медиация процедурасын медиаторда қажетті білімдер болса ғана жүргізуі керек. Егер де медиация жүргізілетін уақытта медиатор медиацияны жалғастыру үшін өзінің дербес құзіреттілігінің жетіспейтіндігі туралы қорытындыға келсе, ол бұл мәселені тараптармен бірінші мүмкіндіктің кезінде талқылау керек және қажетті шараларды қабылдау керек немесе медиацияны тоқтату керек. Медиатордан ережелердің барлық процедураларын орындауды мен ұқыптылықты талап ететін жұмыс үрдісінің сапасын қамтамасыз етуі үшін медиатор жұмыс істеуі керек.

Медиация туралы Заңның Нормалары әлеуметтік сферадағы азаматтардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғай отырып, таласт тартыстардың ушығуын азайту үшін

⁶⁴ С.А. Муромцев, *Құқық анықтамасы және негізгі бөлінісі*, (Санкт-Петербург, 2004; түпнұсқа басылым 1879), 118 б.

бағытталған. Бұл сонымен қатар, елдегі әлеуметтік-психологиялық жағдайды жақсартуға мүмкіндік беретін әлеуметтік фактор болып табылады. Өйткені қоғамдағы әлеуметтік ауытқушылықтың кең таралған нақты факторларының біріне әлеуметтік жағдайсыздық және сот орындарында адамдардың өз өзіне деген сенімсіздігі жатады, өйткені соттағы дау дамайлар адамды торығуға, үмітсіздікке дейін апаруы мүмкін. Медиацияны енгізу арқылы азаматтарда талас тартыстарды бейбіт жолмен шешуге деген үміт пайда болады.

Медиация институты соттық жүйені маңызды түрде жеңілдетуі мүмкін, өйткені медиация процедурасы сотқа дейінгі кезең ретінде ойластырылған шара болып саналады. Тек бір жақты тарапты ғана қанағаттандыратын сот шешіміне қарағанда *медиация процедурасы бітімге келген соң, тәртіп бойынша әрі қарай талас тартысты шешу үшін сотта тағы кездеспейтіндей, барлық мүдделі тараптарды қанағаттандыруға бағдарланған.*

Қазақстанда медиация тек қана азаматтық-құқықтық қатынастардан пайда болатын, оның ішінде: кәсіпкерлік және басқа да экономикалық қызметтерді жүзеге асырумен байланысты талас тартыстарды, еңбек және отбасылық қатынастардан пайда болатын тартыстарды, жеке және заңды тұлғалардың қатысуымен болатын өзге де жеке құқықтық қатынастардан туатын таластарды, сонымен қатар ірі және орташа көлемдегі қылмыстық істер бойынша қылмыстық-құқықтық қатынастар сферасындағы таластарды реттеу үшін ғана пайдаланылады.

Үшіншіден, шағым арыздарды қараудың мемлекеттік емес механизмдерін айта кету керек. Шағым арыздарды қараудың мемлекеттік емес механизмдерінің түрлеріне жататындар: (а) коммерциялық ұйымдар арқылы дербес жасалатын механизмдер; (б) халықаралық және аймақтық құқық қорғау механизмдері.

ҚР таластарды шешу механизмдерінің үшінші түрі нақты түрде жұмыс істемейді, басқарушылар кәсіпорындар ішінде талас тартыстарды шешудің институттарын құруға асықпайды.⁶⁵ ҚР талас тартыстарды шешудің халықаралық аса әрекетшіл механизмдеріне тек қана жер қойнауларын пайдалану бойынша Келісімде қарастырылған талас тартыстарды шешудің инвестициялық орталықтары қарастырылған.

⁶⁵ 2012 жылдың мамыр айының соңында ҚР Парламентінің Мәжілісінің депутаттары еңбек таластарын шешу бойынша Комиссия құруды ұсынды. Депутат Сағиятулла Сарсенов айтуынша, «қалыптасқан еңбек таластары көрсеткеніндей, осы мәселені тереңірек қарастырған жөн. Сонымен қатар, кейбір кәсіпорындарда қақтығыстар жабық беймәлім түрде болып жатады. Бұл мәселенің себебі мұнда, біздің елімізде әлеуметтік-еңбекке қатысты талас тартыстарды шешу бойынша жүйелі зерттеулер жоқ. Сондықтан да ең алдымен әлеуметтік-еңбек қатынастары мәселелері бойынша кешенді зерттеулер жүргізу қажет, олар мынадай басымдылықты бағыттарды қамтуы керек: сұрыптау мен жалдау жүйесі, мотивациялық пакет, оқыту жүйесі, мансаптық саты, еңбектегі таластарды шешу жүйесі, ұжымдық келісім. Жұмыскерлердің шағым арыздары мен өтініштерін қарастыратын және уақытында өзінің бақылауына алатын, мәселенің мәнін талдау және шешумен айналысатын орталықтар қажет. Еңбек заңнамасы бойынша Қазақстанда ұжымдық келісімдер жасауға мүмкіндіктердің болғанымен де, ешқандай жұмыс беруші іс барысында жұмыскерлермен ұжымдық келісімдерді жасамайды. Осыған байланысты ірі және кіші кәсіпорындардағы, кәсіподақтар, қарапайым жұмыскерлердің өзара қарым қатынастарын бақылап, бағыттап отыратын орталықтан түзетуші органды құру керек. Еңбек заңнамасы реформаны талап етіп отыр. Еңбек барысында туындайтын талас тартыстар мен қақтығыстарды шешу үшін институттар құру керек, осы мәселеге мойын бұратын уақыт келді». – мына мәліметтерден қараңыз, <http://bnews.kz/ru/news/post/80985/>.

ҚР Мемлекеттік хатшысы Мухтар Кул-Мухаммед ойынша, халықты әлеуметтік қорғау мен еңбек министрлігі өкілдерінің аймақтағы еңбекке қатысты талас тартыстарды шешу мен әлеуметтік қақтығыстардың алдын алу бойынша жұмысы тиімсіз. 2012 жылдың маусым айында республикада 23 астам талас тартыстар мен қақтығыстар белгіленген болатын. Еңбекке қатысты талас тартыстар мен қақтығыстардың саны ұлғаюда. Жұмыскер мен жұмыс берушінің арасында кері байланыс жоқ. – нақты мәліметтерді қараңыз: <http://www.newskaz.ru/society/20120723/3558779.html>.

V. ТҮЙІНДЕМЕ

ҚР НҚА бекітілген, адам құқықтарын қадағалау және қорғау қатынасындағы қарым-қатынастарды реттейтін ережелер тұтасымен оларға жүктелген міндеттерді орындайды.

Заңнаманың әртүрлі салаларының конституциялық нормалары мен қағидалары азаматтарға құқықтар мен бостандықтарын жүзеге асырылуына кепілдік береді. Тұтасымен алғанда, материалдық және реттеуші нормалар адам құқықтары қатынасында ҚР өзіне қабылдаған халықаралық міндеттемелерге сәйкес келеді. Оларда Руггидің негізгі қағидалары көрініс береді.

Заңнаманың конституциялық, азаматтық, еңбек, табиғатты қорғау салалары мемлекеттің адам құқықтарын қадағалау және қорғау бойынша жалпы стандарттарын айқындайды, коммерциялық мекемелердің күтілетін тәртібінің сындарларын болжайды.

Алайда процессуалдық және қорғау сипатындағы нормативтік ережелер жоғарыда аталған нормаларға сәйкес келмейді, олардың реттеушілік әлеуетін жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді. ҚР НҚА бекітілген адам құқықтарын қадағалау және қорғау бойынша мақсаттар, міндеттер және қағидалар заңнаманың барлық жүйесіне ене алмайды, жиі декларациялық сипатқа ие болады, тәжірибеде іске асырылмайды.

Барынша өзекті мәселелер еңбек қатынастарында, жайлы қоршаған ортаға құқықтарды азаматтардың жүзеге асыруында, азаматтардың ақпараттық ресурстарға қол жеткізуінде жатыр.

Қазақстанда еңбек даулар мен қақтығыстарын реттеу, ескерту және алдын-алу механизмдері жеткіліксіз дамыған. Даулар мен қақтығыстарды соттан тыс реттеудің қолданыстағы механизмдері жоқ. Жұмысшылар мен олардың бірлестіктері коммерциялық мекемелерді басқаруға қатысу мүмкіндігінен айрылған, кәсіподақтық қозғалыс әлсіз дамыған.

ҚР экологиялық нормалары экологиялық құқықтардың жүзеге асырылуы мен қорғалуына және олар бұзылған жағдайда азаматтардың заңды мүдделеріне кепілдік бермейді. Экологиялық стандарттардың жаппай және ретті бұзушылық мәселесі сапалы қорғау нормалары мен нақты бақылау механизмдерінің болмауында жатыр.

Ақпараттарға қол жетімділік және адам құқықтары туралы тиісті қамқорлықтағы адам құқықтарын қадағалауға қатысты Ругги қағидалары ҚР ұлттық заңнамасында тікелей көрініс таппайды.

VI. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЗАҢНАМАСЫНА ТОЛЫҚТЫРУЛАР МЕН ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ БОЙЫНША ЖАЛПЫ ҰСЫНЫСТАР

1. Мемлекет және үшінші тұлғалардың коммерциялық мекемелердің адам құқықтарын қадағалау және қорғауға міндеттейтін ҚР көптеген ережелері төменде аталған нормативтік құқықтық актілердің сәйкес ережелерінде айқындалмаған (нақтыланбаған). Міндеттеуші нормалардың және/немесе олар бұзылған жағдайда жауапкершілік шараларының жүзеге асырылуының нақты құқықтық механизмдері жоқ.

Басқаша айтқанда, Конституцияның жалпы ережелерінен олардың төмендегі актілерде нақтылануынан әрі бұзылған құқықтарды қорғаудың нақты шараларына қарай қатаң құқықтық бірізділік үнемі қадағаланбайды.

2. Ұқсас жағдай заңнаманың келесі деңгейінде қалыптасады. Нормативтік құқықтық актілер құрылымында қалыптасқан қағидалар тұрақты логикалық жалғасқан, актілердің келесі ережелерінде орындалу әдісін иеленбейді.

3. Коммерциялық мекемелермен адам құқықтарының қадағалануы мемлекет тарапынан адам құқықтарының қорғалуының сәйкес кепілдіктері болған жағдайда ғана мүмкін. Осыған байланысты адам құқықтарының қадағалуы мен қорғау бойынша мемлекеттік органдардың қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерге бірқатар толықтырулар мен өзгерістер енгізу қажет.

Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының 2000 жылдың 27 қарашасындағы №107-II «Әкімшілік процедуралар туралы» Заңы қайта өңделуді талап етеді.

Бұл заң бүгінгі таң талаптарына сәйкес келмейді, мысалы, ҚР Бас прокуратурасы жанындағы жүгінулер мен іс жүргізулерді қарастыру туралы заңның қолданылуына қадағалау жүргізу жөніндегі Басқармамен ұсынылған мәліметтерге сүйенсек, азаматтар жүгінулерінің 41%-ы актілер мен қылмыстық тергеу органдарының әрекеттері сұрақтарына, 29% – мемлекеттік органдар мен мекемелердің актілері және әрекеттері, жүгінулердің 22%-ы сот актілері мен олардың орындалу заңдылықтарына қатысты екендігін көрсетті. Осыған қоса, соңғы бес жылда прокуратура органдарына келіп түскен жүгінулердің саны 25%⁶⁶ дейін ұлғайған. Қазақстанда Әкімшілік-іс жүргізу кодексін жасау және қабылдау қажеттілігі туындап отыр.

4. Бәсекелестіктің тең емес шарттарын нарықтың әртүрлі сегменттерінің артықшылықтарында жылдам жою мақсатында мемлекет кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер енгізуі қажет.

Осылайша, мысалы, Қазақстанның мұнай-газ кешені ауқымды экономиканың локомотиві болып табылатындығына және өзге салалардың дамуына ықпал етуімен байланысты жер байлығын қолданудың барлық субъектілері үшін салық салудың бірыңғай тәртібін енгізу әділетті болар еді. Атап айтқанда, ҚР СК 308-1-бабында қарастырылған барлық, ешқандай шектеусіз, шарт негізінде әрекет етуші жер байлығын қолданушыларды жалпы салық тәртібіне көшіру.

5. Жұмысшылар мен жұмыс берушілердің құқықтары мен міндеттері теңгерімін қалыпқа келтіру мақсатында еңбек заңнамасына көптеген өзгерістер мен толықтырулар енгізу талап етіледі.

Танымал америка зерттеушісі Н.Хомскийдің атап айтуынша, «көңіл көтеру, корпоративтік БАҚ, білім беру жүйесі, саяси институттар және барлық қалғандар индустриясынан тұратын тұтас жүйе; мұның барлығы екінші дүниежүзілік соғыстан бастап саналы түрде және таңғажайып қарқындылықта бірқатар мүмкіндіктерді орындау үшін барлық мүмкіндіктерді ұзақ уақыт бойы жасап келе жатқан, қоғамдық қарым-қатынастар индустриясы. Олардың бірі кәсіподақтарды демонизациялау».⁶⁷ Осыған қоса, «халықтың шамамен 80%-ы жұмысшылар орын алып жатқандарға жеткілікті ықпал ете алмайды. ... Кәсіподақтар жұмысшылардың мүдделерін үнемі айқын көрсете алмайды. Сондықтан мұнда ақиқаттың бір үлесі бар. Алайда бұл оның нақты тағайындалуы емес. Мәселе демократиялық кәсіподақтар арқылы жұмысшылар сөз ала алатындығында. Алайда дәл осы адамдар санасынан шығарылған».⁶⁸

Осыған ұқсас жағдай Қазақстанда орын алады. Бір жағынан көптеген әлеуметтік және саяси институттар қоғамда кәсіподақтардың ықпалын нивелирлесе, екінші тараптан – адамдар

⁶⁶ Бас прокуратурада қазақстандықтардың неге шағымданатындықтарын айтып берді // <http://news.mail.ru/inworld/kazakhstan/society/11113467/?frommail=1>.

⁶⁷ Хомский Н. Санаттар соғысы: Дэвидом Барзаманмен сұхбаттасы / Аф. тілінен аударылған. – М.: Праксис, 2003. Б.223.

⁶⁸ Сонда. Б. 261.

санасынан жұмысшылардың демократиялық кәсіподақтар арқылы сөз ала алатындығы шығарылған.

Сондықтан мемлекет басшысының «Қазақстандағы кәсіподақтық институттар еңбек дауларының алдын-алу және шешудің тиімді құралының рөлін ойнауға үнемі қабілетті емес. Жұмысшылар өздерін лайықты сезіну үшін кәсіподақтық қозғалыс биіктікте болуы тиіс. Еңбек қарым-қатынастарын жетілдіру сұрақтарында мемлекеттік негізгі серіктестерінің бірі кәсіподақтар болып табылады. Осыған қоса ірі кәсіпорталықтың – Қазақстан кәсіподақтар Федерациясының (ҚКФ) қызметінің қазіргі форматы уақыт талаптарына сәйкес келмейді, себебі ол «кеңес үлгісіндегі» салалық қағида бойынша қалыптасады.⁶⁹

Осыларға байланысты бірінші кезектегі міндеттердің бірі кәсіби одақтар туралы жаңа заңның қабылдануы тұр. Қазақстан Республикасының қолданыстағы 1993 жылдың 9 сәуіріндегі №2107-ХІІ «Кәсіподақтар туралы» Заңы өз өзектілігін әлдеқашан жоғалтқан.

6. Тәжірибеде азаматтар еңбек қатынасында кемсітушіліктермен жиі қақтығысады (жұмысқа қабылдану кезінде, мансап сатысы бойынша жоғарылау, гендерлік кемсітушілік және т.б.).

Статистикалық мәліметтерге сәйкес жұмыссыз әйелдердің саны ерлерге қарағанда 1,5 есе көп.⁷⁰

Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 8 желтоқсанындағы № 223-ІV «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен тең мүмкіндіктеріне мемлекеттік көпілдендіру туралы» Заңы декларациялық сипатқа ие. Бұл заңды қабылдау кезінде оны жүзеге асыру тетігі ойластырылмаған.

Бұл сұрақтың шешілу нұсқаларының бірі әйелдер құқығын қорғау бойынша Құзіретті институтты бекіту болар еді.

7. Ұқсас жағдай еңбек көші-қоны қатынасында қалыптасқан.

ҚР Ішкі істер Министрінің орынбасары Қайрат Тыныбековтың атап өтуінше, «бар болғаны екі жыл ішінде шетелден келген 2 миллионнан астам шетелдіктер тіркелген, олардың ішінде шамамен миллионы – Қырғызстан, Өзбекстан және Тәжікстан азаматтары. Осыған қоса олардың 1%-нан азы көшу мақсаты ретінде еңбек қызметін көрсетсе, ал 96%-ы көшудің жеке мақсатын атаған.⁷¹

Осыған байланысты Қазақстанда еңбек мигранттарының құқықтары жиі бұзылады, бұл көп жағдайда әртүрлі әкімшілік қиыншылықтарға негізделген (еңбек қызметін жүзеге асыруған жұмысқа қабылдауға және т.б. рұқсат беру кезінде).

Қазақстан Республикасының 2011 жылдың 28 маусымындағы № 445-ІV және 2007 жылдың 19 желтоқсанындағы № 12-ІV Заңдарымен үшінші мемлекеттерден заңсыз еңбек миграциясына қарсы әрекет ету бойынша серіктестік туралы Келісімі, сонымен бірге 1994 жылдың 15 сәуіріндегі еңбек миграциясы және еңбек етуші мигранттарды әлеуметтік қолдау қатынасында серіктестік туралы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Хаттама бекітілген.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне еңбек миграциясы сұрақтары бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы Заңын жылдам қабылдау талап етіледі.

⁶⁹ Шолу жасауыңызды өтінеміз, Н.Ә. Назарбаев, Еңбекті әлеуметтік жаңарту: *еркін еңбек қоғамына жиырма қадам* // Казахстанская правда, 2012 ж., 10 шілде.

⁷⁰ <http://www.zakon.kz/4483126-uroven-bezroboticy-v-kazakhstan.html>.

⁷¹ <http://www.rus.24.kz/novosti/politika/item/v-mazhilise-rk>.

8. Қазақстанның Балалардың қорымен келтірілген мониторингке сәйкес ҚР-да балаларды ауыр дене еңбегіне тарту жағдайлары жиі кездеседі. Балаларды тартудың негізгі себептерінің бірі Қазақстанда заңсыз жағдайға түскен олардың ата-аналарының ауыр материалдық жағдайы болып табылады.⁷²

Қазақстан Республикасының 2002 жылдың 8-тамызындағы №345-II «Қазақстан Республикасындағы балалар құқықтары туралы» Заңының 16-1-бабы *экономикалық пайдаланудан баланы қорғау құқығы* қарастырылады. Алайда Қазақстанда балалар құқықтарын қорғаудың нақты механизмдері жоқ деуге болады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 13 қаңтарындағы №36 қаулысымен Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрлігінде құрылған Балалар құқықтарын қорғау Комитеті және оның құрылымдық бөлімшелері балалар құқықтарының толық қорғалуын қамтамасыз ете алмайды.

Осыған байланысты Қазақстанда бала құқықтары бойынша Омбудсмен лауазымын құру қажеттілігі туындайды.

9. Жалпы алғанда, орын алған жағдай ҚР еңбек заңнамасын жүйелік қайта қарастыруды талап етеді. Мемлекет ең алдымен жұмыскерлер құқықтарының қорғалуын қамтамасыз етуі қажет. Жұмыскерлер мен жұмыс берушілердің, әсіресе жер қойнауын пайдалану қатынасындағы өзара қарым-қатынастар тәжірибесі көрсеткендей ҚР жұмыскерлер-азаматтар қатынасында кемсітушіліктің дамуына жол бермеу керек. Осы жағдайда қолданыстағы еңбек заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізумен қатар, еңбек сұрақтары жөніндегі тәуелсіз Омбудсмен лауазымын құру қажет.

Еңбек нарығындағы кемсітушілікке байланысты жұмыс берушілерді еңбекақылар туралы ресми ақпараттардың ұсынылуына міндеттеу қажет.

10. Бүгінгі таңда тәжірибеде банк қызметкерлерінің ҚР ЕК 67-бабына қарамастан, жұмыс берушілерден жұмысшылар туралы банк алдындағы соңғылардың берешектігін төлеумен байланысты дербес мәліметтерін алуға ұмтылу жағдайы жиі кездеседі.

Жеке өмірге тиіспеушілікті қорғау және дербес мәліметтерді халықаралық ауыстыру туралы ЭСДҰ ұсыныстарын (1980 жылдың 23 қыркүйегі) ескере отырып, оның дербес мәліметтерін өңдеуде адам мен азамат құқықтарының қорғалуын қамтамасыз ету үшін «Дербес мәліметтер туралы» Заңның қабылдануы талап етіледі.

11. Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылдың 29 қарашасындағы №1474 «Адам және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау жүйесін бұдан әрі жетілдіру туралы» Жарлығымен адам құқықтары бойынша Құзіретті туралы Ережеден бірқатар қолданыстағы құқықтықтар шектелді. Бұл құқықтықтарды адам құқығы жөніндегі Құзіреттігіне қайтару мақсаттылығы ұсынылады.

12. ҚР заңнамасында адамның жайлы қоршаған ортаға деген құқықтарын тиісті қорғау қағидасын енгізу қажет. Бұл қағида оны жүзеге асырудың қолданыстағы тетігімен бекітілуі керек.

Бұл қағиданы жүзеге асыру аясында жер байлығын қолданушыларды жайлы қоршаған ортаға азаматтардың құқықтарын қорғау бойынша Бағдарламаны жасауға міндеттеу қажет. Бағдарламаны жүзеге асырылуына бақылау жасауды ҚР Үкіметіне жүктеуге болады. Мемлекет компанияларды, әсіресе жер байлығын пайдаланушылардың «жасыл» технологияларды қолдануға ынталандыруы тиіс.

⁷² <http://www.trend.az/reports/casia/kazakhstan/1795505.html>.

Мысалы, соңғы жылдарда Еуропа таза қуатты табысты өндіруде. «Жасыл» технологиялар мен қызметтердің ЕС секторы 3 миллион адамды жұмыспен қамтамасыз етті. Сала бәсекеге қабілеттілікті өсіре отырып, үнемі дамуда. Осылайша, ластайтын көлік газдарынан тұншығып отырған Лондонда билік өкілдері 2020 жылға қарай барлық таксилерді пайдаланылған газдың нөлдік шығарылуы бар, таза жанар-жағар майға көшіруді жоспарлауда.

Экологиялық жағдайды жақсарту мақсатында ҚР ҚК 11 тарауына және ӘАҚ 19 тарауына өзгерістер енгізу қажет. Экологиялық заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілікке тартылу шараларын күшейту қажет.

ҚР Президентінің 2011 жылдың 13 сәуіріндегі №47 «ҚР Президентінің кейбір жарлықтарының күшін жоғалтуын мойындау туралы» Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздік Тұжырымдамасының күші жойылған.

Қоғамның экологиялық тұрақты дамуына қол жеткізуге, қоршаған ортаға жасалынатын ықпалды төмендетуді қамтамасыз етуге бағытталған жаңа тұжырымдамалық құжаттың жасалынуы талап етіледі.

Жоғарыда атап көрсетілген ұсыныстар кәсіпкерлік қызмет субъектілерімен адам құқықтарының бұзушылықтарын қорғауға ықпал етуі тиіс.

2013 ж. Ақпан